Келесі сингулярлы ұйытқыған үшінші ретті сызықты дифференциалдық теңдеуді қарастырайық:

$$\varepsilon^2\, y''' + \varepsilon\, \mathrm{A}\, y'' + \mathrm{B}\, y' + C\, y = F \ , \tag{1}$$

мұндағы $\varepsilon > 0$ – кіші параметр, A, B, C, F – белгілі тұрақтылар.

Бұл теңдеуге мынадай шеттік шарттар қойылсын:

$$a_1\, y(0,\varepsilon) + \varepsilon\, a_2\, y'(0,\varepsilon) + \varepsilon^2\, a_3\, y''(0,\varepsilon) = b_1 \ ,$$
$$y'(0,\varepsilon) = b_2 \ , \qquad \int_0^1 y(t,\varepsilon)\, d\, t = b_3 \ , \tag{2}$$

мұндағы $a_i\, , b_i\ (i = \overline{1,3})$ – тұрақтылар.

(1), (2) сингулярлы ұйытқыған шеттік есептен $\varepsilon = 0$ жағдайында

$$\mathrm{B}\,\bar{y}' + C\,\bar{y} = F \ , \qquad \int_0^1 \bar{y}\,(t)\, d\, t = b_3 \tag{3}$$

ұйытқымаған есепті аламыз.

$$\varepsilon^2\, y''' + \varepsilon\, \mathrm{A}\, y'' + \mathrm{B}\, y' + C\, y = 0 \tag{4}$$

біртекті сингулярлы ұйытқыған дифференциалдық теңдеуге сәйкес

$$\varepsilon^2\, \lambda^3 + \varepsilon\, \mathrm{A}\, \lambda^2 + \mathrm{B}\, \lambda + C = 0$$

сипаттаушы теңдеудің түбірлерінің асимптотикалық жуықтаулары

$$\lambda_i(\varepsilon)=\frac{1}{\varepsilon}(\bar{\mu}_i+O(\varepsilon)),\, i=1{,}2 \quad , \quad \lambda_3(\varepsilon)=\bar{\lambda}+O(\varepsilon)$$

түрінде алынды, мұндағы $\bar{\mu}_i$ және $\bar{\lambda}$ – сәйкес

$$\bar{\mu}_i^2+\mathrm{A}\bar{\mu}_i+\mathrm{B}=0 \ , \ \mathrm{B}\bar{\lambda}+C=0$$

теңдеулерінің шешімдері.

Келесі шарттардың орындалуын талап етейік:

I. $\mathrm{A}>0$, $\mathrm{B}\neq 0$, $0\le t\le 1$;

II. $\bar{\mu}_1\neq\bar{\mu}_2$, $\bar{\mu}_i<0$, $i=1{,}2$;

III. $a_1\bar{y}(0)\neq b_1$.

(4) біртекті дифференциалдық теңдеудің келесі іргелі шешімдер жүйесі [1] жұмыстағы жолмен құрылды:

$$\begin{aligned} y_i^{(j)}(t,\varepsilon)&=\frac{1}{\varepsilon^j}(\bar{\mu}_i^j\, z_{io}(t)+O(\varepsilon)),\\ y_3^{(j)}(t,\varepsilon)&=e^{\bar{\lambda}\,t}(\bar{\lambda}^j+O(\varepsilon)), \end{aligned} \tag{5}$$

Мұндағы

$$z_{io}(t)=e^{-\frac{C}{3\bar{\mu}_i^2+2\mathrm{A}\bar{\mu}_i+\mathrm{B}}}\ ,\ i=\overline{1{,}2}\ ,\ j=\overline{0{,}2}\ .$$

Осы іргелі шешімдер жүйесінің көмегімен Вронский анықтауышы құрылып, оның асимптотикалық формуласы

$$W(t,\varepsilon)=\frac{\mathrm{B}}{\varepsilon^3}e^{\left(\frac{\bar{\mu}_1}{\varepsilon}+\frac{\bar{\mu}_2}{\varepsilon}+\bar{\lambda}\right)t}\,(z_{10}(t)\,z_{20}(t)(\overline{\mu_2}-\overline{\mu_1})+\mathrm{O}(\varepsilon))$$

түрінде алынды және $W(t,\varepsilon)\neq 0$ екені анықталды.

Келесі есепті қарастырайық [2]:

$$\begin{aligned} &\varepsilon^2\,\mathrm{K}_\varepsilon'''(t,s)+\varepsilon\,\mathrm{A}\mathrm{K}_\varepsilon''(t,s)+\mathrm{B}\mathrm{K}_\varepsilon'(t,s)+C\mathrm{K}_\varepsilon(t,s)=0,0\le s\le t\le 1\,,\\ &\mathrm{K}_\varepsilon(s,s)=0,\ \mathrm{K}_\varepsilon'(s,s)=0,\ \mathrm{K}_\varepsilon''(s,s)=1. \end{aligned}$$

Бұл Коши есебінің шешімі Коши функциясы деп аталады және $\mathrm{K}_\varepsilon(t,s)=\dfrac{\mathrm{K}_\varepsilon^*(t,s)}{W(s,\varepsilon)}$ формуласымен анықталады, мұндағы $\mathrm{K}_\varepsilon^*(t,\ s)$ анықтауышы $W(s,\varepsilon)$ вронскианның 3-ші жолын (5) іргелі шешімдер жүйесіне алмастырудан шығады.

$\mathrm{K}_\varepsilon(t,\ s)$ Коши функциясы үшін

$$\mathrm{K}_\varepsilon(t,s)=\frac{\varepsilon^2}{(\overline{\mu_2}-\overline{\mu_1})\mathrm{B}}\left[(\overline{\mu_2}-\overline{\mu_1})e^{\bar{\lambda}(t-s)}+(\overline{\mu_1}\frac{z_{20}(t)}{z_{20}(s)}e^{\frac{\overline{\mu_2}}{\varepsilon}(t-s)}-\overline{\mu_2}\frac{z_{10}(t)}{z_{20}(s)}e^{\frac{\overline{\mu_1}}{\varepsilon}(t-s)}+\mathrm{O}(\varepsilon)\right]$$

$$\mathrm{K}_\varepsilon'(t,s)=\frac{\varepsilon}{(\overline{\mu_2}-\overline{\mu_1})\mathrm{B}}\left[\varepsilon\bar{\lambda}(\bar{\mu}_2-\bar{\mu}_1)e^{\bar{\lambda}(t-s)}+\mathrm{B}(\frac{z_{20}(t)}{z_{20}(s)}e^{\frac{\bar{\mu}_2}{\varepsilon}(t-s)}-\frac{z_{10}(t)}{z_{20}(s)}e^{\frac{\bar{\mu}_1}{\varepsilon}(t-s)})+O\left(\varepsilon^2+\varepsilon(e^{\frac{\bar{\mu}_1}{\varepsilon}(t-s)}+e^{\frac{\bar{\mu}_2}{\varepsilon}(t-s)})\right)\right],$$

$$\mathrm{K}_\varepsilon''(t,s)=\frac{1}{(\overline{\mu_2}-\overline{\mu_1})\mathrm{B}}\left[\varepsilon^2\bar{\lambda}^2(\bar{\mu}_2-\bar{\mu}_1)e^{\bar{\lambda}(t-s)}+\mathrm{B}(\bar{\mu}_2\frac{z_{20}(t)}{z_{20}(s)}e^{\frac{\bar{\mu}_2}{\varepsilon}(t-s)}-\bar{\mu}_1\frac{z_{10}(t)}{z_{10}(s)}e^{\frac{\bar{\mu}_1}{\varepsilon}(t-s)})+O\left(\varepsilon^3+\varepsilon(e^{\frac{\bar{\mu}_1}{\varepsilon}(t-s)}+e^{\frac{\bar{\mu}_2}{\varepsilon}(t-s)})\right)\right]$$

асимптотикалық формулалары мен олардан туындайтын

$$|\,\mathrm{K}_\varepsilon(t,s)\,| \le C\varepsilon^2\,,\ \ |K'_\varepsilon(t,s)| \le C\varepsilon(\varepsilon + e^{-\gamma\frac{t-s}{\varepsilon}})\ \ ,\ |\,\mathrm{K}''_\varepsilon(t,s)\,| \le C(\varepsilon^2 + e^{-\gamma\frac{t-s}{\varepsilon}})$$

$(C = const > 0\ \ ,\ \gamma = const > 0)$

асимптотикалық бағалар алынды.

Іргелі шешімдер жүйесі көмегімен келесі анықтауыш құрылды:

$$\Delta_\varepsilon(0,1) = \begin{vmatrix} \alpha_{11} & \alpha_{12} & \alpha_{13} \\ y'_1(0,\varepsilon) & y'_2(0,\varepsilon) & y'_3(0,\varepsilon) \\ \int_0^1 y_1(t,\varepsilon)dt & \int_0^1 y_2(t,\varepsilon)dt & \int_0^1 y_3(t,\varepsilon)dt \end{vmatrix} \ne 0\ ,$$

$$\alpha_{1i} = a_1\,y_i(0,\varepsilon) + \varepsilon a_1 y'_i(0,\varepsilon) + \varepsilon^2 a_2 y''_i(0,\varepsilon),\quad i = \overline{1,3}\,.$$

Бұл анықтауыштың асимптотикалық кескіні

$$\Delta_\varepsilon(0,1) = \frac{1}{\varepsilon}\left[\frac{e^{\bar\lambda}-1}{\bar\lambda}(\bar\mu_2 - \bar\mu_1)(a_0 + a_1\bar\mu_1 + a_2\bar\mu_1^{\,2})(a_0 + a_1\bar\mu_2 + a_2\bar\mu_2^{\,2}) + O(\varepsilon)\right]$$

түрінде табылды.

$\Delta_\varepsilon(0,1)$ анықтауышындағы $i-$ші жолды (5) іргелі шешімдер жүйесіне алмастырып, $\Delta_i(t,\varepsilon)$, $i = \overline{1,3}$ анықтауыштарын құрып,

$$\Phi_i(t,\varepsilon) = \frac{\Delta_i(t,\varepsilon)}{\Delta_\varepsilon(0,1)}\quad ,\ i = \overline{1,3}$$

шекаралық функцияларды аламыз. Бұл функциялар төмендегі шеттік есептердің шешімі болып табылады:

$$\varepsilon^2\Phi'''_i(t,\varepsilon) + \varepsilon\,\mathrm{A}\,\Phi''_i(t,\varepsilon) + \mathrm{B}\,\Phi'_i(t,\varepsilon) + C\,\Phi_i(t,\varepsilon) = 0\,,\qquad i = \overline{1,3}\quad ,$$

$$a_1\Phi_i(0,\varepsilon) + \varepsilon a_2\,\Phi'_i(0,\varepsilon) + \varepsilon^2 a_3\Phi''_i(0,\varepsilon) = \delta_{1i}\quad ,$$

$$\Phi'_i(0,\varepsilon) = \delta_{2i}\quad ,\quad \int_0^1 \Phi_i(t,\varepsilon)dt = \delta_{3i}\quad ,\quad i = \overline{1,3}\quad ,$$

мұндағы $\delta_{\kappa i}\ (\kappa = \overline{1,3})-$ Кронекер символы.

$\Phi_i(t,\varepsilon)\,, i = \overline{1,3}$ шекаралық функциялардың келесі асимптотикалық формулалары алынды:

$$\Phi_1(t,\varepsilon) = \frac{1}{\overline{\mu}_2 - \overline{\mu}_1}\left[\varepsilon\frac{\bar\lambda Q_1}{e^{\bar\lambda}-1} + \bar\mu_2 z_1(t,\bar\mu_1,\varepsilon) - \bar\mu_1 z_2(t,\bar\mu_2,\varepsilon) + \mathrm{O}(\varepsilon^2 + \varepsilon\mathrm{E})\right]\quad ,$$

$$\Phi'_1(t,\varepsilon) = \frac{1}{\varepsilon(\bar\mu_2 - \bar\mu_1)}\left[\varepsilon^2\frac{\bar\lambda^2 Q_1}{e^{\bar\lambda}-1}e^{\bar\lambda t} + \mathrm{B}[z_1(t,\bar\mu_1,\varepsilon) - z_2(t,\bar\mu_2,\varepsilon)] + \mathrm{O}(\varepsilon^3 + \varepsilon\mathrm{E})\right]\quad ,$$

$$\Phi''_1(t,\varepsilon) = \frac{1}{\varepsilon^2(\bar\mu_2 - \bar\mu_1)}\left[\varepsilon^3\frac{\bar\lambda^3 Q_1}{e^{\bar\lambda}-1}e^{\bar\lambda t} + \mathrm{B}[\bar\mu_1 z_1(t,\bar\mu_1,\varepsilon) - \bar\mu_2 z_2(t,\bar\mu_2,\varepsilon)] + \mathrm{O}(\varepsilon^4 + \varepsilon\mathrm{E})\right]\quad ,$$

$$\Phi_2(t,\varepsilon) = \frac{\varepsilon}{\overline{\mu}_2 - \overline{\mu}_1}\left[\varepsilon\frac{\bar\lambda Q_2}{e^{\bar\lambda}-1}e^{\bar\lambda t} + z_2(t,\bar\mu_2,\varepsilon) - z_1(t,\bar\mu_1,\varepsilon) + \mathrm{O}(\varepsilon^2)\right]\quad ,$$

$$\Phi'_2(t,\varepsilon) = \frac{1}{\bar\mu_2 - \bar\mu_1}\left[\varepsilon^2\frac{\bar\lambda^2 Q_2}{e^{\bar\lambda}-1}e^{\bar\lambda t} + \bar\mu_2 z_2(t,\bar\mu_2,\varepsilon) - \bar\mu_1 z_1(t,\bar\mu_1,\varepsilon) + \mathrm{O}(\varepsilon^3 + \varepsilon\mathrm{E})\right]\quad ,$$

$$\Phi_2''(t,\varepsilon)=\frac{1}{\varepsilon\left(\overline{\mu}_2-\overline{\mu}_1\right)}\left[\varepsilon^3\frac{\overline{\lambda}^3 Q_2}{e^{\overline{\lambda}}-1}e^{\overline{\lambda}t}+\overline{\mu}_2^2 z_2\left(t,\overline{\mu}_2,\varepsilon\right)-\overline{\mu}_1^2 z_1\left(t,\overline{\mu}_1,\varepsilon\right)+\mathrm{O}\left(\varepsilon^4+\varepsilon\mathrm{E}\right)\right] \quad ,$$

$$\Phi_3(t,\varepsilon)=\frac{\overline{\lambda}}{\left(e^{\overline{\lambda}}-1\right)\left(\overline{\mu}_2-\overline{\mu}_1\right)}\left[\left(\overline{\mu}_2-\overline{\mu}_1\right)e^{\overline{\lambda}t}+a_0\left(\overline{\mu}_1 z_2\left(t,\overline{\mu}_2,\varepsilon\right)-\overline{\mu}_2 z_1\left(t,\overline{\mu}_1,\varepsilon\right)\right)+\mathrm{O}(\varepsilon)\right] \quad ,$$

$$\Phi_3'(t,\varepsilon)=\frac{\overline{\lambda}}{\varepsilon\left(e^{\overline{\lambda}}-1\right)\left(\overline{\mu_2}-\overline{\mu_1}\right)}\left[\varepsilon\overline{\lambda}\left(\overline{\mu_2}-\overline{\mu_1}\right)e^{\overline{\lambda}t}+\mathrm{B}a_0\left(z_2(t,\overline{\mu_2},\varepsilon)-z_1(t,\overline{\mu_1},\varepsilon)\right)+\mathrm{O}\left(\varepsilon^2+\mathrm{E}\right)\right],$$

$$\Phi_3''(t,\varepsilon)=\frac{\overline{\lambda}}{\varepsilon^2\left(e^{\overline{\lambda}}-1\right)\left(\overline{\mu_2}-\overline{\mu_1}\right)}\left[\varepsilon^2\overline{\lambda}^2\left(\overline{\mu_2}-\overline{\mu_1}\right)e^{\overline{\lambda}t}+\mathrm{B}a_0\left(\overline{\mu_2}z_2(t,\overline{\mu_2},\varepsilon)-\overline{\mu_1}z_1(t,\overline{\mu_1},\varepsilon)\right)+\mathrm{O}\left(\varepsilon^3+\mathrm{E}\right)\right],$$

мұндағы

$$z_i\left(t,\overline{\mu_i},\varepsilon\right)=\frac{z_{i0}(t)}{a_0+a_1\overline{\mu_i}+a_2\overline{\mu_i^2}}\; e^{\frac{\overline{\mu_i}}{\varepsilon}t} \quad , \; i=1,2 \quad ,$$

$$Q_1=\frac{\overline{\mu_2}}{\overline{\mu_1}\left(a_0+a_1\overline{\mu_1}+a_2\overline{\mu_1}^2\right)}-\frac{\overline{\mu_1}}{\overline{\mu_2}\left(a_0+a_1\overline{\mu_2}+a_2\overline{\mu_2}^2\right)} \quad ,$$

$$Q_2=\frac{1}{\overline{\mu_2}\left(a_0+a_1\overline{\mu_1}+a_2\overline{\mu_1}^2\right)}-\frac{1}{\overline{\mu_1}\left(a_0+a_1\overline{\mu_2}+a_2\overline{\mu_2}^2\right)} \quad ,$$

$$\mathrm{E}=e^{\frac{\overline{\mu_1}}{\varepsilon}t}+e^{\frac{\overline{\mu_2}}{\varepsilon}t} \quad .$$

I және II шарттар орындалған жағдайда (1), (2) есепке сәйкес біртекті сингулярлы ұйытқыған шеттік есеп үшін жалғыз $G_\varepsilon(t,s)$ Грин функциясы табылып, оның

$$G_\varepsilon(t,s)=\begin{cases} -\dfrac{1}{\varepsilon^2}\Phi_3(t,\varepsilon)\displaystyle\int_s^1 \mathrm{K}_\varepsilon(t,s)\,dt\,,\; 0\le t\le s \\ -\dfrac{1}{\varepsilon^2}\Phi_3(t,\varepsilon)\displaystyle\int_s^1 \mathrm{K}_\varepsilon(t,s)\,dt+\dfrac{1}{\varepsilon^2}\mathrm{K}_\varepsilon(t,s)\,,\; s\le t\le 1 \end{cases}$$

формуласымен өрнектелетіні және

$$\left|G_\varepsilon(t,s)\right|\le C\,,\quad t\le s\;,\quad s\le t\;;$$

$$\left|G_\varepsilon'(t,s)\right|\le C\left(1+\frac{1}{\varepsilon}e^{-\gamma\frac{t}{\varepsilon}}\right),\quad t\le s\;,$$

$$\left|G_\varepsilon'(t,s)\right|\le C\left(1+\frac{1}{\varepsilon}e^{-\gamma\frac{t-s}{\varepsilon}}\right),\quad s\le t\;;$$

$$\left|G_\varepsilon''(t,s)\right|\le C\left(1+\frac{1}{\varepsilon^2}e^{-\gamma\frac{t}{\varepsilon}}\right),\quad t\le s\;,$$

$$\left|G_\varepsilon''(t,s)\right|\le C\left(1+\frac{1}{\varepsilon^2}e^{-\gamma\frac{t-s}{\varepsilon}}\right),\quad s\le t$$ түрінде бағаланатыны анықталды.

Теорема 1. Егер I , II шарттар орындалса, онда (1), (2) сингулярлы ұйытқыған шеттік есептің $0\le t\le 1$ аралығында жалғыз шешімі бар және оның аналитикалық формуласы [3, 4]

$$y(t,\varepsilon)=b_1\Phi_1(t,\varepsilon)+b_2\Phi_2(t,\varepsilon)+b_3\Phi_3(t,\varepsilon)+F\int_0^1 G_\varepsilon(t,s)\,ds$$

болып табылады. Бұл шешім $\varepsilon\to 0$ үшін келесі түрде бағаланады:

$$|y(t,\varepsilon)| \le C\,(d_2 e^{-\gamma\frac{t}{\varepsilon}} + d_1) \quad ,$$

$$|y'(t,\varepsilon)| \le C\,(\frac{d_2+d_1}{\varepsilon} e^{-\gamma\frac{t}{\varepsilon}} + d_1) \quad ,$$

$$|y''(t,\varepsilon)| \le C\,(\frac{d_2+d_1}{\varepsilon^2} e^{-\gamma\frac{t}{\varepsilon}} + d_1) \quad ,$$

мұндағы $d_1 = |b_3| + |F|,\, d_2 = |b_1| + \varepsilon|b_2|, C > 0$ және $\gamma > 0$ t мен $\varepsilon -$нан тәуелсіз тұрақтылар .

Бұл теоремадан (1), (2) шеттік есептің $y(t,\varepsilon)$ шешімі мен оның бірінші және екінші туындыларының t = 0 нүктесінде

$$y(0,\varepsilon) = O(1),\; y'(0,\varepsilon) = O(\frac{1}{\varepsilon})\;,\; y''(0,\varepsilon) = O(\frac{1}{\varepsilon^2})$$

түрінде өрнектелетіні шығады. Демек, (1) , (2) сингулярлы ұйытқыған шеттік есеп шешімі $\varepsilon \to 0$ кезінде t = 0 нүктесінде нөлінші ретті бастапқы секіріске ие болады.

Теорема 2. Егер I, II, III шарттар орындалса, онда $0 \le t \le 1$ аралығында (1), (2) сингулярлы ұйытқыған шеттік есеп пен (3) ұйытқымаған есеп шешімдерінің $y(t,\varepsilon) - \bar{y}(t)$ айырмасы

$$|y\,(t,\varepsilon) - \bar{y}\,(t)| \le C[\,d_3\, e^{-\gamma\frac{t}{\varepsilon}} + \varepsilon] \quad ,$$

$$|y'\,(t,\varepsilon) - \bar{y}'\,(t)| \le C[\,\frac{d_3}{\varepsilon} e^{-\gamma\frac{t}{\varepsilon}} + \varepsilon] \quad ,$$

$$|y''\,(t,\varepsilon) - \bar{y}''\,(t)| \le C[\,\frac{d_3}{\varepsilon^2} e^{-\gamma\frac{t}{\varepsilon}} + \varepsilon]$$

түрінде бағаланады, мұндағы $d_3 = |b_1 - (a_1\bar{y}(0) + \varepsilon\, a_2\, \bar{y}'(0) + \varepsilon^2\, a_3\bar{y}''(0))| + \varepsilon|b_2 - \bar{y}'(0)|$, ал C > 0 , $\gamma > 0 -$ t және ε –нан тәуелсіз тұрақтылар.

Осы теоремадан

$$\lim_{\varepsilon\to 0}\; y(t,\varepsilon) = \bar{y}(t)\;\;,\;\; 0 \le t \le 1$$

$$\lim_{\varepsilon\to 0}\; y'(t,\varepsilon) = \bar{y}'(t)\;\;,\;\; 0 < t_0 \le t \le 1$$

$$\lim_{\varepsilon\to 0}\; y''(t,\varepsilon) = \bar{y}''(t)\;\;,\;\; 0 < t_0 \le t \le 1$$

шектік теңдіктер алынды, мұндағы $t_0 -$ бекітілген мейлінше аз сан.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *Есимова А.Т. Асимптотические решения краевых задач с начальными скачками для сингулярно возмущенных дифференциальных уравнений: Дисс. ... к.ф.-м.н.- Алматы, 1996.*

2 *Касымов К.А. Сингулярно возмущенные краевые задачи с начальными скачками, Алматы. Санат, 1997.*

3 *Есимова А.Т., Касымов А. Об оценках решений краевой задачи с начальным скачком первого порядка для линейных дифференциальных уравнений третьего порядка // Изв. НАН РК, Сер. физ.-мат. Алматы, 1995. №1. С. 16-21.*

4 *Әбдіманапова М.Ә., Есимова А.Т. Сингулярлы ұйытқыған дифференциалдық теңдеудің шеттік есебінің асимптотикалық бағалары // Абай атын. ҚазҰПУ хабаршысы, физ.-мат. сер., Алматы, 2017, №2(58) , 8-12 б.*

МРНТИ 27.33.17
УДК 519.642.5

Р.С. Ысмағұл[1], *А.Е. Нургельдина*[1]

[1]*А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Қостанай қ., Қазақстан*

ФРЕДГОЛЬМНІҢ ИНТЕГРАЛДЫҚ ТЕҢДЕУЛЕРІН ШЕШУ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада физиканың әртүрлі бөлімдерінде кеңінен қолданылатын интегралдық теңдеулер (сұйықтық бетіндегі толқындар теориясы, кванттық механика, спектроскопия, кристаллография, акустика, анализ және плазманың диагностикасы есептері және т. б.), геофизика (гравиметрия есептері, сейсмиканың кинематикалық есептері), механика (конструкциялардың тербелістері) және т. б. қарастырылған. Физикада соңғы әсер енгізілген кезде, жай дифференциалдық теңдеулер немесе дербес туынды теңдеулері жеткіліксіз болып табылады, басқаша айтқанда бастапқы шарттар болатын жағдайды анықтаушы еді. Алдыңғы күйлердің үздіксіз тізбегін ескеру үшін, интегралдық және интегралдық-дифференциалдық теңдеулерді пайдалану қажет, мұнда интеграл белгісінің астында параметрлердің функциялары беріледі, сонымен қатар қарастырылатын сәттің алдындағы кейбір кезең ішіндегі уақытқа тәуелді жүйені сипаттайды.

Бұл мақалада біз екінші түрдегі Фредгольм интегралдық теңдеулерінің шешімін біртіндеп жуықтау әдісімен және итерацияланған ядролар әдісімен шешуді қарастырдық.

Түйін сөздер: Фредгольмнің интегралдық теңдеулері, біртіндеп жуықтау әдісі, итерацияланған ядролар әдісі.

Аннотация

Р.С. Ысмагул[1], *А.Е. Нургельдина*[1]
[1]*Костанайский государственный университет имени А.Байтурсынова, г.Костанай, Казахстан*

МЕТОДЫ РЕШЕНИЯ ИНТЕГРАЛЬНЫХ УРАВНЕНИЙ ФРЕДГОЛЬМА

В статье рассмотрены интегральные уравнения, которые широко используются в различных разделах физики (теория волн на поверхности жидкостей, квантовая механика, задачи спектроскопии, кристаллографии, акустики, анализа и диагностики плазмы и т.д.), геофизики (задачи гравиметрии, кинематические задачи сейсмики), механики (колебания конструкций) и др. Когда в физике введено последействие, то уже недостаточно обыкновенных дифференциальных уравнений или уравнений в частных производных, иначе начальные данные определяли бы будущее состояние. Чтобы учесть непрерывную последовательность предшествующих состояний, нужно использовать интегральные и интегро-дифференциальные уравнения, где под знаком интеграла фигурируют функции параметров, характеризующих систему, которые зависят от времени в течение некоторого периода, предшествующего рассматриваемому моменту.

В данной статье мы рассмотрели решение интегральных уравнений Фредгольма второго рода методом последовательных приближений и метод итерированных ядер.

Ключевые слова: интегральные уравнения Фредгольма, метод последовательных приближений, метод итерированных ядер.

Abstract

METHODS FOR SOLVING FREDHOLM INTEGRAL EQUATIONS

Ysmagul R. S. [1], *Nurgeldina A. E.* [1]
[1]*A.Baytursynov Kostanay State University, Kostanay, Kazakhstan*

The article deals with integral equations that are widely used in various sections of physics (theory of waves on the surface of liquids, quantum mechanics, problems of spectroscopy, crystallography, acoustics, analysis and diagnostics of plasma, etc.), Geophysics (problems of gravimetry, kinematic problems of seismics), mechanics (vibrations of structures), etc. When the physics introduced aftereffect, it is not enough ordinary differential equations or partial differential equations, otherwise the initial data would determine the future state. To take into account the continuous sequence of previous States, we need to use integral and integro-differential equations, where the sign of the integral appears functions of parameters that characterize the system, which depend on time for some period preceding the moment under consideration.

In this article we have considered the solution of Fredholm integral equations of the second kind by the method of successive approximations and the method of iterated nuclei.

Keywords: Fredholm integral equations, sequential approximation method, iterated nuclei method.

Интеграл таңбасының астында белгісіз функциясы бар болатын болса, онда ол интегралдық теңдеу деп аталады. Келесі түрдегі интегралдық теңдеулер

$$\int_a^b K(x,t)y(t)dt = f(x)$$

және

$$y(x) = \lambda\int_a^b K(x,t)y(t)dt + f(x) \tag{1}$$

Фредгольмнің 1 текті және 2 текті сызықтық интегралдық теңдеулері деп аталады. Мұндағы $y(x)$ - ізделінді функция, $K(x,t)$ және $f(x)$- $[a,b]$ кесіндісіндегі берілген белгілі функциялар. $K(x,t)$ функциясы интегралдық теңдеудің ядросы, ал $f(x)$ - бұл теңдеудің бос мүшесі болып табылады [1].

(1) интегралдық теңдеудің $K(x,t)$ ядросы *өзгешеленген* деп аталады, егер ол келесі түрде берілген болса

$$K(x,t) = \sum_{k=1}^{n} p_k(x)q_k(t).$$

$$y(x) = \lambda\int_a^b K(x,t)y(t)dt + f(x). \tag{2}$$

Фредгольмнің біртекті интегралдық теңдеуі λ параметрінің нөлдік емес мәндері тривиалды емес шешімге ие болатын болса, ол берілген теңдеудің (немесе $K(x,t)$ ядросының) *характеристикалық сандары*, ал шешімдері λ характеристикалық санына сәйкес *меншікті функциялары* деп аталады. $\mu = \dfrac{1}{\lambda}$ сандары интегралдық теңдеудің *меншікті сандары* деп аталады [1].

Біртіндеп жуықтау әдісі

Егер (2) Фредгольм теңдеуінің λ сандық параметрі келесі шартты қанағаттандырса,

$$|\lambda| < \frac{1}{B}, \text{ мұндағы } B^2 = \int_a^b\int_a^b |K(x,t)|^2\, dxdt, \tag{3}$$

онда (1) теңдеу тек бір шешімге ие. Бұл жағдайда ол біртіндеп жуықтау әдісі бойынша табылады. Еркін түрде $y_0(x)$ нөлдік жуықтауды алып, $y_n(x)$ функциялар тізбегін құруға болады:

$$y_1(x) = \lambda\int_a^b K(x,t)y_0(t)dt + f(x),$$

$$y_2(x) = \lambda\int_a^b K(x,t)y_1(t)dt + f(x)$$

$$\ldots \quad \ldots \quad \ldots \quad \ldots$$

$$y_n(x) = \lambda\int_a^b K(x,t)y_{n-1}(t)dt + f(x)$$

$$\ldots \quad \ldots \quad \ldots \quad \ldots$$

Бұл тізбек $y(x)$ шешіміне жинақталады, яғни $\lim\limits_{n\to\infty} y_n(x) = y(x)$ [2].

1 мысал. Біртіндеп жуықтау әдісі бойынша интегралдық теңдеуді шешу керек

$$y(x) = e^x + \frac{1}{2}\int_0^1 e^{x-t}y(t)dt$$

Шешімі: Берілген теңдеуде $\lambda = \dfrac{1}{2}$, ал $K(x,t) = e^{x-t}$.

Сондықтан

$$B^2=\int_0^1\int_0^1|K(x,t)|^2dxdt=\int_0^1\int_0^1 e^{2(x-t)}dxdt=\int_0^1\int_0^1 e^{2x}\cdot e^{-2t}dxdt=\int_0^1 e^{2x}dx\int_0^1 e^{-2t}dt=-\frac{1}{4}e^{2x}\Big|_0^1\cdot e^{-2t}\Big|_0^1=$$

$$=-\frac{1}{4}(e^2-1)(e^{-2}-1)=\frac{(e^2-1)^2}{4e^2},$$

бұдан $B=\dfrac{e^2-1}{2e}$ және $|\lambda|=\dfrac{1}{B}$ шарты орындалады. Нөлдік жуықтау ретінде $y_0=e^x$ алып, келесі жуықтауларды құрайық:

$$y_1(x)=e^x+\frac{1}{2}\int_0^1 e^{x-t}\cdot e^t dt=e^x+\frac{1}{2}\int_0^1 e^x dt=e^x+\frac{1}{2}e^x\cdot t\Big|_0^1=\frac{3}{2}e^x;$$

$$y_2(x)=e^x+\frac{1}{2}\int_0^1 e^{x-t}\,\frac{3}{2}e^t dt=e^x+\frac{3}{4}e^x\cdot t\Big|_0^1=\frac{7}{4}e^x;$$

$$y_3(x)=e^x+\frac{1}{2}\int_0^1 e^{x-t}\,\frac{7}{4}e^t dt=e^x+\frac{7}{8}\int_0^1 e^x dt=\frac{15}{8}e^x.$$

$\{y_n(x)\}$ тізбегінің бірнеше бірінші мүшелерін есептеп, n-ші жуықтауды келесі түрде жазамыз:

$$y_n(x)=\frac{2^{n+1}-1}{2^n}e^x.$$

Дәл шешімін шек түрінде табамыз:

$$y(x)=\lim_{n\to\infty}y_n(x)=\lim_{n\to\infty}\frac{2^{n+1}-1}{2^n}e^x=e^x\lim_{n\to\infty}\left(\frac{2^{n+1}-1}{2^n}\right)=e^x\lim_{n\to\infty}\left(\frac{2^{n+1}}{2^n}-\frac{1}{2^n}\right)=2e^x.$$

2 мысал. Біртіндеп жуықтау әдісі бойынша интегралдық теңдеуді шешу керек:

$$y(x)=e^x+\int_0^1 xe^{x-t}y(t)dt.$$

Шешімі: Берілген теңдеуде $\lambda=1$, ал ядросы $K(x,t)=xe^{x-t}$ болады. Бұдан

$$B^2=\int_0^1\int_0^1|K(x,t)|^2dxdt=\int_0^1\int_0^1 x^2e^{2(x-t)}dxdt=\int_0^1\int_0^1 x^2\cdot e^{2x}\cdot e^{-2t}dxdt=\int_0^1 x^2e^{2x}dx\int_0^1 e^{-2t}dt=$$

$$=-\frac{1}{2}e^{-2t}\Big|_0^1\cdot\int_0^1 x^2e^{2x}dx=\left|\begin{matrix}u=x^2 & dv=e^{2x}dx\\ du=2xdx & v=\frac{1}{2}e^{2x}\end{matrix}\right|=-\frac{1}{2}(e^{-2}-1)\left(\frac{1}{2}x^2e^{2x}\Big|_0^1-\int_0^1 xe^{2x}dx\right)=$$

$$=\frac{e^2-1}{2}\left(\frac{1}{2}e^2-\int_0^1 xe^{2x}dx\right)=\left|\begin{matrix}u=x & dv=e^{2x}dx\\ du=dx & v=\frac{1}{2}e^{2x}\end{matrix}\right|=\frac{e^2-1}{2e^2}\left(\frac{1}{2}e^2-\frac{1}{2}xe^{2x}\Big|_0^1+\frac{1}{2}\int_0^1 e^{2x}dx\right)=$$

$$=\frac{e^2-1}{2e^2}\left(\frac{1}{2}e^2-\frac{1}{2}e^2+\frac{1}{4}e^{2x}\Big|_0^1\right)=\frac{(e^2-1)^2}{8e^2},$$

сәйкесінше $B=\dfrac{e^2-1}{2\sqrt{2}e}$ және $|\lambda|=\dfrac{1}{B}$ шарты орындалады. Нөлдік жуықтау ретінде $y_0=e^x$ алып, келесі жуықтауларды құрайық:

$$y_1(x)=e^x+\int_0^1 xe^{x-t}\cdot e^t dt=e^x+\int_0^1 xe^x dt=e^x+xe^x\cdot t\Big|_0^1=e^x+xe^x;$$

$$y_2(x)=e^x+\int_0^1 xe^{x-t}(e^t+te^t)dt=e^x+\int_0^1 xe^{x-t}\cdot e^t dt+\int_0^1 xe^{x-t}te^t dt=e^x+xe^x+xe^x\int_0^1 tdt=$$

$$=e^x+xe^x+xe^x\cdot\frac{t^2}{2}\Big|_0^1=e^x+\frac{3}{2}xe^x;$$

$$y_3(x)=e^x+\int_0^1 xe^{x-t}\left(e^t+\frac{3}{2}te^t\right)dt=e^x+\int_0^1 xe^{x-t}\cdot e^t dt+\frac{3}{2}\int_0^1 xe^{x-t}te^t dt=e^x+xe^x+\frac{3}{2}xe^x\int_0^1 tdt=$$

$$=e^x+xe^x+\frac{3}{2}xe^x\,\frac{t^2}{2}\Big|_0^1=e^x+\frac{4}{7}xe^x.$$

$\{y_n(x)\}$ тізбегінің бірнеше бірінші мүшелерін есептеп, n-ші жуықтауды келесі түрде жазамыз:

$$y_n(x)=\frac{2^n-1}{2^{n-1}}xe^x.$$

Дәл шешімін шек түрінде табамыз:

$$y(x)=\lim_{n\to\infty}y_n(x)=\lim_{n\to\infty}\left(e^x+\frac{2^n-1}{2^{n-1}}xe^x\right)=e^x+xe^x\lim_{n\to\infty}\left(\frac{2^n}{2^{n-1}}-\frac{1}{2^{n-1}}\right)=e^x+2xe^x=e^x(1+2x).$$

Итерацияланған ядролар әдісі

Егер біртіндеп тізбектеу әдісінде $y_0(x)=f(x)$ деп таңдасақ, онда n-ші жуықтауды есептеуде келесі формуланы алуға болады:

$$y_n(x)=f(x)+\sum_{m=0}^{n}\lambda^{m+1}\int_a^b K_m(x,t)f(t)dt=f(x)+\lambda\int_a^b\sum_{m=0}^{n}\lambda^m K_m(x,t)f(t)dt,$$

бұл жердегі $K_m(x,t)$ итерацияланған ядролары келесі қатынастар арқылы табылады:

$$K_0\equiv K(x,t),\qquad K_m(x,t)=\int_a^b K(x,s)K_{m-1}(s,t)ds.$$

Интеграл астындағы белгі $n\to\infty$ жағдайда келесі түрдегі қатарды аламыз:

$$\sum_{m=0}^{\infty}\lambda^m K_m(x,t).\tag{4}$$

λ-ның кейбір мәндері үшін бұл қатар $K(x,t)$ ядросының *резольвентасы* деп аталатын $R(x,t,\lambda)$ функциясына жинақталады. Бұл жағдайда интегралдық теңдеудің шешімі келесі формула бойынша табылады:

$$y(x)=f(x)+\lambda\int_a^b R(x,t,\lambda)f(t)dt,\tag{5}$$

және де (4) қатардың жинақталу облысы (3) шартта анықталғаннан кеңірек болуы мүмкін.

Жалпы айта келе, (1) интегралдық теңдеудің шешімі (5) формула бойынша табылатын функция ретінде алынған резольвента түсінігі, λ-ның кез келген мәндері үшін орындалады және де теңдеудің тек бір ғана шешімі болады [3].

3 мысал. Интегралдық теңдеуді итерацияланған ядролар әдісімен шешу керек:

$$y(x)=\lambda\int_0^1 xe^{x-t}y(t)dt+e^x;\ \lambda=-2.$$

Шешімі. Итерацияланған ядролар тізбегін табайық:

$$K_0(x,t)=K(x,t)=xe^{x-t};$$

$$K_1(x,t)=\int_0^1 K(x,s)K(s,t)ds=\int_0^1 xe^{x-s}se^{s-t}ds=\frac{1}{2}xe^{x-t};$$

$$K_2(x,t)=\int_0^1 K(x,s)K_1(s,t)ds=\int_0^1 xe^{x-s}\frac{1}{2}se^{s-t}ds=\frac{1}{4}xe^{x-t};$$

$$\ldots\ \ldots\ \ldots\ \ldots$$

$$K_m(x,t)=\left(\frac{1}{2}\right)^m xe^{x-t}.$$

Резольвентаны табамыз:

$$R(x,t,\lambda)=\sum_{m=0}^{\infty}\lambda^m K_m(x,t)=xe^{x-t}\sum_{m=0}^{\infty}\lambda^m\left(\frac{1}{2}\right)^m=xe^{x-t}\frac{2}{2-\lambda}.$$

Берілген қатардың жинақталу радиусы $|\lambda|<2$-ге тең. Берілген теңдеу үшін

$$B^2=\int_0^1\int_0^1|K(x,t)|^2dxdt=\int_0^1\int_0^1 x^2e^{2(x-t)}dxdt=\int_0^1\int_0^1 x^2e^{2x}e^{-2t}dxdt=\int_0^1 x^2e^{2x}dx\int_0^1 e^{-2t}dt=$$

$$=\left|\begin{matrix}u=x^2 & dv=e^{2x}dx\\ du=2xdx & v=\frac{1}{2}e^{2x}\end{matrix}\right|=\left(\frac{e^2}{2}-\int_0^1 xe^{2x}dx\right)\left(-\frac{1}{2}\left(e^{-2}-1\right)\right)=\left|\begin{matrix}u=x & dv=e^{2x}dx\\ du=dx & v=\frac{1}{2}e^{2x}\end{matrix}\right|=\frac{\left(e^2-1\right)^2}{8e^2}$$

$$B=\frac{\left(e^2-1\right)}{2\sqrt{2}e}\quad\Rightarrow\quad\frac{1}{B}\approx 1{,}2.$$

Осылайша, (4) қатардың жинақталу облысы (3) шартқа қарағанда резольвента үшін кеңірек болып шықты. Теңдеудің шешімін (5) формула бойынша табамыз:

$$y(x)=e^x+\lambda\int_0^1 xe^{x-t}\frac{2}{2-\lambda}e^tdt=e^x+\frac{2\lambda xe^x}{2-\lambda}.$$

Егер $\lambda=-2$ болса, онда

$$y(x)=e^x+\frac{2(-2)xe^x}{2-(-2)}=e^x-xe^x=e^x(1-x).$$

Қорытындылай келе, интегралдық теңдеулерді математикалық физика есептерін шешуде қолдануға мүмкіндік беретінін көрдік. Оларды басшылыққа ала отырып, қойылған міндеттерді шешу дағдыларын оңай меңгеруге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Орынбасаров М., Сахаев Ш. Интегралдық теңдеулер курсы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. 213 б.*

2 *Ysmagul R.S., Kolesnikova A.S. On one account system of integro-differential equations in private derivatives of first order. Abai University. Bulletin. “Physics & Mathematical Sciences” №3(63), A.2018. p. 471.*

3 *Попов В.А. Сборник задач по интегральным уравнениям. Казань, 2006. 30 с.*

ФИЗИКА, ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ
ФИЗИКА, МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ФИЗИКИ

МРНТИ 29.15.33
УДК 524.3

Э.М. Ақжігітова[1]*, В.О. Курмангалиева*[1]*, А.Д. Дүйсенбай*[1]*, Н.К. Калжигитов*[1]

[1] *әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы қ., Қазақстан*

«АУЫР ЭЛЕКТРОНДАРДЫҢ» ЛЕПТОНДЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ НЕЙТРОНДЫҚ ЖҰЛДЫЗДАРДА ПАЙДА БОЛУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Жұмыс теориялық және ядролық астрофизиканың жаңа бағытын нейтрондық жұлдыздың қабаттарында аса үлкен қысым арқасында пайда болатын реакцияларды зерттеу арқылы дамытуға арналған. Нейтрондық жұлдыздарға деген қызығушылық оның құрылымының жұмбақтылығымен байланысты. Сонымен қоса үлкен тығыздығы мен өте күшті магниттік және гравитациялық өрісі де бар. Әлсіз әсерлесуге қатысатын бөлшектер тобы, лептондардың барлық физикалық қасиеттері қарастырылған. Лептондық әмбебаптық қасиеттерінің болжамдары талқыланған. Мюонның ыдырауы стандарттық модель аясында зерттелінген. Мюондардың аса тығыз материяда пайда болу жолдары қарастырылған. Мюон Жер бетінде өте тұрақсыз. Оның өмір сүру уақыты бірнеше микросекунды құрайды. Алайда, өте тығыз, нейтрондық жұлдыз құрамында ол тұрақты. Мюондардың аса тығыз жұлдыздар құрамында пайда болуы, яғни электронның мюонға айналуы энергетикалық тиімді. Және де кейбір ядролық реакцияларға қатыса алады.

Түйін сөздер: әлсіз әсерлесу, мюон, СР-инварианттың ауытқуы, Фейнман диаграммасы, нейтрондық жұлдыздар.

Аннотация

,Э.М. Ақжігітова[1]*, В.О. Курмангалиева*[1]*, А.Д. Дүйсенбай*[1]*, Н.К. Калжигитов*[1]
[1]*Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, г.Алматы, Қазахстан*

ЛЕПТОННЫЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ «ТЯЖЕЛЫХ ЭЛЕКТРОНОВ» И ИХ ПРОЯВЛЕНИЯ В НЕЙТРОННЫХ ЗВЕЗДАХ

Работа предназначена для развития нового направления теоретической и ядерной астрофизики путем исследования реакций, возникающие при повышенном давление на слоях нейтронной звезды. Интерес к нейтронным звездам связан с загадкой его структуры. Кроме того, существуют большая плотность и чрезвычайно сильное магнитное и гравитационное поля. Предусмотрены физические свойства лептонов, частиц, участвующие в слабом взаимодействии. Обсужденопроявление лептонной универсальности. Распад мюона был изучен в стандартной модели. Изучены пути возникновения мюонов в более плотной материи. Мюон очень неустойчивая частица на Земле. Его время жизни составляет несколько микросекунд. Однако в очень плотной, нейтронной звезде он стабилен. Появление мюонов в составе более плотных звезд, то есть превращение электрона в мюон энергетически выгодно. Также может участвовать в некоторых ядерных реакциях.

Ключевые слова: слабое взаимодействие, мюон, нарушение СР-инвариантности, диаграмма Фейнмана, нейтронные звезды.

Abstract

LEPTON CHARACTERISTICS OF "HEAVY ELECTRONS" AND THEIR MANIFESTATIONS IN NEUTRON STARS

Akzhigitova E.M. [1]*, Kurmangaliyeva V.O.* [1]*, Duisenbay A.D.* [1]*, Kalzhigitov N.K.* [1]
[1]*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

This work is intended to develop a new direction of theoretical and nuclear astrophysics by studying reactions that occur at high pressure on the crusts of neutron star. Interest in neutron stars is related to the mystery of its structure. In addition, there are a high density, an extremely strong magnetic and gravitational fields. The physical properties of leptons in weak interaction are involved and provided. The manifestation of lepton universality is discussed. The decay of the muon was investigated in the standard model. The ways in which muons occur in denser matter are studied. The muon is a very unstable particle on Earth. Its lifetime is a few microseconds. However, in a very dense, neutron star, it is stable. The appearance of muons in the composition of denser stars, that is, the transformation of the electron into a muon is energetically advantageous. It can also participate in some nuclear reactions.

Keywords: weak interaction, muon, violation of CP invariance, Feynman diagram, neutron stars.

Барлығына белгілі элементар бөлшектердің арасындағы әсерлесудің төрт түрі бар. Олардың бірі әлсіз әсерлесу. Табиғаттағы барлық заттар, бөлшектер бір-бірімен әсерлеседі. Бір қарағанда осындай сан-алуан болып келетін әсерлесулер негізінен іргелі әсерлесу деп аталатын төрт түрлі әсерлесудің нақтылы жағдайда көрініс табуы болып табылады. Іргелі әсерлесуге гравитациялық, электромагниттік, күшті және әлсіз әсерлесулер жатады.

Әлсіз әсерлесу деп фундаменталды әсерлесулердің ішіндегі ең әлсізін атайды. Оны эксперименттерде негізінен кванттық эффектер пайда болатын, элементар бөлшектердің ыдырауы арқылы зерттеледі. Әлсіз әсерлесуді байланыс тұрақтысы G_{Fermi} сипаттайды. Әсерлесудің бұл түріндегі жұптылықтың сақталмауы ерекше қасиет. Оның ашылуынан кейін теоретиктер оң және сол ұғымдарының арасындағы толық симметриялықтың бар екендігін көрсетуге тырысты, алайда ол бұрынғыға қарағанда кең мағыналы ұғым екені байқалды. Айналық шағылуы барлық фундаменталды әсерлесулер үшін инвариантты болуы бөлшектің антибөлшекпен (зарядтық түйіндес С) және токтың алмасуымен жүреді. Алайда кейінірек инварианттылықтың әмбебап еместігі орнатылды. Көп өмір сүретін бейтарап каондардың $\pi+$, $\pi-$ пиондарға әлсіз ыдырауы реакциялары бар. Егер де көрсетілген инварианттық орын алатын болса, онда ол тыйым салынған болар еді. Осылайша әлсіз әсерлесудің басқалардан ажыратылатын қасиеті ол - СР инварианттылықтың болмау қасиеті. Мүмкін бұл қасиет Ғаламдағы заттардың антибөлшектерден құралған антизаттардан басымдығын көрсететін жағдайға жауапты. Әлем және антиәлем симметриялық емес.

Әлсіз әсерлесудің тасымалдауы калибрлік базоны қандай деген сұраққа жауап ұзақ уақыт аралығында табыла қойған жоқ. Біріктірілген электроәлсіз әсерлесу - Вайнберг-Салам-Глэшоу теориясы барысында бұл түсінік қалыптаса бастады. Қазіргі уақытта әлсіз әсерлесуді тасымалдаушы бөлшек ретінде $W^{\pm}$- және Z^0 бозондары саналады. Зарядталған $W^{\pm}$- және бейтарап Z^0 бозондары спиндері 1 болатын, массасы жөнінде шамамен 100 m_p болатын элементар бөлшектер.

Лептондар жартылай спинге ие, күшті әсерлесуге қатыспайтын фундаменталды бөлшектер болып табылады. Олар кварктармен және калибрлі бозондармен бірге Стандартты модельдің бөлігін құрайды. Бізге белгілі лептондардың үш тобы белгілі. Олардың бірінші тобына электрон мен электрондық нейтрино, екінші тобына мюон және мюондық нейтрино, үшінші тобына тау-лептон және тау-нейтрино жатады. Әр топтың өзінің антибөлшектері бар. Сонда әр топтың құрамына теріс зарядталған лептон (заряды $-1e$), оң зарядталған антилептон (заряды $+1e$) және бейтарап нейтрино мен антинейтрино кіреді.

Мюонды алғаш рет ғарыштық сәулелерде тіркелді. Алғашқыда жапондық ғалым Х. Юкаваның гипотезасына сәйкес ядролық күштің тасымалдаушы бөлшегіне ұқсатуға тырысты. Алайда ондай бөлшек атом ядросымен қарқынды әсерлесу керек еді. Сол кездегі деректер бойынша оның затпен әлсіз әсерлесетіні байқалған. Осы «парадокс» Х. Юкаваның болжамдаған қасиеттеріне ие бөлшек, пи-мезон ашылғаннан кейін шешілді. Пи-мезон мюон мен нейтриноға ыдырайды. Мюондарды сипаттайтын барлық физикалық қасиеттер Кесте 1-де көрсетілген.

Кесте 1. Мюонды сипаттайтын физикалық шамалар

Атауы	*Мәні*	*Белгіленуі*	*Өлшем бірлігі*
Мюонның тыныштық массасы	*1,883532711*	m_μ	*10^{-28} кг*
Массаның атомдық бірлігінде мюонның тыныштық массасы	*0,11342891317*	m_μ	*м.а.б.*
Мюонның тыныштық массасы электронвольтта	*105,65838934*	m_μ-$m_\mu c^2/\{e\}$	*МэВ*
Мюонның массасынның электрон массасына қатынасы	*206,7682623*	$\frac{m_\mu}{m_e}$	
Мюонның молярлық массасы	*1,1342891317*	*M(μ)*	*10^{-4} кг/моль*
Мюонның магниттік моменті	*4,490451415*	μ_μ	*10^{-26} Дж*Тл*
Бор магнетонындағы мюонның магниттік моменті	*4,84197*	$\frac{\mu_\mu}{m_b}$	*10^{-3}*
Ядролық магнетондағы мюонның магниттік моменті	*8,890598113*	$\frac{\mu_\mu}{m_n}$	*10^{-3}*
Мюонның магниттік моментінің анеомалиясы	*1,165923084*		*10^{-3}*

Мюонның радиациялық ыдырауын зерттеу, мюонның электрон мен гамма квантқа ыдырауын зерттеуден басталды. Ең алғашқы эксперименттер 1947 жылы $\mu^+ \rightarrow e^+\gamma$ ыдырауы бойынша жүргізілді.

Бірақ Хинкс пен Понтерковоның жүргізген тәжірибелері жемісті болмады. Жұптылықтың сақталмайтындығы ашылғаннан кейін, әлсіз әсерлесудің тасымалдалдаушысы векторлық бозондар екені ашылды. 1958 жылы Фейнберг егер аралық бозон бар болса, онда ол келесі ыдырауды болдыратынын $\mu^+ \rightarrow e^+\gamma$ көрсетті. $\mu^+ \rightarrow e^+\gamma$ процессінің қандай да бір эксперименталдық қадағаулары болмағандықтан, екі нейтриноның бар екендігі туралы гипотезаға әкелді. Гипотеза бойынша нейтрино мюонмен қарпылады және ол электрондық қарпудан ерекшеленеді. Осылайша $\mu^+ \rightarrow e^+\gamma$ процессі тыйым салынған. Екі нейтринолық гипотеза эксперименталды түрде Брукхевен лабораториясында (Brookhaven National Laboratory BNL) пионнан ыдырап шыққан нейтриномен шашыраған мюондарды бақылау жолымен тексерілген. Эксперимент нәтежиесі бойынша, тұйықталған жүйеде күшті, электромагниттік және әлсіз әсерлесулердің әсерінен жүретін барлық процесстерде, әр лептондық сандар L_e, L_μ және L_τ бірдей сақталады [1]. Алайда лептондық зарядтың сақталмауы нейтрино үшін эксперименттің көрсетуі бойынша нейтринолардың арасында нейтринолық осцилляцияға алып келеді.

Заманауи элементар бөлшектер физикасы бойынша біздің түсінігіміз Стандарттық модельге сүйенген (СМ) [2,3,4]. Ол күшті және электроәлсіз әсерлесулердің біріккен теориясы. Стандартты модельдің құрылымы 1960-шы және 1970-шы жылдардағы калибрлік теорияның теориялық өңдеулері негізінде жасалынған. Сол уақыттан бері СМ негізінде көптеген теорияға сәйкес эксперименталдық тексерулер жүргізілген.

Мюон электроннан біршама ауыр болғандықтан, ол потенциалды түрде электронға және едәуір жеңіл бөлшектерге ыдырауы мүмкін. Бұл процесс неліктен болатындығы жұмбақ болған. Элементар бөлшектер физикасының Стандартты моделінде мюон теріс электр заряды және спині ½ болатын тұрақсыз бөлшек. Электрон, τ-лептон, нейтрино мюонмен қосылып, фермиондардың лептондық классын құрайды. Мюонның ыдырауы (Сурет 1-де) $\mu \rightarrow e\nu\bar{\nu}$ – әлсіз ыдырауларды зерттеуді бастайтын процесс. Себебі ол таза лептондық процесс және онда адрондар қатыспайды. Мюондық ыдыраудың басқада модалары, түрлері бар, олар келесі кестеде (Кесте 2) көрсетілген.



Сурет 1. Мюонның ыдырауы Фейнман диаграммасы бойынша көрсетілген

Кесте 2. Мюонның ыдырау каналдары

μ^-мюонның ыдырау каналдары	
Модалар	*Ыдырау ықтималдықтары*
$e^-\nu_\mu\bar{\nu}_e$	$\approx 100\%$
$e^-\nu_\mu\bar{\nu}_e\gamma$	$(6.0\pm0.5)*10^{-8}$
$e^-\nu_\mu\bar{\nu}_e e^- e^+$	$(3.4\pm0.4)*10^{-5}$
$e^-\nu_e\bar{\nu}_\mu$	$< 1.2\%$
$e^-\gamma$	$< 4.2 *10^{-13}$
$e^-e^+e^-$	$< 1.0 *10^{-12}$
$e^- 2\gamma$	$< 7.2 *10^{-11}$

«Ауыр электрондардың» аса тығыз жұлдызда пайда болу жолдары. Мюондардың нейтрондық жұлдыз құрамында пайда болуын Бете-Джонсон теңдеуі арқылы көрсеткен жөн. Бете-Джонсон потенциалы келесі түрде алынады:

$$V_{BJ}(r) = \sum_j C_j \frac{e^{-Jx}}{x} + V_T(r), \quad (1)$$

$$x \equiv \mu r, \qquad \mu \equiv \frac{m_\pi c}{\hbar} = 0{,}7\ \text{Фм}^{-1}. \qquad (2)$$

коэффициенті $j \neq 1$ болғанда эксперименталдық мәндермен салыстырылып алынады. C_1 және тензорлық потенциал бірпиондық алмасу моделіне сәйкес алынады.

Бете мен Джонсон өздерінің көпбөлшекті техникасын гиперондық сұйықтықты да зерттеуге қолданған. Гиперондық сұйық келесі бөлшектерден тұрады: n, p, Λ, Σ және Δ. Массалары 1250 Мэв-тан кіші болатын жеңіл гиперондар нейтрондық жұлдыздардың әдеттегі тығыздықтарында шын мәнінде пайда бола алады екен.

Басқа да бөлшектердің пайда болуын көрсету үшін осы күй теңдеуіне қосу керек. Алдымен мюонның нейтрон, протон және электроннан тұратын идеал газда пайда болуын қарастырамыз. Қалыпты жағдайларда мюон нейтринолар шығару арқылы электронға ыдырап кетеді.

$$\mu^- \to e^- + \nu_\mu + \overline{\nu_e}. \qquad 4)$$

Егер электрондардың Ферми энергиясы қажетті шамадан жоғары болса, онда электрондардың мюонға айналуы энергетикалық тұрақты болады. Сондықтан электрондар мен мюондар арасында тепе-теңдік орнайды:

$$\mu^- \leftrightarrow \mathrm{e}^-. \qquad (5)$$

Мұнда әдетте, жүйеден нейтрино ұшып шығады. Мюонды-электрондық өтулер, тепе-теңдік орын алатын уақыт бізді қызықтырады. Ол үшін реакция жылдамдықтарын табу қажет. Химиялық тепе-теңдік теңдеуін жазатын болсақ:

$$\mu_\mu = \mu_\mathrm{e}, \qquad (6)$$

және де кейбір шамалардың сақталуын талап етеміз (біздің жағдайымызда мысалы, зарядтың сақталу заңы). Нейтрондар, протондар және электрондар арасындағы тепе-теңдіктер келесі теңдеуге алып келеді:

$$\mu_n = \mu_p + \mu_\mathrm{e}, \qquad (7)$$

ал, электрлік бейтараптықтан келесі өрнек шығады:

$$n_p = n_e + n_\mu. \qquad (8)$$

Химиялық потенциал және бөлшектер концентрациясына байланысты белгілі (5) - (8) өрнектерден және тығыздыққа арналған теңдеуден құралған теңдеулер жүйесі арқылы барлық газдардың сипаттамаларын алуға болады. Мысалға, идеалды газ үшін:

$$m_\mu c^2\left(1 + x_\mu^2\right)^{1/2} = m_e c^2(1 + x_e^2)^{1/2}, \qquad (9)$$

$$m_n c^2(1 + x_n^2)^{1/2} = m_p c^2\left(1 + x_p^2\right)^{1/2} + m_e c^2(1 + x_e^2)^{1/2}, \qquad (10)$$

$$(m_p x_p)^3 = (m_e x_e)^3 + (m_\mu x_\mu)^3, \qquad (11)$$

$$\rho = \frac{m_n}{\lambda_n^3}\chi(x_n) + \frac{m_p}{\lambda_p^3}\chi\left(x_p\right) + \frac{m_e}{\lambda_e^3}\chi(x_e) + \frac{m_\mu}{\lambda_\mu^3}\chi\left(x_\mu\right), \qquad (12)$$

мұндағы x – қарапайым Ферми импульстары. Мюонның пайда болуына сәйкес келетін табалдырық шарттар $n_\mu = 0$, $x_\mu = 0$ түрге ие. Электрондар ультрарелятивистік болғандықтан, оларды $x_e \gg 1$ деп санауға болады. Сонда (9) - (11) формулалар келесі түрге енеді:

$$m_\mu = m_e x_e, \qquad (13\ )$$

$$m_n(1 + x_n^2)^{\frac{1}{2}} = m_p\left(1 + x_p^2\right)^{\frac{1}{2}} + m_e x_e, \qquad (14)$$

$$m_p x_p = m_e x_e. \qquad (15)$$

Осылайша,

$$x_n = \left\{\left[\frac{(m_p^2+m_\mu^2)^{\frac{1}{2}}+m_\mu}{m_n}\right]^2 - 1\right\}^{1/2} = 0,4986, \qquad (16)$$

және сонда $x_p = 0,1126$, $x_e = 206,8$ және $\rho = 8,21 \cdot 10^{14}$г/см^3.

Нейтрондық жұлдыздардағы бариондардың толық концентрациясынан газдағы бос гиперондардың салыстырмалы концентрациясы сурет 2-де көрсетілген. Бұл графикте көрсетілген нәтижелер, Кануто жұмысы бойынша [5] концентрацияларды салыстыру арқылы алынған.



Сурет 2. Бариондардың толық концентрациясынан газдағы бос гиперондардың салыстырмалы концентрациясы

Барлық көпбөлшектік есептеу теңдеулері секілді, Бете мен Джонсонның нәтежиелері де айтарлықтай нақты емес. Мюондардың нейтрондық жұлдыздардың пішінделу барысында мюондардың пайда болуы нейтриноның ағыны мен энергиясын көбейтуге алып келеді. Және де ол жұлдыздың жылдамырақ сығылуына септігін тигізеді. Бұл дерекке Германия мен АҚШ–та астрофизиканы сандық модельдеу арқылы қол жеткізді.

Нейтрондық жұлдыз пайда болу уақытында нейтрино оның заттарымен тепе-теңдікке келеді. Содан кейін, бірнеше секунд ішінде кеңістікте шашырай бастайды. Бұл жағдайда электрондық нейтрино ағыны антинейтрино ағынына қарағанда біршама үлкен болады, сондықтан жұлдыз теріс электрондық лептон санына ие болады. Бұл жұлдыздың одан әрі эволюциясын анықтайды және оның зат құрамында протондар аз болуына әкеледі.

Әдетте астрофизиктер асқынжаңа жарылысы түрінде ерте ме кеш жарылып кететін «ыстық» нейтрондық жұлдызды қалыптастыру кезінде мюондардың пайда болуын елемейді. Бұл жуықтаудың негізділігі мюонның үлкен массасы арқылы негізделген, шамамен 105 мегаэлектронвольт, бұл электроннан 207 есе көп. Жас нейтрондық жұлдыз максималды 30 мегаэлектронвольт температураға (шамамен 3,5 × 10^{13} Кельвин) жетуі мүмкін, шын мәнінде бұл өте жақсы себеп емес, өйткені фотонды және электрондардың осы температура бөлу 100 мегаэлектронвольттен жоғары температураға дейін созылады. Сондықтан көшу мюон және антимюондар электрон мен позитрон аннигиляциясы ($e^+ e^- \to \mu^+\mu^-$) немесе екі жоғары энергетикалық фотон ($\gamma\gamma \to \mu^+\mu^-$) реакциясы есебінен пайда болуы мүмкін. Мюон спині жартылай бүтін спинге тең болғандықтан Паули принципіне бағынады (Сурет 3).



Сурет 3. Паули принципіне бағынатын бөлшектер үшін энергетикалық деңгейлер

Нейтрондық жұлдыздың пайда болуын және асқын жаңаның келесі жарқылдарын, мюон мен антимюонның пайда болуын және динамикасын он түрлі реакцияларын есепке ала отырып, модельделді [6]. Ғалымдардың есептеулері релятивистік емес нейтрино гидродинамикасын жұлдыздың эффективті потенциалында сипаттайтын, PROMETHEUS-VERTEX құралы көмегімен жүргізілді. Есептеулердің дәлдігі v/c шамасымен шектеледі, мұндағы v - «жұлдызды сұйықтық» жылдамдығы, ал c - жарық жылдамдығы.

Физиктер жұлдыз массасын Күн массасынан жиырма есе үлкен және зерттелетін нысан айналмайды деп есептеген. Есептеулерді ықшамдау мақсатында ғалымдар екіөлшемді симметриялық емес үлгіде жұмыс жасаған. Есептеулер нәтежиелері мюондарды есепке алғанда және мюондарды есепке алмағанда Сурет 4-те көрсетілген.



Сурет 4.Уақыттың жұлдыз радиусынан (сол жақта) және аккреция жылдамдығынан (оң жақта) тәуелділігі. Есептеулер нәтежиелері мюондарды есепке алғанда – қара сызықпен, мюондарды есепке алмағанда – қызыл сызықпен белгіленген

Нәтижесінде, мюондарды моделге енгізгенде, жұлдыздың қысу жылдамдығы артып, асқын жаңаның жарылысы тезірек жүреді. Сонымен біруақытта, мюондық антинейтрино ағыны едәуір ұлғаяды, бұл сол типтегі нейтрино ағындарынан асып түседі [7,8]. Сондықтан мюондар жұлдыздарда жинала бастайды. Бір қызығы, көптеген мюондар жоғары температура болатын жерлерде жиналады.

Егер электрондардың Ферми энергиясы жоғары болатын болса онда оған мюондық энергетикалық күйге ауысқаны энергетикалық тиімді. Себебі электрондар үшін энергетикалық күйлер Паули принципі бойынша толық болады. Ал мюондар үшін төменірек деңгейге мюонға айналып орналасса тиімді (Сурет 3).

Тау-лептондардың Нейтрондық жұлдыздарда пайда болуын қарастырмадық. Себебі тау-лептон массасы мюонның массасынан едәуір үлкен, ол шамамен 1777 МэВ болады. Бұл дегеніміз, нейтрондық жұлдыз затынын температурасынан алпыс есе, электрон массасынан үш жарым мың есе үлкен деген сөз. Сондықтан тау-лептонның нейтрино мен антинейтрино пайда болуына әсері мардымсыз аз. Мюонданудың нейтрондық жұлдыздың пайда болуына әсерінде атқаратын рөлін анықтау үшін, дәлдеу болып есептелетін үшөлшемді модельді қолданған абзал. Сонымен қоса спин-флейворлық осцилляцияны да есепке алған жөн, ол дегеніміз бір түрдегі нейтриноның екінші түрдегі нейтриноға айналуы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *ALEPH Collaboration, Heister A. et al., Measurement of the Michel parameters and thenu/tau helicity in tau lepton decays// Eur. Phys. J. C - 2001 - Vol. 22 - P. 217-218.*

2 *Weinberg S.,A model of leptons//Phys. Rev. Lett. - 1967.- Vol. 19 - P. 1264-1268.*

3 *Glashow S.L.Partial symmetries of weak interactions//Nucl. Phys.- 1961.- Vol. 22 - P. 579-580.*

4 *Salam A. Elementary particle theory. Svartholm,Stockholm, Almqvist and Wiksel ,1968 - 367 p.*

5 *Шапиро С.Л., Тьюколски С.А. Черные дыры, белые карлики и нейтронные звезды // в 2 ч. / Пер.с англ. - М.: Мир, 1985. Ч.2- С. 400*

6 *BolligR.,JankaH.-T.,LohsA.,Martnez-PinedoG., HorowitzC.J.,MelsonT.,Muon creation in supernova matter facilitates neutrino-driven explosions//[arXiv:1706.04630v2], 17.10.2017*

7 *Haensel P., Potekhin A., Yakovlev D. Neutron Stars, Kluwer Academic Publishers, 2007. - P. 630*

8 *Camenzind M. Compact Objects in Astrophysics. - New York; Berlin Heidelberg: Springer, 2007. - P. 620*

МРНТИ 29.19.21
УДК 543.426; 678.073

STUDY OF THE ELEMENTAL COMPOSITION OF FILLERS OF IRRADIATED POLYMERIC COMPOSITE BY THE METHOD OF X-RAY FLUORESCENCE ANALYSIS

Baimolda D.[1]*, Cechak T.*[2]*, Tlebaev K. B.*[1]

[1]*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*
[2]*Czech Technical University, Prague, Czech Republic,*

Abstract

The article studies the elemental composition of the fillers (polytetrafluoroethylene and carbon nanopowder) of the polymer composite depending on various concentrations of fillers and electron irradiation and modified polytetrafluoroethylene (PTFE). The elemental composition of the fillers and their distribution over the depth of the polymer composite and modified polytetrafluoroethylene were studied by X-ray fluorescence analysis (XRFA) and confocal micro-X-ray analysis.

X-ray spectra of the polymer composite and modified polytetrafluoroethylene were obtained. It has been established that an increase in the concentration of one component and an irradiation dose leads to a weakening of the intensities of the spectra of the polymer composite and modified polytetrafluoroethylene.

Keywords: elemental composition, filler, polymer composite, electron irradiation, polytetrafluoroethylene, X-ray fluorescence analysis;

Аннотация

Д. Баймолда[1]*, Чехак Т.* [2]*, К.Б. Тлебаев* [1]
[1]*Казахский Национальный Педагогический Университет им. Абая, Алматы, Казахстан*
[2]*Чешский Технический Университет, Прага, Чехия*

ИССЛЕДОВАНИЕ ЭЛЕМЕНТОГО СОСТАВА НАПОЛНИТЕЛЕЙ ОБЛУЧЕННОГО ПОЛИМЕРНОГО КОМПОЗИТА МЕТОДОМ РЕНТГЕНОФЛУОРЕСЦЕНТНОГО АНАЛИЗА

В статье исследованы элементный состав наполнителей (политетрафторэтилена и нанопоршок углерода) полимерного композита в зависимости от различных концентраций наполнителей и электронного облучения и модифицированного политетрафторэтилена (ПТФЭ). Элементный состав наполнителей и их распределение по глубине полимерного композита и модифицированного политетрафторэтилена исследовали методом рентгенофлуоресцентного анализа (РФА) и конфокального микро-РФА-анализа.

Получены рентгеновские спектры полимерного композита и модифицированного политетрафторэтилена. Установлено, что увеличение концентрации одной компоненты и дозы облучения приводят к ослаблению интенсивностей спектров полимерного композита и модифицированного политетрафторэтилена.

Ключевые слова: элементный состав, наполнитель, полимерный композит, облучение электронами, политетрафторэтилен, рентгенофлуоресцентный анализ.

Аңдатпа

Д. Баймолда[1]*, Чехак Т.* [2]*, К.Б. Тлебаев* [1]
[1]*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Казахстан*
[2]*Чехия Техника Университеті, Прага қ., Чехия Республикасы*

СӘУЛЕЛЕНДІРІЛГЕН ПОЛИМЕРЛІ КОМПОЗИТ ТОЛТЫРҒЫШТАРЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТТІК ҚҰРАМЫН РЕНТГЕНФЛУОРЕСЦЕНЦИЯ ӘДІСІМЕН ЗЕРТТЕУ

ҚООЭ үлгісін одан әрі дамыту «металды ҚООЭ» (MS-SOFC) деп аталатын үшінші буынының пайда болуына әкелді. MS-SOFC - бұл ҚООЭ қазіргі таңдағы өте қарқыныд дамып келе жатқан түрі және ол жоғарыда аталған мәселелерді шешуге толық мүмкіндігі бар коммерцияландыруға перспективті үміткер болып табылады [4].

4-суретте ҚООЭ әртүрлі буындарының салыстырмалы сипаттамалары келтірілген. ES-SOFC жағдайында электродтардың жұқа қабаттарының (~50 мкм) механикалық тіреуіші болып саналатын Y_2O_3 тұрақтандырылған ZrO_2 (YSZ) электролиті қалың (>150 мкм) қабаттан жасалған. ҚООЭ үшін омдық поляризациялану құбылысы электролиттің қалыңдығымен байланысты. 4-суреттен көрініп тұрғандай ES-SOFC үшін электролиттің қалыңдығы жоғары болғандықтан оның меншікті кедергісі де арта түседі.

Электролиттің меншікті кедергісі жұмыс температурасын арттыру арқылы азайтылуы мүмкін, себебі ҚООЭ типтік электролиттік өткізгіштігі Аррениус тәуелділікті температураны көрсетеді. Сондықтан бұл ұяшықтар электролиттің (~20 Ом·см^2) жеткілікті төмен үлес кедергісіне жету үшін~1000°C жоғары температурада пайдаланылады.

ҚООЭ келесі буыны анод негізіндегі ҚООЭ (AS-SOFC). Аталған буын үшін дәстүрлі анодты ұяшықтар қалың тіреуіш қабаттан жасалды және ол берік механикалық құрылымға әкеледі деп болжанды (сурет 4).



Thickness of non supporting layers is between 10-50μm in all the designs

Сурет 4. ҚООЭ әртүрлі буындарының салыстырмалы сипаттамалары

Алайда анод қабаты тотығу-тотықсыздану реакциясы кезінде сынуға және бүлінуге бейім болып келетін қымбат керамикалық немесе борпылдақ материалдан жасалды. Қарапайым анодтық тіреуіш қабаты температураның жылдам өзгерісіне ұшыраған кезде термиялық соққыларға қарсылығы төмендейді және ұяшықтарда жарықтар пайда болады. Сонымен қатар, Ni-YSZ негізіндегі ұяшықтар тотығу-тотықсыздану реакциясы жүргенде, тіпті баяу қыздырған кезде де керамикалық құрылымының өзгерісіне байланысты тезірек істен шығады [5].

ҚООЭ үшін металл тіреуіштерді (MS-SOFC) пайдалану жоғарыдағы мәселелерді толықтай шешеді және арзан болып табылады (сурет 4) . Қазіргі таңда металл тіреуіші негізіндегі құрылымдар тірек негізі ретінде керамикалық электродтар немесе электролиттер қолданылатын ҚООЭ салыстырғанда тез іске қосу, толық сенімділік, механикалық тұрақтылық, жылу цикліне төзімділігінің жоғарылығы сияқты маңызды факторларымен үлкен қызығушылық тудыруда. Сонымен қатар отын элементтерінің құны тірек қызметі ретінде кеуекті металл пластиналарын қолданған кезде төмендеуі мүмкін, мұнда электрод немесе электролиттер жұқа пленка түрінде орналастырылады. Көптеген жағдайларда ҚООЭ металл тіреуіштері ретінде тот баспайтын болаттар қолданылады, себебі олардың жылулық кеңею коэффициенттері (ЖКК) отын элементтері компоненттерінің ЖКК жақын және тотығуға тұрақты болады [6].

3. Жұмыстарды талдау

Уақыт өте келе ҚООЭ үшін металл тіреуіші ретінде бірнеше металдар тобы іріктелді. Оларды іріктеудің критерийлері төмендегідей болды:

1. Қыздыру және салқындату кезінде басқа ҚООЭ материалдарымен үйлесімділігі
2. Тотығуға жоғары төзімділігі.
3. Термоциклденуге жоғары тұрақтылығы.
4. Жоғары электр өткізгіштігі.
5. Материалдар құны

Жоғарыдағы критерийлер бойынша таңдалған металдар құрамына Ni, FeNi, FeCr, NiCrAlY және ферритті тот баспайтын болат кіреді. Tucker және бірлескен авторлардың [7] ойынша FeCr негізіндегі тот баспайтын болаттар металл тіреуіші ретінде құнының төмендігі, жоғары температуралық тотығуға төзімділігі және YSZ-ге ұқсас ЖКК болуымен байланысты қолданылады. Cr ферритті тот баспайтын болат құрамында әдетте 10,5-26% аралығында болады. Төменде 1-кестеде тот баспайтын болаттардың бірі болып саналатын UNS 430 және UNS 440 құрамындағы элементтерінің пайыздық үлесі көрсетілген.

Xia және бірлескен авторлар [8] өз жұмыстарында MS-SOFC тіреуіші ретінде тот баспайтын SS-430L болатын қолданды, нәтижесінде отын элементінің максимальді қуат тығыздығы 700°C температурада 246 МВт/см^2 болды. Сол сияқты келесі автордың жұмысында хромның белгілі бір мөлшерде тотығуы SS-430L құрылымының бүлінуіне және электрлік тізбектің ажыратылуына әкелуі мүмкін екені баяндалған.

Кесте 1. ҚООЭ үшін металл тіреуіші ретінде қолданылатын тот баспайтын болат компоненттерінің құрамы

Элемент	*Салмақтық пайыз*	
	430 тот баспайтын болат (%)	*440 тот баспайтын болат (%)*
Cr	*16-18*	*16-18*
Mn	*<1*	*<1*
Si	*<1*	*<1*
P	*<0.04*	*<0.04*
S	*<0.03*	*<0.03*
C	*0.12*	*0,95-1.2*
Mo	*-*	*0.75*
Fe	*қалдық*	*қалдық*

[9] жұмыста Такер катод жағындағы (ауа қатысында) тот баспайтын SS-430L болатының 1200 сағаттық жұмысы кезінде хром торшасының қалыңдығы шамамен 0,9 мкм болатындығын анықтаған. Ферритті тот баспайтын болаттың тағы бір мәселесінің бірі − оның құрамында кремний мен алюминийдің болуы. Аталған екі элемент те жұмыс кезінде электр өткізбейтін оксидтер түзуі мүмкін.

Бұған дейін белгілі болғандай тот баспайтын болат құрамындағы кремнийдің мөлшері 0,017% болса да тотығуға ұшырайды.

Тот баспайтын SS-430L болаты сияқты Fr-Cr негізіндегі басқа да қорытпалар, мысалы Crofer 22APU және 22H металл тіреуіші ретінде қолданылды. Олардың құрамындағы хромның массалық үлесі 20-24% аралығында болғандықтан тотығуға төзімділігі жоғары болады. 800°С температурада ауаның 200 сағаттық әсері кезінде Crofer 22 APU қорытпасының (0,02-0,03 Ом.см^2) меншікті кедергісінің ауданы жоғарыдағы температурада ауаның 30 сағаттық әсері кезінде тот баспайтын SS-430L (0,1 Ом.см^2) болатының меншікті кедергісінің ауданымен салыстырғанда төмен болды [10]. Сараскета-Забала және бірлескен авторлар 800°С температурада 50% ылғалдандырылған сутегі жағдайында Crofer 22 APU қорытпасының тотығуын зерттеді. Олар хром қағы қалыңдығының өсу қарқыны алғашқы 500 сағатта байқалатынын, ал одан кейін 4500 сағатқа дейін оның мөлшері баяулай түсетінін байқаған. 3000 сағат ішінде хром қағының қалыңдығының мөлшері небәрі 1,6 мкм болған [11].

Жоғарыдағы материалдардың елеулі кемшілігі олардың құрамында хромның болуы яғни ол ҚООЭ (800°С жуық) жұмыс температурасы кезінде отындық ұяшықты ұзақ пайдалану нәтижесінде анодты бұзатын және оның электрохимиялық сипаттамаларын нашарлататын Cr_2O_3 типті қосылысын түзуі болып табылады. Қазіргі таңда жоғарыдағы қарастырылған темір негізіндегі материалдардан басқа көптеген дүниежүзіндегі зерттеулер никель негізіндегі материалдарға да шоғырланған. Жоғары температура жағдайында металл негізіндегі Fr, Cr сияқты элементтер анод құрамындағы Ni әрекеттесіп, нәтижесінде никельдің каталитикалық активтілігі төмендейді. Бұл мәселені шешу үшін металл негізі мен анод арасына диффузиялық тосқауыл қабатын орналастырады. Хромның никельмен әрекеттесуін болдыртпаудың келесі әдісі Ni негізіндегі Ni-Fe немесе Ni-Al сияқты биметалды қосылыстарды дайындау болып табылады [12].

[13] жұмыста иттриймен тұрақтандырылған цирконий диоксиді (YSZ) электролитімен Ni-Al тіреуіші негізіндегі ҚООЭ зерттелді. Алайда Ni-Al ЖКК (800°С температурада ~15×10^{-6} K^{-1}) YSZ электролитінің ЖКК ($10.7–11\times10^{-6}$ K^{-1}) салыстырғанда әлдеқайда жоғары болады. Ni-Al ЖКК төмендету үшін материал құрамына төмен ЖКК бар затты қосады. [14] жұмыста Ni-Al қоспа ретінде келесідей керамикалық заттарды қолданды: ZrO_2, $ZrO_2 – SiO_2$, Al_2TiO_5, Al_2O_3 және анықталмаған XO_2. Нәтижесінде 35-40% инертті XO_2 оксидінің қоспасы алынған композиттің ЖКК 12×10^{-6} K^{-1} дейін төмендететіні анықталды.

[15] жұмыста алынған Ni-Al-CGO материалының құрылымы мен жылулық жарылыс параметрлеріне гадолинийймен бүркілген церий оксиді ($Ce_{0.9}Gd_{0.1}O_2$ или CGO) қоспасының әсері зерттелді. CGO өзінің жоғары ионды өткізгіштігінің арқасында (YSZ үшін $4.37\cdot10^{-3}$ См/м өткізгіштігімен салыстырғанда 500ºС температурада $9.50\cdot10^{-3}$ См/м) 700ºС төмен температурада жұмыс істейтін ҚООЭ электролиті ретінде қарастырылады. Жоғары ионды өткізгіштіктен басқа CeO_2 негізіндегі қатты электролиттер бөлме температурасынан бастап балқу температурасына дейінгі аралықта фазалық ауысулардың болмауымен сипатталады.

Көмірсутекті отындардың тікелей тотығуы мен электродтық материалдардың химиялық тұрақтылығына қатысты каталитикалық белсенділік оларды орташа температурадағы (600-700°С) қатты оксидті отын элементтеріне қолдану мүмкіншілігін анықтайды. Ni-Al металл тіреуіші негізіндегі ҚООЭ CGO қоспасын қосу оның ЖКК төмендетіп қана қоймай, Ni/CGO анодының және CGO электролитінің металл негізімен адгезиясын ҚООЭ өндіру кезеңінде де, оларды пайдалану кезеңінде де жақсартады.

4. Қорытынды

Жоғарыдағы қысқаша шолу мақалада ҚООЭ үш буыны жеке-жеке салыстырылды, нәтижесінде қазіргі таңда металл тасымалдаушы негізіндегі қатты оксидті отын элементтері (MS-SOFC) сутегі энергетикасының перспективті электрохимиялық құрылғысы болатындығы анықталды. Олар керамикалық электродтар немесе электролиттерді тіреуіш ретінде пайдаланатын ҚООЭ салыстырғанда жылдам іске қосу, үлкен сенімділік, механикалық тұрақтылық, жылу циклына төзімділігі арқасында үлкен қызығушылық тудырады.

Тіреуіш металл негізі отын ұяшығына керамикалық тіреуішті электродтағы немесе электролиттегі ұяшықтармен салыстырғанда үлкен механикалық беріктікті қамтамасыз етуге қабілетті, осыған байланысты мұндай құрылым мобильді автономды энергия қондырғыларында қолдану үшін маңызды болып табылады. Шолуда осы тақырып бойынша (металл тіреуіші негізі) әлемдегі жетекші ғалымдардың жұмыстары жан-жақты талқыланды.

Олардың жұмыстарын салыстыра отырып қазіргі таңда металл тіреуіші негізіндегі ҚООЭ арасында ең песпективтісі Ni-Al негізіндегі ҚООЭ екендігі айқындалды. Себебі Ni-Al металл тіреуіші негізіндегі ҚООЭ диффузиялық тосқауыл қабат CGO қоспасын қосу оның ЖКК төмендетіп қана қоймай, Ni/CGO анодының және CGO электролитінің металл негізімен адгезиясын ҚООЭ өндіру кезеңінде де, оларды пайдалану кезеңінде де жақсартады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Badwal S.P. Review of progress in high temperature solid oxide fuel cells / S.P Badwal, S. Giddey, C. Munnings, A. Kulkarni // J. Aust. Ceram. Soc. - 2014. - Vol. 50. - P.23–37.

2 Mahmud L.S. Challenges in fabricating planar solid oxide fuel cells: a review / L.S Mahmud A. Muchtar , M.R Somalu // Renew Sustain Energy Rev. - 2017. - Vol.72(C). - P.105-116. DOI: https://doi.org/10.1016/ j.rser.2017.01.019

3 Mahato N. Progress in material selection for solid oxide fuel cell technology: A review / N. Mahato, A. Banerjee, A. Gupta, S. Omar , & K. Balani // Progress in Materials Science. - 2015. - Vol.72. - P.141–337. DOI:10.1016/j.pmatsci.2015.01.001

4 Bove R. Solid Oxide Fuel Cells: Principles, Designs and State-of-the-Art in Industries / R. Bove // Recent Trends in Fuel Cell Science and Technology. - 2007. - P.267-285

5 Joshi A.V. Solid Electrolyte Materials, Devices, and Applications / A.V Joshi, J.J Steppan, D.M Taylor, and S Elangovan // Journal of Electroceramics. - 2004. - Vol.13. - P.619-625

6 Williams M.C. Solid Oxide Fuel Cells: Fundamentals to Systems / M.C Williams // Fuel Cells. - 2007. - №1. - P.78-85.

7 Tucker M.C. Progress in metal-supported solid oxide fuel cells: A review / M.C Tucker // J.Power Sources. - 2010. - Vol.195. - P.4570-4582. DOI:10.1016/j.jpowsour.2010.02.035.

8 Xia C. Development of three-layer intermediate temperature solid oxide fuel cells with direct stainless steel based anodes / C. Xia, Z. Liu, B. Liu, D. Ding, Z. Jiang // Int J Hydrogen Energy. - 2012. - Vol.37. - P.4401-4405. DOI:10.1016/j.ijhydene.2011.11.115.

9 Tucker M.C Stability and robustness of metal supported SOFCs / M.C Tucker, G.Y Lau, C.P Jacobson, L.C De Jonghe and S.J Visco // Journal of Power Sources. - 2008. - Vol.175. - P.447–451.

10 Molin S. Evaluation of porous 430L stainless steel for SOFC operation at intermediate temperatures / S. Molin, B. Kusz, M. Gazda, P. Jasinski // J.Power Sources. - 2008. - Vol.181. - P.31-37. DOI:10.1016/j.jpowsour.2007.10.009

11 Sarasketa-Zabala E. High temperature stability of porous metal substrates under highly humidified hydrogen conditions for metal supported Solid Oxide Fuel Cells / E. Sarasketa-Zabala, L. Otaegi, L.M Rodriguez-Martinez, M.A Alvarez, N. Burgos, F. Castro et.al // Solid State Ionics. - 2012. - Vol. 141. - P.16-18

12 Sadykov V.A. Design of Medium-Temperature Solid Oxide Fuel Cells on Porous Supports of Deformation Strengthened Ni-Al Alloy / V.A Sadykov, V.V Usoltsev, Yu.E Fedorova, V.A Sobyanin, A.N Salanov, P.V Kalinin, A.V Arzhannikov, A.Yu Lasso, M.B Korobeinikov, A.A Bryazgin, M.R Predtechenskii, O.F Bobrenok, A.S Ulikhin, N.F Uvarov, O.L Smorygo, A.F Il'yushchenko, V.Yu Ul'yanitskii, S.B Zlobin // Russ. J. Electrochem. - 2011. - Vol.47. - P.488-493. DOI:10.1134/S1023193511040148

13 Solovyev A.A. Solid Oxide Fuel Cell with Ni-Al Support / A.A Solovyev, S.V Rabotkin, A.V Shipilova, A.I Kirdyashkin, I.V Ionov, A.N Kovalchuk, A.S Maznoy, V.D Kitler, A.O Borduleva // Int.J.Hydrogen Energy. - 2015. - Vol.40. - P. 14077-14084. DOI:https://doi.org/10.1016/j.ijhydene.2015.07.151

14 Windes W.E A Low CTE Intermetallic Bipolar Plate / W.E Windes, L.D Zuck, E.L Shaber, A.E Erickson, P.A Lessing// Proceedings of the Electrochemical Society. - 2003. - Vol.7. - P.879-887. DOI:10.1149/200307.0879PV

15 Kharton V.V. Transport Properties of Solid Oxide Electrolyte Ceramics: a Brief Review / V.V Kharton, F.M Marques, A. Atkinson// Solid State Ionics. - 2004. - Vol.174. - P.135-149. DOI: https://doi.org/10.1016/j.ssi.2004.06.015

МРНТИ 29.15.19
УДК 539.128.417

Е.Қ. Сайлаубеков ^{1}*, А.К. Морзабаев* ^{1}

^{1}*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан*

АЛЬФА-БӨЛШЕКТЕРДІ БЕРУ РЕАКЦИЯЛАРЫН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа

Бұл мақала ядролық кластер физикасын дамыту үшін, ядролық физиканың мүмкіндіктерін ұсынады. Бірнеше нуклондардың топтары құрамдас кластерлер ретінде әрекет ететін еркіндік дәрежелері ядролық құрылымның негізгі аспектілерінің бірі, сол себепті де кластерлеудің негізі гелий ядролары (α-бөлшектер) екені ескерілген. Бұл мақалада жаңа кванттық орталардың іргелі компоненттері ретінде кластерлік бірігулердің және жинақталмаған ядролардың әртүрлі типтерін зерттеу мәселесі қарастырылған. Кейбір кластерлі ядролардың толық синтез әсерінен α-бөлшектерді беру реакцияларының эксперимент нәтижелері ұсыныла отырып, сол реакциялардың формуласы көрсетілген. Атап айтқанда, осы жұмыста «кластерлі ядро моделі»- деп аталатын моделіне үлкен көңіл бөлінеді, ол ядролардың қоздырылған күйлерін сипаттайды, яғни гелий ядролары. Бұл жұмыстың ең маңызды мақсаттарының бірі – басқа мақалалардың авторларына сүйеніп, альфа-бөлшектерді беру реакцияларын зерттеу жұмыстарындағы автордың қол жетімді деректерін мұқият өңдеу, және оларды ядролардың кластерлік модельдерін бүгінгі жаңа модельдермен салыстыру, жаңа үлгілерді анықтау, оларды түсіндіру. Мақала авторы журнал мақалаларында және «жеке байланыс» түрінде әр түрлі көздерден эксперименттік деректер алды. Мақалалық жұмыстың тиісті жерлерінде дереккөздерге сілтеме бар.

Түйін сөздер: α-бөлшектер, нуклондарды беру реакциялары, кластерлі ядролар, реакция каналдары, ауыр иондар, ядролық байланыс күштері.

Аннотация

Е.К. Сайлаубеков^{1}*, А.К. Морзабаев*^{1}

^{1}*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г.Нур-Султан, Казахстан*

ИССЛЕДОВАНИЕ РЕАКЦИЙ ПЕРЕДАЧИ АЛЬФА-ЧАСТИЦ

В статье представлены возможности ядерной физики для физики ядерных кластеров. Уровни свободы, когда множественные группы нуклонов действуют как кластеры, являются одним из ключевых аспектов ядерной структуры, поэтому ядра гелия (α-частицы) являются основой для кластеризации. В этой статье рассматриваются исследования различных типов кластерных сборок и ядер как фундаментальных компонентов новых квантовых сред. Приведены формулы реакций переноса α-частиц при полном синтеза некоторых кластеров. В частности, большое внимание уделяется так называемой «модели кластерного ядра», которая описывает возбужденные состояния ядер, то есть ядер гелия. Одна из важных целей этой статьи - тщательно уточнить имеющиеся у автора данные в исследованиях переноса альфа-частиц, опираясь на авторов других статей и сравнивая их кластерные модели ядра с современными моделями, выявляя и интерпретируя эти модели. Автор статьи получил экспериментальные данные из различных публикаций в рецензируемых журналах и через личные контакты. В статье есть ссылки на источники, где это уместно.

Ключевые слова: α-частицы, реакции переноса нуклонов, кластерные ядра, каналы реакций, тяжелые ионы, силы ядерной связи.

Abstract

RESEARCH OF ALPHA-PARTICLE TRANSFER REACTIONS

Sailaubekov E. K ^{1}*, Morzabayev A.K.* ^{1}

^{1} *L.N. Gumilyov Eurasian National University , Nur-Sultan, Kazakhstan*

This paper presents the capabilities of nuclear physics for the development of nuclear cluster physics. Frequencies of several nucleons, acting as component clusters, are one of the key aspects of the nuclear device. Therefore, the basis for the clustering was helium nuclei (α-particles). This article explores the different types of cluster ensembles and different types of unmanaged nuclei as the fundamental components of new quantum environments.

The experimental results of the α-particle transfer reactions under the complete synthesis of some of the cluster nuclei show the formula for those reactions. Specifically, this work focuses on the so-called "cluster nucleus model" - a model that describes the excited states of the nuclei, ie helium nuclei. One of the most important goals of this work is to carefully analyze the author's available data on research of alpha-particle reactions and to compare them with today's promising models of nuclei, to identify and explain new patterns. The author of the article received experimental data from various publications in journal articles and "personal contact". Relevant sources in the article have reference to sources.

Keywords: α-particles, nucleon transfer reactions, cluster nuclei, reaction channels, heavy ions, nuclear forces.

Кластерлі ядролық модельдерде (^{12}C, ^{16}O және т.б.) протондар мен нейтрондардың тең саны бар жеңіл ядролардың бар екендігін көрсететін себептер бар болып шыққан. Ол α-бөлшектің аномальды түрде үлкен тұрақтылығының болуымен түсіндіріледі. Мәселен, α –бөлшекте, нуклонның байланыс энергиясы шамамен 20 МэВ деп алынды (мысалы, көптеген ядроларда шамамен 7 МэВ қана).

XXI-ші ғасыр басында нуклондардың кластерлі құбылысы эксперименталды түрде жақсы анықталған болатын. Соның ішінде ең жиі кездесетін α-бөлшектер кластерлері. Олар төрт нуклонның бірігуін білдіреді (екі нейтрон, екі протон). Ядрода кластерлердің болуы тәжірибе жүзінде байқалатын құбылыстар: осы кластерлердің бөлінуімен ядроның ыдырау ықтималдығының артуы, осы кластерлердің берілуімен жүретін реакция қимасының жоғарылауы (мысалы, ^{12}C + ^{6}Li → ^{16}O + ^{2}H реакциясындағы α –бөлшектерінің берілу реакциясы) және т.б.

Алғашқы болып, α-бөлшектердің модельдеріне жақсы сәйкес келген, α-кластерлік ядроның ең жарқын мысалы - ^{8}Be. Оның төменгі энергетикалық деңгейлері, жалпы ауырлық центрі айналасында, α - бөлшектерінің ығысуына сәйкес келеді. Бұл ядроның басқа күйлері жоқ (ал қозу энергиясы шамамен 17 МэВ дейін). Тағы бір қызық жайт – ауыр ядролы кластерлік бірігулер. Мысалы, ықтималдығы жоғары кейбір қозған күйлердегі ^{24}Мг, ол ядро ^{12}C + ^{12}C жүйесі түрінде бірігуі мүмкін. Мұндай бірігулер ядролық квазимолекулалар деп аталады [1].

Әдетте, кластерлік күйлер ядролардың беткі қабатында пайда болады. Бұл ядроның барлық нуклондарынан түзілетін орташа ядролық өріс оның бетіндегі қабатында әлсіреуімен байланысты. Көптеген жағдайларда нуклондар арасындағы байланыс орташа ядролық өрістен күшті, ал бұл нуклондардың топтасуына әкеледі. Алайда, бұл әсерлердің нақты сипаттамасы ең жеңіл ядролар жағдайында ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Жалпы алғанда, кластерлік ядро модельдері ең көп таралған негізгі қабықша моделі мен жалпыланған ядро моделіне қарағанда азырақ қатаңдық дәрежесіне ие. Сол себепті ондай ядроларды ыдырату жеңілірек көрінеді.

Зерттеулер нуклондардың өзара әрекеттесуі атом ядросының квазимолекулалық құрылымына әкелетіндігін көрсетеді. Атап айтқанда, α-бөлшектер құрылымы көптеген ядроларда бар болып шыққан. Мұндай ядро гелий(^{4}He) ядроларынан тұратын жүйе болып табылады. Кластерлік құбылыстың механизмі мен ерекшеліктерін анықтау ядролық құбылыстарды зерттеудегі маңызды мәселелердің бірі.

Мынандай ядролық реакцияны қарастырайық:

$$^{12}C+^{6}Li\rightarrow^{16}O+^{2}H \qquad (1)$$

Бұл реакцияда ^{12}C альфа-бөлшекті ^{6}Li-дан қабылдап, ^{16}O-ға түрленеді.

$$^{12}C+^{6}Li\rightarrow^{8}B+^{10}B \qquad (2)$$

(2)-ші реакцияның шығу реакциясындағы элементтердің (1)-ші реакциядан мүлдем өзгеше болуының себебін анықтау үшін, ^{12}C элементі тұтас тұрақты ядро болуы мүмкін деп қарастырамыз, сол себепті (1)-ші теңдеуде көміртек басқа бөлшектерге ыдырамаған. Қарсы жағдай, көміртек екі элементтен құралса, және олар әлсіз байланысқан болса, ыдырайды. Мысалы, ^{12}C көміртек ^{10}B мен ^{2}H сутек изотопынан құралған жағдайда, атқылаушы бөлшек әсерінен, осы екі элементке бөлінеді, оны біз (2)-ші теңдеуде көреміз. Литий сутек изотопын қосып алып, ^{8}Be – ге айналғаны көрініп тұр.

Келесі суретте (2)-ші теңдеу көрсетілген.



Сурет 1. ^{12}C *+* $^{6}Li\rightarrow^{8}Be+^{10}B$ *реакциясының сызбалық нұсқасы*

Кластерлі ядролардың қасиеттерін нуклондық тұрақтылық шегіне жақынырақ зерттеу ядролық физиканың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады, оның шешімі осындай ядролардың салыстырмалы жоғары қарқындылығы бар синтездеуге мүмкіндік беретін үдеткіштердің жаңа буыны пайда болған кезде мүмкін болды. Заманауи үдеткіштер нуклондарды ғана емес, сонымен бірге ядролардың барлығын үдетуге мүмкіндік береді. Кейбір ядролардың әрекеттесуінен сол ядроны құрайтын α-бөлшектерді беру реакциясының орын алуы мүмкін. α-бөлшектерді беру реакцияларында α-радиоактивті элементтердің белсенді қатысу ықтималдықтары басқа элементтерге қарағанда көп есе жоғары. Бәлкім α-радиоактивті элементтерді кластерлі атомдарға жатқызуға болады. Келесі қадам ^{12}C көміртектің ^{4}He ядросын қосып алу реакциясы жайлы мағлұматтар алуға мүмкіндік беретін программаны қолдану болып табылады. Оның нәтижелері 1-ші кестеде келтірілген.

Кесте 1. $^{12}C+^{4}He\rightarrow^{16}O$ *реакция нәтижесі*

Реакция параметрлері	*Бөлшек*	*Z*	*A*	*Масса,u А.е.м.*
Ядро-нысан	*C*	*6*	*12*	*12,0107*
Атқылаушы бөлшек	*He*	*2*	*4*	*4,002602*
Реакция нәтижесі	*O*	*8*	*16*	*15,999*
Реакция табалдырығы	*0, себебі атқылаушы бөлшектің кез-келген энергиясында бұл реакция мүмкін*			
Реакция энергиясы	*7.16191950503021(0) МэВ*			

Негізі кластерлі құрылымдардың мүмкін болу ықтималдығы жоғары ядролар литий ден магний аралығында жатады, оған себеп осы ядролардың ерекше құрамдарында. Келесі сурет 2 "Nuclear Wallet Cards" программасы негізінде құрылған графикті көрсетеді, және ол графикте литий ден магний ге дейінгі барлық изотоптардың байланыс энергиялары көрсетілген.

Кластерлі ядролардың байланыс энергиялары неғұрлым аз болса, соғұрлым беру реакцияларының ықтималдығы артады. Кластерлер, яғни гелий атомдары, өздерін жеке бір нуклондар іспеттес ұстайды, сондықтан байланыс энергия сол кластерлер арасында пайда болады.

Жалпы ауыр иондардың өзара әрекеттесу механизмін зерделей келе, α-бөлшектермен алмасу реакцияларына көп жағдайларда тек кластерлі ядролар түсе алатындығына көз жеткізе аламыз.

Ауыр иондар үшін (Z> 2) ұшатын бөлшектерге Кулон кедергісі ξ_0 протондарға қарағанда Z есе көп, сондықтан ядроның бір нуклонына келетін ион энергиясы бірнеше Мэв-тан (Z нысанаға қарағанда неғұрлым көп) артық болуы қажет.



Сурет 2. ^{6}*Li -* ^{24}*Mg аралығындағы изотоптардың байланыс энергияларының тәуелділігі*

$\xi > 1{,}2\xi_0$ энергиясына ие ауыр иондармен болған ядролық реакцияларда тиімді қимасы:

$$\sigma = \pi R^2 (1 - \xi_0 / \xi) \qquad (3)$$

Мұндағы: $R \approx 1{,}4(A_1^{1/3} + A_2^{1/3})$

Бұл R радиусымен екі зарядталған қара шарлардың соғылуы туралы классикалық ұғымдарға сәйкес келеді. $\xi < \xi_0$ энергиялары кезінде потенциалдық тосқауыл арқылы туннельдік эффект есебінен жүзеге асырылады (туннель әсерін қараңыз).

Тағы шағын эксперимент жүргізіп көрсек, ол үшін арнайы программа арқылы серпімсіз әрекеттесу реакция мәндерін анықтап білуге болады. Ол программаның қысқаша аты NRV. 1-ші теңдеудегі реакцияға жалғастырып, теңдеуді жүргізе береміз. Келесі 3-суретке назар аударайық.



Entrance channel OMP

Coulomb $r_o(R)$, fm 1.20 (4.93)	Real part			Imaginary part		
	V_o, MeV	$r_o(R)$, fm	a, fm	W_o, MeV	$r_o(R)$, fm	a, fm
Volume	-17.15	1.29 (5.31)	0.69	-12.97	1.33 (5.48)	0.43
Surface						
Spin-Orbit						
Proximity						

Exit channel OMP

Coulomb $r_o(R)$, fm 1.20 (4.93)	Real part			Imaginary part		
	V_o, MeV	$r_o(R)$, fm	a, fm	W_o, MeV	$r_o(R)$, fm	a, fm
Volume	-17.15	1.29 (5.31)	0.69	-12.97	1.33 (5.48)	0.43
Surface						
Spin-Orbit						
Proximity						

Reaction parameters

Entrance channel

E_{lab} = 70.40 MeV
E_{cm} = 46.93 MeV
k = 2.997 fm^{-1}
η = 0.827

Exit channel

E_{lab} = 68.13 MeV
E_{cm} = 45.42 MeV
k = 2.948 fm^{-1}
η = 0.841

Inelastic excitation of ^{12}C

J�$_{g.s.}$ → J� 0+ → 3-
j_{tr}, l_{tr}, s_{tr} 3, 3, 0 ħ
E_{exc} = 1.51 MeV
β_l = 0.100
β_{Coul} = 0.115

Integration parameters

R_{max} = 25.0 fm
dr = 0.07 fm
L_{max} = 59 ħ

Transition Form Factor

$$\left(-\beta_l R_V \left| \frac{dV}{dr} \right| - i\, \beta_l R_W \left| \frac{dW}{dr} \right|_l + \beta_{Cou} \frac{3\, Z_1 Z_2 e^2 R_C^l}{(2\,l+1)\, r^{l+1}} \right) Y_{l0}(\Omega_r)$$

$\beta_l R_V^{(vol)} = 1.292\ \beta_l\ A_C^{1/3} = 0.29$ fm
$\beta_l R_W^{(vol)} = 1.334\ \beta_l\ A_C^{1/3} = 0.3$ fm
$\beta_{Coul} R_{Coul} = 1.2\ \ \beta_{Coul}\ A_C^{1/3} = 0.31$ fm

Сурет 3. ^{6}Li + ^{12}C реакциясындағы серпімсіз шашырауы (ұжымдық күйдің қозуы)

(1)-ші теңдеуге назар аударсақ, оның серпімсіз екенін байқаймыз, себебі альфа-бөлшегін беру орын алып тұр. Кіру каналы мен шығу каналындағы физикалық параметрлердің сан мәндері шығып тұр. Мысалы потенциал мәні 17, 15 мэв ке тең делінген.

Енді реакция энергиясы ^{6}Li + ^{12}C(3-, 1.51053 MeV) at E_{lab} = 70.4 MeV тең. Жалпы 1-ші реакция серпімдіде болуы мүмкін. Ол 4-ші суретте көрініс табады.



Optical Model parameters

Coulomb $r_o(R)$, fm 0.65 (2.669)	Real part			Imaginary part		
	V_o, MeV	$r_o(R)$, fm	a, fm	W_o, MeV	$r_o(R)$, fm	a, fm
Volume	-150 -121.488	0.3 (1.232) 0.55 (2.259)	0.86	-3.8	1.66 (6.817)	0.469
Surface				-6.8	0.633 (2.599)	0.425
Spin-Orbit	0.9	0.96 (3.942)	0.444			
Proximity						
Folding						

	Before fitting	After fitting
σ_R , mb	1331.27	1357.61
σ_{tot} , mb	2155.44	2340.91
χ^2 / N $_{points}$	171.315	144.809

Other quantities

E_{lab} = 72 MeV
E_{cm} = 48 MeV
k = 3.03 fm^{-1}
η = 0.818
R_{max} = 19.72 fm
dr = 0.09 fm

Fitting process

N_{steps} = 50
$\Delta\chi^2/\chi^2$ = 0.001000

Сурет 4. ^{6}Li + ^{12}C реакциясындағы серпімді шашырауы

Серпімді шашыраудағы бұл жері ядроның оптикалық моделіне негізделіп отыр. Шың тұс және жорамал бөліктегі потенциал мәндері сәйкесінше белгіленген.

Әрекеттесуге дейінгі қима, әрекеттесуден кейінгі қима сандары бар. (3)-ші теңдеуде мысалға қима формуласы тұр, алайда программа бізге қима санын бірден есептеп берді.

Ауыр иондардан (массасы мен заряды α-бөлшектерден үлкенірек) туындаған реакциялар құрамдас ядро механизмі мен тікелей өзара әрекеттесуге тән ерекшеліктерін көрсетеді.

Т< В кезіндегі ауыр иондардағы реакциялардың негізгі үлесі тікелей беру реакцияларына келеді: ауыр ион және нысан-ядро соқтығысу кезінде әрең бір - біріне қатысты жақын әрекеттеседі, соның нәтижесінде бір немесе одан да көп нуклондардың ядроға немесе керісінше ионға берілуі болады. Берілу реакцияларының қималары берілетін нуклондар санының өсуімен азаяды. Берілу реакциялары әдісімен ^{8}Be, ^{7}Li, ^{9}Be, ^{20}C, ^{21}N, ^{24}0 сияқты жеңіл ядролар алынды [2].

(1)-ші теңдеудегі реацияның кіру каналы мен шығу каналындағы мәліметтерге келсек, оныда есептеп шығаруға болады. Кесте-2 ге назар аударсақ.

Кесте 2. $^{12}C + ^{6}Li \rightarrow ^{16}O + ^{2}H$ реациясының элементтерінің кейбір физикалық параметрлерінің мәндері

Физикалық шамалар	*Реакцияның кіру каналындағы элементтер*		*Реакцияның шығу каналындағы элементтер*	
Реакцияның элементтері	^{6}Li	^{12}C	^{16}O	^{2}H
Энергия реакции, Е, Мэв	*5,507*		*6,458*	
Спин, S	*1*	*5/2*	*3/2*	*0*
Е/А, Мэв	*1*		*3,32*	
Элементар радиус, r_0 Фм	*1,22*	*1,16*	*1,16*	*1,22*
Максималды радиус, R_{max}, $R_{max}=r_0A^{1/3}$, ФМ	*30*			

Альфа-бөлшектердің беріліу реакцияларының зерттелуіндегі маңыздылығын қарастырсақ.

Зерттеу әдістеріне келетін болсақ, ол беру реакцияларының жүру механизмдерін зерттеп, теориялық жағынан меңгеру. Қолымызда заманға сай құрылғылар болмағандықтан, басқа осы салада жұмыс істейтін ғалымдардың еңбектіріне негізделеміз.

Кластерлі ядролар не екендігене тоқтала кеткен жөн. Атап айтқанда кластерлерді энергетикалық бөлу шектері мынандай ядроларда ^{7}Be, ^{6} Li, ^{7}Li, ^{11}B , ^{10}B, ^{11}C, ^{12}C және ^{16}O нуклондардың бөліну шектерінен мүлдем төмен. Айқын кластерлік табиғаты тоғыз тұрақты нуклоны бар ^{9}Be, және байланыссыз ядро ^{8}Be – де байқалады.

Беру реакциялары, оның ішінде α-бөлшектерді, реакция каналдары арқылы жүреді. Мысалы, литий жеті басқа ядромен әрекеттескенде, қозған күйге түсу арқылы $^{7}Li \rightarrow ^{4}He + ^{3}He$ осындай реакцияда ыдырап, келесі ядроға α-бөлшетерді(^{4}He) беруі мүмкін.

α-бөлшектерді беру реациялары көп жағдайларда кластерлі бөлшектер арасынды жүретін реакциялар. Гелий атомдары бүтіндей кластерлі элементтерді құраушы бөлшектер. Олар өзара ядролық күштерге қарағанда әлсіз күштермен байланысқан, сол себепті реакция каналдары арқылы гелий атомдарын беру реакциялары мүмкін болып табылады. Бұл мақала осындай реакцияларды түсінуге талпыныс болып табылады.

Альфа-бөлшектермен болатын реакциялар өте көп энергияны қажет етеді, себебі альфа-бөлшек оң зарядталған ион. Берілу реакциялары осы мәселенің шешімі болулары әбден мүмкін. Себебі альфа-бөлшектер туннельдік эффект әсерінен беріліп отыр.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1 Оглоблин А.А. Кластерная модель ядра [Электрон.ресурс]. – 2016. –URL: https:// bigenc.ru/ physics/text/ 2623111 (Дата обращения: 13.01.2020)

2 Жеребчевский В.И. Тройной кластерный распад // Вест. Санкт-Петербургский государственный университет – 2007. № 4. – С. 16–33.

МРНТИ 30.15.35
УДК 621.01

Е.С. Темирбеков[1], *Г.А. Тукешова*[1]

[1]*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан*

СТЕРЖНЕВОЕ МОДЕЛИРОВАНИЕ КОНСТРУКЦИЙ РЫЧАЖНЫХ МЕХАНИЗМОВ С РАСПРЕДЕЛЕННОЙ ИНЕРЦИИ

Аннотация

В механических расчетах рычажных механизмов используются модели конечных элементов где инерция движения стержневых звеньев учитывается обычно приведением к центру масс в виде главного вектора сил и главного момента пар сил, а центр масс входит в конечно-элементную модель конструкции механизма в качестве узла. Учет распределенной инерции движения позволяет создавать более точные модели конечных элементов в структурах пространственной связи. Алгебраически суммируя все распределенные инерционные нагрузки, действующие в обоих направлениях, перпендикулярно и вдоль оси звена постоянного сечения, мы можем показать, что их интенсивность изменяется линейно по всей длине звена. Используя этот подход вместе с теоремой Шаля для точки свободного твердого тела в проекциях на движущиеся оси в методе конечных элементов для прямолинейного однородного стержня, мы приходим к более точной модели конечных элементов, учитывающей аналитически распределенную инерцию движения.

Кроме того, мы получили подвекторы в известном матричном соотношении, который связывает обобщенные силы реакции, действующие в точках контакта стержневого элемента, с узловыми обобщенно-упругими движениями. Эти подвекторы включают вес и инерцию распределенного пространственного движения звена.

Ключевые слова: распределенная, инерция, метод конечных элементов, модель, сила, механизм, звено.

Аңдатпа

Е.С. Темирбеков[1], *Г.А. Тукешова*[1]
[1]*Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

ИІНТІРЕКТІ СЫРЫҚТЫ МЕХАНИЗМДЕР ҚҰРЫЛЫМЫН ТАРАЛҒАН ИНЕРЦИЯНЫ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП МОДЕЛДЕУ

Иінтіректі механизмдердің механикалық есептерінде сырықты буындардың қозғалыс инерциясы массалар центріне бас күштер векторы және бас момент векторы ретінде, ал массалар центрі түйін түрінде механизм құрылымының шектік элемент моделіне кірумен ескерілетін шектік элемент моделі ретінде кеңінен қолданылады. Таралған қозғалыс инерциясын ескеру құрылымдық кеңістіктік байланыстарда шекті элементтердің нақты моделін құруға мүмкіндік береді. Тұрақты қимадағы перпендикуляр және барлық буын бойында әсер ететін таралған инерциялық жүктемелерді алгебралық қосқанда оның таралу қарқындылығы барлық буынға таралатынын көрсете аламыз. Түзусызықты біртекті сырық үшін шеттік элементтер әдісінде қозғалатын өстердің проекцияларындағы еркін қатты дене нүктелері үшін Шаль теоремасымен қоса осы әдісті қолдана отырып таралған қозғалыс инерциясын аналитикалық ескеретін шекті элементтердің нақты моделіне келеміз. Сонымен қатар біз белгілі матрицалық қатынаста түйіндік жалпылаған серпімді қозғалысымен сырықтық элементтің байланыс нүктелерінде әсер ететін жалпыланған күш реакцияларын байланыстыратын векторшаларды алдық. Бұл векторшалар таралған кеңістіктік буын қозғалысының салмағы мен инерциясын ескереді.

Түйін сөздер: таралған, инерция, шектік элементтер әдісі, модель, күш, механизм, буын

Abstract

ROD MODELING OF STRUCTURES LEVERING MECHANISMS WITH DISTRIBUTED INERTIA

Temirbekov E. [1], *Tukeshova Г.*[1]
[1]*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

To reduce inertia of moving links into resultant force and moment vectors and to represent center of mass as node in finite element models are widely-used in mechanical calculations of linkage mechanisms. Considering distributed inertia of motion makes possible to create more precise finite element models in spatial linkage structures. By algebraically summing all the distributed inertial loads acting in both directions, perpendicular and along the axis of a constant cross section link, we can show that their intensity varies linearly along the length of link. Using this approach together with

Chasles theorem for a point of free rigid body in projections onto the moving axes in the finite element method for rectilinear homogeneous rod, we reach to a more precise finite element model considering analytically distributed inertia of motion. Besides, we obtained subvectors in matrix relation which binds the generalized reaction forces acting at the contact points of the rod element with nodal generalized elastic movements. These subvectors includes the weight and inertia of a distributed spatial movement of link.

Keywords: distributed, inertia, finite-element method, model, force, mechanism, link.

В механике машин инерция движения стержневых звеньев учитывается обычно приведением к центру масс в виде главного вектора сил и главного момента пар сил, а центр масс входит в конечно-элементную модель конструкции механизма в качестве узла [1]. Можно создать более точные конечно-элементные модели, аналитически учитывающие распределенную инерцию движения.

Рассмотрим плоскопараллельное движение k-го звена механизма относительно неподвижной системе координат OXY (рис.1) [2].

С началом в точке O введем также систему координат $OX^{'}Y^{'}$, положение которой относительно неподвижной системе координат OXY, определяется углом наклона стержня θ_k. С началом P_k в шарнире, связывающие k-ое звено с ($k-1$)-ым звеном, введем две локальные системы координат. Систему координат $P_k X_k Y_k$ перемещающиеся вместе со связанным шарниром, и с осями остающиеся соответственно параллельным к осям системы координат OXY, а также систему координат $PX_k^{'}Y_k^{'}$ жестко связанным со звеном k.

Пусть k-ое звено механизма с постоянным поперечным сечением, движется плоскопараллельно относительно неподвижной системе координат OXY. И пусть, в некотором мгновенном положении механизма [3], известны θ_k, компоненты ускорения $\overline{w}_{kp}^{x}$ и $\overline{w}_{kp}^{y}$ точки P_k звена kотносительно неподвижной системе координат OXY, $\vec{\omega}_k$, $\overline{\varepsilon}_k$ - соответственно угловые скорость и ускорение звена k с направлениями как показано на рисунке 1.



Рисунок 1. Плоскопараллельное движение звена

Определим компоненты вектора ускорений $\overline{w}_{kp}$ относительно системы координат $OX^{'}Y^{'}$ из следующих соотношений:

$$\begin{Bmatrix} w_{kp}^{x'} \\ w_{kp}^{y'} \end{Bmatrix} = \begin{bmatrix} \cos\theta_k & \sin\theta_k \\ -\sin\theta_k & \cos\theta_k \end{bmatrix} \begin{Bmatrix} w_{kp}^{x} \\ w_{kp}^{y} \end{Bmatrix}$$

Величины этих ускорении $\overline{w}_{kbp}^{y'_k}$ и $\overline{w}_{kbp}^{x'_k}$ равны: $w_{kbp}^{y'_k} = l_k \varepsilon_k$, $w_{kbp}^{x'_k} = l_k \omega_k^2$. Компоненты ускорение точки B относительно системы координат $OX'Y'$ в матричной форме имеет вид:

$$\begin{Bmatrix} w_b^{x'_k} \\ w_b^{y'_k} \end{Bmatrix} = \begin{Bmatrix} w_{kp}^{x'_k} \\ w_{kp}^{y'_k} \end{Bmatrix} + \begin{Bmatrix} w_{kbp}^{x'_k} \\ w_{kbp}^{y'_k} \end{Bmatrix} = \begin{bmatrix} \cos\theta_k & \sin\theta_k \\ -\sin\theta_k & \cos\theta_k \end{bmatrix} \begin{Bmatrix} w_{kp}^{x} \\ w_{kp}^{y} \end{Bmatrix} + \begin{Bmatrix} -l_k \omega_k^2 \\ l_k \varepsilon_k \end{Bmatrix}.$$

Если поперечные сечения вдоль звена постоянные, тогда действия собственного веса звена можно рассматривать как равномерно распределенную нагрузку по длине звена с интенсивностью $q_{cb}^k = \gamma_k A_k$, где γ_k - удельный вес материала звена k, A_k - площадь поперечного сечение звена k. Из-за необходимости дальнейшего расчета звена, эту нагрузку разложим по двум направлениям, по направлению и перпендикулярно оси звена.

$$\begin{Bmatrix} q_{cb}^{x'_k} \\ q_{cb}^{y'_k} \end{Bmatrix} = \begin{bmatrix} \cos\theta_k & \sin\theta_k \\ -\sin\theta_k & abs(\cos\theta_k) \end{bmatrix} \begin{Bmatrix} 0 \\ -q_{cb}^k \end{Bmatrix}$$

От ускорения поступательного движения звена появляются следующие силы инерции: инерционные силы от ускорения $\overline{w}_{kp}^{x'_k}$ будет равно, $q_n^{x'_k} = -\frac{\gamma_k A_k}{g} \overline{w}_{kp}^{x'_k}$, $q_n^{y'_k} = -\frac{\gamma_k A_k}{g} \overline{w}_{kp}^{y'_k}$ где g - ускорения свободного падения твердого тела

От угловой скорости $\overline{\omega}_k$ вращательного движения звена k вокруг полюса P_k, возникают распределенные нагрузки треугольного вида с интенсивностью

$$q_b^{x'_k} = \frac{\gamma_k A_k}{g} \omega_k^2 x'_k,$$

действующие вдоль оси звена.

От углового ускорения вращательного движения звена k, вокруг оси Z'_k проходящий через полюс P_k возникают распределенные нагрузки треугольного вида с интенсивностью

$$q_b^{y'_k} = -\frac{\gamma_k A_k}{g} \varepsilon_k x'_k.$$

Эти нагрузки всегда действуют перпендикулярно к оси звена и направлены противоположно к направлению вектора $\bar{\varepsilon}_k \times \bar{l}_k$.

Алгебраически суммируя все нагрузки, действующие по направлению оси Y'_k (действующие перпендикулярно к оси звена) увидим, что интенсивность суммарной нагрузки меняются по длине звена по линейному закону и определяется с помощью следующего выражение:

$$q_y(x'_k) = a_{kq} + b_{kq} x'_k; \tag{1}$$

где $a_{kq} = -\gamma_k A_k \cos\theta_k - \frac{\gamma_k A_k}{g} w_{kp}^{y'_k}$, $b_{kq} = -\frac{\gamma_k A_k}{g} \varepsilon_k$.

Аналогично суммируя все нагрузки, действующие вдоль оси звена (по направлению оси $X_k^{'}$) увидим, что их интенсивность тоже меняются по длине звена по линейному закону и выражается с помощью следующего уравнение:

$$q_x\left(x_k^{'}\right) = a_{kn} + b_{kn} x_k^{'}; \tag{2}$$

где $a_{kn} = -\gamma_k A_k \sin\theta_k - \frac{\gamma_k A_k}{g} w_{kp}^{x_k^{'}}$, $\quad b_{kn} = \frac{\gamma_k A_k}{g}\omega_k^2$.

Таким образом, интенсивности сил инерции и тяжести стержня имеют вполне определенное аналитическое выражение. Используя их и метод конечных элементов, основанный на прямолинейном стержне [4-6], получим более точные конечно-элементные модели, аналитически учитывающие распределенную инерцию плоскопараллельного движения.

Уравнения равновесия элемента стержня с учетом (1) равны [7-10]:

$$\frac{dN}{dx} + q_x = \frac{dN}{dx} + a_n + b_n x = 0, \quad \frac{dQ_y}{dx} + q_y = \frac{dQ_y}{dx} + a_q + b_q x = 0; \quad \frac{dM_z}{dx} - Q_y = 0; \tag{3}$$

Индексы “k” и «’» для удобства записи не опущены.

Уравнения совместности дефомаций, перемещений и связи деформаций и внутренних усилий для стержней имеют вид:

$$\varepsilon_x = \frac{du}{dx}; \chi = \frac{d\varphi}{dx}; \aleph_y = -\frac{d^2 w_z}{dx^2}; \aleph_z = -\frac{d^2 w_y}{dx^2} \tag{4}$$

$$N = EF\varepsilon_x; \quad M = GJ\chi; \quad M_y = EJ_y\aleph_y; \quad M_z = EJ_z\aleph_z \tag{5}$$

Если длина звена *l* и заданы смещения $u_o, w_{yo}, w_{zo}, u_l, w_{yl}, w_{zl}$ и повороты $\varphi_o, \varphi_{yo}, \varphi_{zo}, \varphi_l, \varphi_{yl}, \varphi_{zl}$, в торцевых сечениях стержня, то решая совместно (3)-(5) относительно упругих перемещений, получим:

$$u = u_o + (u_l - u_o)\frac{x}{l} + \frac{a_n x}{2EF}(x - l) - \frac{b_n x}{6EF}(x^2 - l^2), \varphi = \varphi_o + (\varphi_l - \varphi_o)\frac{x}{l}$$

$$w_y = (1 + \frac{2x^3}{l^3} - \frac{3x^2}{l^2})w_{y_o} + \frac{x^2}{l^2}(3 - 2\frac{x}{l})w_{yl} + x\cdot\left(1 - \frac{x}{l}\right)^2\varphi_{z_o} + \left(\frac{x}{l} - 1\right)\cdot\frac{x^2}{l}\cdot\varphi_{zl} +$$

$$+ \frac{a_q^y}{EJ_z}\cdot\frac{x^2}{24}(l - x)^2 + \frac{b_q^y}{EJ_z}\cdot\frac{x^2}{120}\cdot\left(2l^3 - 3l^2 x + x^3\right)$$

$$w_z = (1 + \frac{2x^3}{l^3} - \frac{3x^2}{l^2})w_{Z_o} + \frac{x^2}{l^2}(3 - 2\frac{x}{l})w_{zl} + x\cdot\left(1 - \frac{x}{l}\right)^2\varphi_{y_o} + \left(\frac{x}{l} - 1\right)\cdot\frac{x^2}{l}\cdot\varphi_{yl}$$

Тогда из (5) с учетом (4) получим:

$$N_l = EF\left[\frac{u_l - u_o}{l} - \frac{a_n l}{2EF} - \frac{b_n l^2}{EF}\right] \quad M_o = \frac{GJ}{l}(\varphi_l - \varphi_o)$$

$$N_o = EF\left[\frac{u_l - u_o}{l} + \frac{a_n l}{2EF} + \frac{b_n l^2}{2EF}\right], \quad M_l = \frac{GJ}{l}(\varphi_l - \varphi_o)$$

$$Q_{yo} = -\frac{6EJ_Z}{l^3}(2w_{yo} + l\varphi_{zo} - 2w_{yl} + l\varphi_{zl}) + \frac{a_q l}{2} + \frac{3b_q l^2}{20}$$

$$Q_{yl} = -\frac{6EJ_Z}{l^3}(2w_{yo} + l\varphi_{zo} - 2w_{yl} + l\varphi_{zl}) - \frac{a_q l}{2} - \frac{7b_q l^2}{20}$$

$$Q_{zo} = -\frac{6EJ_Z}{l^3}(2w_{zo} + l\varphi_{yo} - 2w_{zl} + l\varphi_{yl}), \quad Q_{zl} = -\frac{6EJ_Z}{l^3}(2w_{zo} + l\varphi_{yo} - 2w_{zl} + l\varphi_{yl})$$

$$M_{z0} = \frac{EJ_z}{l^2}(6w_{yo} + 4l\varphi_{zo} - 6w_{yl} + 2l\varphi_{zl}) - \frac{a_q l^2}{12} - \frac{b_q l^3}{30}$$

$$M_{zl} = -\frac{EJ_z}{l^2}(6w_{yo} + 2l\varphi_{zo} - 6w_{yl} + 4l\varphi_{zl}) - \frac{a_q l^2}{12} - \frac{b_q l^3}{20} \quad M_{y0} = -\frac{EJ_z}{l^2}(-6w_{zo} + 4l\varphi_{yo} + 6w_{zl} + 2l\varphi_{zl}),$$

$$M_{yl} = -\frac{EJ_z}{l^2}(-6w_{zo} + 4l\varphi_{yo} + 6w_{zl} + 2l\varphi_{zl})$$

Учитывая положительные направления внешних и внутренних геометрических и силовых факторов:

$$\varphi_{y0} = -\varphi_2^{ij}; \quad \varphi_{yl} = -\varphi_2^{ji}; \quad N_0 = -R_{1N\xi}^{ij}; \quad Q_{y0} = -R_{2N\xi}^{ij}; \quad Q_{z0} = -R_{3N\xi}^{ij};$$

$$M_0 = -R_{1M\xi}^{ij}; \quad M_{y0} = -R_{2M\xi}^{ij}; \quad M_{z0} = -R_{3M\xi}^{ij};$$

а направления остальных факторов совпадают и опуская промежуточные преобразования, получаем основные соотношения равновесия МКЭ для прямолинейного стержня:

$$\begin{Bmatrix} \vec{R}_\xi^{ij} \\ \vec{R}_\xi^{ji} \end{Bmatrix} = \begin{bmatrix} B_{11}^{ij} & B_{12}^{ij} \\ B_{21}^{ij} & B_{22}^{ij} \end{bmatrix} \begin{Bmatrix} \vec{U}_\xi^{ij} \\ \vec{U}_\xi^{ji} \end{Bmatrix} + \begin{Bmatrix} \vec{Q}^{ij} \\ \vec{Q}^{ji} \end{Bmatrix} \tag{6}$$

связывающие обобщенные реактивные силы $\vec{R}_\xi^{ij} = \left[R_{1N\xi}^{ij} R_{2N\xi}^{ij} R_{3N\xi}^{ij} R_{1M\xi}^{ij} R_{2M\xi}^{ij} R_{3M\xi}^{ij}\right]^T$; $\vec{R}_\xi^{ji} = \left[R_{1N\xi}^{ji} R_{2N\xi}^{ji} R_{3N\xi}^{ji} R_{1M\xi}^{ji} R_{2M\xi}^{ji} R_{3M\xi}^{ji}\right]^T$, действующие в узлах стержня с узловыми обобщенными перемещениями $\vec{U}_\xi^{ij} = \left[u_1^{ij} u_2^{ij} u_3^{ij} \varphi_1^{ij} \varphi_2^{ij} \varphi_3^{ij}\right]^T$ и $\vec{U}_\xi^{ji} = \left[u_1^{ji} u_2^{ji} u_3^{ji} \varphi_1^{ji} \varphi_2^{ji} \varphi_3^{ji}\right]^T$. Квадратные подматрицы $\left\lfloor B_{rq}^{ij} \right\rfloor, (r = 1,2; \quad q = 1,2)$ матрицы жесткости $\left[B^{ij}\right]$ стержневого элемента не изменяются, а подвекторы $\vec{Q}^{ij}$ и $\vec{Q}^{ji}$, получают уже с учетом инерции следующий вид (7).

Т.о., определены элементы подвекторов $\vec{Q}^{ij}$ и $\vec{Q}^{ji}$, аналитически учитывающие не только вес, но и распределенную инерцию плоскопараллельного движения стержня:

$$\vec{Q}^{ij} = \begin{Bmatrix} -\frac{a_n l}{2} - \frac{b_n l^2}{2} \\ -\frac{a_q l}{2} - \frac{3b_q l^2}{20} \\ 0 \\ 0 \\ 0 \\ -\frac{a_q l^2}{12} - \frac{b_q l^3}{30} \end{Bmatrix}, \quad \vec{Q}^{ji} = \begin{Bmatrix} -\frac{a_n l}{2} - \frac{b_n l^2}{2} \\ -\frac{a_q l}{2} - \frac{7b_q l^2}{20} \\ 0 \\ 0 \\ 0 \\ \frac{a_q l^2}{12} + \frac{b_q l^3}{30} \end{Bmatrix} \tag{7}$$

Аналогичным образом рассмотрели пространственное движение k–го стержня относительно неподвижной системы координат $OXYZ$.

Подвекторы $\vec{Q}^{ij}$ и $\vec{Q}^{ji}$ с учетом уравнений равновесия, аналитически учитывающие не только вес, но и распределенную инерцию пространственного движения стержня k определяются следующим образом:

$$\vec{Q}^{ij}=\left\{\begin{matrix} -\frac{a_{kn}l}{2}-\frac{b_{kn}l^2}{2} \\ -\frac{a^y_{kq}l}{2}-\frac{3b^y_{kq}l^2}{20} \\ -\frac{a^z_{kq}l}{2}-\frac{3b^z_{kq}l^2}{20} \\ \frac{ml}{2} \\ \frac{a^z_{kq}l^2}{12}+\frac{b^z_{kq}l^3}{30} \\ -\frac{a^y_{kq}l^2}{12}-\frac{b^y_{kq}l^3}{30} \end{matrix}\right\},\quad \vec{Q}^{ji}=\left\{\begin{matrix} -\frac{a_{kn}l}{2}-\frac{b_{kn}l^2}{2} \\ -\frac{a^y_{kq}l}{2}-\frac{7b^y_{kq}l^2}{20} \\ -\frac{a^z_{kq}l}{2}-\frac{7b^z_{kq}l^2}{20} \\ -\frac{ml}{2} \\ -\frac{a^z_{kq}l^2}{12}-\frac{b^z_{kq}l^3}{30} \\ \frac{a^y_{kq}l^2}{12}+\frac{b^y_{kq}l^3}{30} \end{matrix}\right\} \qquad (8)$$

Т.о., определены элементы подвекторов $\vec{Q}^{ij}$ и $\vec{Q}^{ji}$, аналитически учитывающие вес и распределенную инерцию (8) пространственного движения звена стержневого механизма.

Мы в этой работе получили новые аналитические выражения интенсивности инерционных сил и весов звеньев для двух случаев движения: плоскопараллельного (7) и пространственного (8). Это один из немногих анализов распределенных сил инерции в пространственном механизме, позволяющий достичь оптимального динамического отклика связи на этапе проектирования. Описанная модель была применена для динамического расчета упругих колебаний структуры механизма класса IV с внешней призматической парой.

Полученные результаты позволяют сделать вывод об эффективности предложенного метода, алгоритма и компьютерного программного обеспечения с точки зрения их применения при численном моделировании механизмов упругих колебаний высокого класса.

Наша будущая работа будет заключаться в разработке более точных методов расчета прочности конструкций и жесткости связей. Будет рассмотрен более общий случай, когда узлы соеденения имеют линейно изменяющееся переменное сечение.

Список использованной литературы:

1 Джолдасбеков У.А., Темирбеков Е.С. Некоторые аспекты анализа и синтеза механизмов высоких классов.- Астана: Акмолинский ЦНТИ, 2006.- 299с.

2 Джолдасбеков У.А., Байгунчеков Ж.Ж. Аналитическая кинематика плоских рычажных механизмов высоких классов. -Алма-Ата: изд-во КазГУ, 1980. -101с.

3 Temirbekov Y.S., Baimukhanov S. Designing of Sixlink Mechanism Schemes with the Changeable Contour. Taking into Account Forces Transfer // World Congress on Engineering. London, U.K., 6-8 July, 2011, p.38-43.

4 Зенкевич О. Метод конечных элементов в технике. М., «Мир», 1975, 541.

5 Бате К., Вилсон Е. Численные методы анализа и метод конечных элементов / под ред. А.Ф. Смирнова.- М.: Стройиздат, 1982 - 448с.

6 Шапошников Н.Н. и др. Расчет машиностроительных конструкций на прочность и жесткость.- М.: Машиностроение, 1981, 333с.

7 Розин Л.А. Метод конечных элементов в применении к упругим системам. М., Стойиздат, 1977. 132 с.

8 Тер-Эммануильян Н.Я. Численные методы в механике деформируемого твердого тела. Учебное пособие. – Изд-во КазГУ, 1985, 68 с.

9 Темирбеков Е.С. Конечно-элементное моделирование рычажных механизмов. Разработка мобильных подмостей. Монография. – Астана. 2007, 218 с.

10 Фролова О.А. Анализ напряженно-деформированного состояния стержневых элементов конструкции с учетом стат. и динам. воздействий // Вестник Тамбов. унив-а. серия Ест. и тех. науки. — 2016. — Т. 21. — с. 1400– 1404.

ИНФОРМАТИКА. ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ. БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ
ИНФОРМАТИКА. МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИНФОРМАТИКИ. ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

МРНТИ 28.23.00
УДК 004.89

EARTHQUAKE TIME PREDICTION WITH MULTI-AGENT SYSTEMS

Abyurova A.A.

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Abstract

- алгоритм құра алу;
- оның дұрыстығын тексеру, алгоритмді графикалық түрде көрсете алу білігі;

- алгоритмді түрлендіре алу білігі;
- алгоритм бойынша әрекет ете алу білігі;
- әлдеқайда тиімді алгоритм құрып, оны таңдай алу білігі.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде жоғарыда аталған білім мен біліктерді әр түрлі жаттығулар орындата отырып қалыптастыру қажет. Олар белгілі бір қатаң тәртіппен құрылған қадам тапсырманың не жаттығудың дұрыс орындалатынына, ережелер мен нұсқауларды тереңірек түсінуге мүмкіндік беретінін түсінулері тиіс. қандай да бір ақпаратты не материалды беру кезінде оның құрылымы мен мазмұнына логиканы ендіру қажет. Яғни белгілі бір логикаға құрылған, алгоритмі дұрыс құрылған және таңдалынып алынған материал терең бекітіледі.

Ланда Л.Н. былайша жазады: «есепті шығарудың қандай да бір алгоритміне үйрете отырып, біз адамға алгоритмнің көмегімен түрлендіретін қандай да бір нысандарды басқару құралын ғана емес, өзін-өзі, өзінің ақыл-ойын және практикалық әрекеттерін басқару құралын да береміз [4]. Бұдан болашақ бастауыш сынып мұғалімдері оқушыларға бағдарламалық сапалы білім бере отырып, өз әрекетін алгоритм бойынша ұйымдастырып, өзінің алгоритмдік сауаттылығын дамытумен де шұғылданады деуге болады.

Болашақ мамандардың алгоритмдік сауаттылықтарын әр түрлі жолдармен дамытуға болады. Сондай жолдардың бірі – дайын алгоритмді беріп, оларды жаттатып, ілгерідегі жұмыстарда оны қолдануға үйрету. Екіншісі – болашақ мамандардың өздеріне алгоритмді «ашқызып», не болмаса, студенттердің өздеріне алгоритм құрғызу. Бастауыш сынып оқулықтарында келтірілген әр түрлі жаттығуларды орындатудың алгоритмін студенттердің өздеріне анықтатып, оны тәжірибеде қолданып көріп, одан нәтиже шығарту қажет.

Бұған қоса, болашақ бастаукыш сынып мұғалімдеріне төмендегідей алгоритмдік сауаттылықты дамыту жолдарын қолдануға болады:

- алгоритм бойынша тапсырмалар орындау;
- алгоритмнің орындалуын, яғни түсіндіре отырып әрекеттерді ретімен орындау;
- алгоритмдер құрастыру және тәжірибеден өткізу;
- алгоритмді модельдеу.

Бастауыш сыныптарда жоғарыда айтылған айқын түрде қарастырылатын алгоритмдерден (амал алгоритмдері: екі таңбалы сандарды жазбаша қосу және азайту, көбейту мен бөлудің жазбаша жағдайлары, кейбір геометриялық фигураларды салу) басқа айқын емес түрде қарастырылатын алгоритмдер бар. Олардың қатарына мыналарды жатқызуға болады: есептердің әр түрлерін шығару алгоритмі, құрылымы күрделірек өрнектер мен теңдеулерді шешу алгоритмдері, геометриялық фигураларды салу алгоритмдері, жиындардың бірігуі мен қиылысуын есептер шығаруда қолдану алгоритмі, қарапайым және геометриялық шамаларға байланысты тапсырмаларды орындау алгоритмдері. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің алгоритмдік сауаттылықтарын дамыту жолдарын осы аталған айқын емес алгоритмдерді үйрету барысында қарастыруды жөн көрдік.

Бастауыш сыныптарда есептердің мынандай түрлері қарастырылады: жай есептің үлкен 5 тобы: арифметикалық амалдардың мән-мағынасын ашуға арналған; амал компоненттері мен нәтижелері арасындағы байланысқа берілген; амал қатынастарының мән-мағынасын ашуға берілген; пропорционал шамалар арасындағы тәуелділікке берілген; «үлес» және «бөлшек» ұғымдарымен байланысты жай есептер; құрама есептер: қозғалысқа берілген есептер; пропорционал бөлуге берілген есептер; екі айырма бойынша белгісізді табуға берілген есептер; «бірігіп жұмыс жасауға» берілген есептер. Жаңартылған білім мазмұнына сай бағдарламада бұған дейінгі бағдарламаларда айқын емес түрде қарастырылған стохастика элементтеріне берілген есептердің де бірнеше түрлері қарастырылады.

Жалпы математикада стохастиканың төмендегідей бөлімдері бар екені белгілі:

- комбинаторика элементтері;
- графтар теориясы;
- ықтималдықтар теориясы;
- математикалық статистика элементтері.

Жаңартылған білім мазмұнына сай дайындалған 3-4-сынып «Математика» оқулықтарында комбинаторлық және логикалық есептер өте көп беріледі. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері «Математиканың теориялық негіздері» пәнінен комбинаторлық есептер, қосынды және көбейтінді ережелері, қайталамалы және қайталаусыз орналастырулар, алмастырулар мен терулер жайлы білім алып, олардың формулаларын есептер шығаруда қолданған болатын [3, С. 44]. Ал бастауыш сыныптарда формулаларды қолдану көзделмеген, сондықтан болашақ маман комбинаторлық есептерді алдымен өзі шығарып, оқушыларды шығаруға үйрету барысында алгоритмді дұрыс құрастырып, соның негізінде оқушылардың әрекеттерін ұйымдастыра алулары тиіс. Мұндай тапсырмаларды орындатпас бұрын студенттерге алдымен дайын алгоритм ұсынылады. Мысалы: Үш жарыс мәшинесінің ішінен қонжық пен көжек бір мәшинеден неше нұсқамен таңдай алады? (1-суретке қараңыз). Осы тапсырманы орындату кезінде студенттерге кестенің көмегімен табуға болатыны айтып, алгоритм ұсынылады:

- жарыс мәшинесінің санын анықта.
- аңдардың санын анықта.
- кестеде неше баған және неше жол болатынын анықта.
- нысандардың қайталанатынын не қайталанбайтынын анықта.
- әр бағанға мәшинелерді және әр жолға аңдарды орналастыр.
- аңдар мен мәшинелердің жұбын құр.
- неше тәсіл шыққанын анықта.



Сурет 1. Комбинаторлық есептерге берілген тапсырма

Студенттер кестеге әр түрлі тәсілмен нысандарды орналастырып шығады, мұнда олардың назарларын әр жағдайда нысандардың қалайша орналасқанына аудару қажет. Егер суретті нысандардың бас әріптерімен белгілейтін болсақ, мынандай тізбек шығады: ҚҚызыл; ҚС; ҚК; ККызыл; КС; ККөк. Осылайша орындалғанда алдымен қонжықтың мәшинелерінің, содан соң көжектің мәшинелерінің жұптары құрылуы тиіс.

4-сынып «Математика» оқулығының 69-бетінде (3-бөлім) екінші тапсырмада «егер сандарды жазуда цифрлар қайталанбайтын болса, онда 1, 2, 3, 4, 5 цифрларынан қанша екі таңбалы сан құрастыруға болады?» тапсырмасы берілген [5]. Осы тапсырма бойынша болашақ мамандардың өздеріне алгоритмін құрғызып, таңдап алу тәсілімен комбинаторлық есептерді оқушыларға шығартуда өз тәжірибесінде қолдануға мүмкіндік беруге болады. Студент алгоритм құру үшін тапсырманың мазмұнына мән беруі тиіс, мұндағы басты шарт: цифрлары қайталанбайды, демек, бір санда бір цифр екі рет қайталанбайды. Болашақ мамандардың басым көпшіліктерінің жіберетін қателіктері белгілі бір алгоритм бойынша орындатпайды, сандарды ретсіз жаза береді. Солай болмас үшін болашақ маман алгоритмді дұрыс құрулары тиіс:

- алдымен неше таңбалы сан құрастыру қажеттігін анықта.
- 1 цифры ондық болатын екі таңбалы сандарды жазып шық;
- 2 цифры ондық болатын екі таңбалы сандарды жазып шық;
- 3 цифры ондық болатын екі таңбалы сандарды жазып шық;
- 4 цифры ондық болатын екі таңбалы сандарды жазып шық;
- 5 цифры ондық болатын екі таңбалы сандарды жазып шық;
- неше екі таңбалы сан шыққанын анықта.
- жауабыңды негізде.

Осындай алгоритмнің нәтижесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімінің өзі алгоритмнің көмегімен тапсырманы тез әрі дұрыс орындауға болатынын түсінеді, сабақтағы уақытты үнемдеуге болатынына (ретсіз жазылған соң, қай санның жазылмай қалғанын іздеп, уақытты кетірмейді) көзі жетеді.

Логикалық есептерді графтардың көмегімен және «мүмкіндіктер тармағының» көмегімен де шығару алгоритмін құрастыртуға болады. Мысалы: «Мектеп асханасында екі бірінші тағам: кеспе көже және борщ; үш екінші тағам: котлет, қуырдақ және палау ұсынылды.

Бір бірінші және бір екінші тағамнан тұратын неше әртүрлі түскі ас мәзірін құрастыруға болады?» есебі берілсін:



- сызбаны дәптеріңе түсір;
- тағамды таңда;
- әр нүктенің тұсына тағамның бірінші әрпін жаз;
- неше түскі ас нұсқасы бар екенін анықта;
- жауабын жаз.

Бұл – есепті «мүмкіндіктер тармағы» сызбасының көмегімен шығару алгоритмі. Енді графтың көмегімен есепті шығару алгоритмін көрсетейік:



- сызбаны дәптеріңе көшіріп сал;
- нүктелердің тұсына тағамдардың бірінші әріптерін жаз;
- меңзермен (стрелкамен) қосылған әріптердің барлық жұбын жазып шық;
- неше түскі ас нұсқасы бар екенін анықта;
- түскі ас нұсқаларын сана және жауабын жаз.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне бұдан да басқа мақаламызда айтылған айқын емес түрде қарастырылатын алгоритмдерді оқыту әдістемесін үйретіп, олардың алгоритмдік сауаттылықтарын дамытуға болады.

Болашақ маман оқулықтарда берілген жаттығулардың (есеп, мысал, теңдеу) кез келгенін орындату барысында алгоритмді қолдана алуға дағдылануы тиіс.

Біз әдістемелік сабақтарда жаттығуларды орындатудың өзінің алгоритмін ұсынамыз: жаттығуды оқыт; оның жаттығудың қандай түрі екенін анықта; тапсырманың шартын не берілгенін қайта оқыт; нені табу немесе не орындау қажеттігін анықта; оқушылармен бірге отырып, тапсырманы талда; тапсырманы орындатудың жолын (тақтада не орындарында, жаппай не дара жұмыс, топтарға бөліп орындату) анықта; тапсырманы қорыт; нені тапқанын немесе не орындағандарын ататқыз; рефлексия жаса.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері оқушыларға математиканы оқыту барысында алгоритмдерді қолдану олардың тапсырмаларды ретімен орындауларына, білім мен біліктерінің жүйеленуіне, олардың негізгіні бөліп алу, талдау, жинақтау, қолдану, тіпті бағалау сияқты ойлау қабілеттерінің дамуына, тапсырмаларды орындау барысында түрлі нұсқалардың ішінен тиімдісін таңдап алуға үйренуіне мүмкіндік беретіндігін байқайды.

Соған сәйкес болашақтағы өз кәсібінде кез келген әрекет ету кезінде оның әр қадамын саналы түрде таңдап алып, түрлі нұсқалардың болатынын және солардың ішіндегі тапсырманы тез, шапшаң әрі дұрыс орындауға мүмкіндік беретін нұсқаларын іріктеп алуға біртіндеп үйрене бастайды, мұны бір сөзбен айтқанда, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің алгоритмдік сауаттылығы дамиды деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Математика» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен бекітілген). – Астана, 2018. – 77 б.

2 ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 15 тамыздағы № 484 қаулысымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2017. – 48 б.

3 Оспанов Т.Қ. Математика /оқу құралы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті. – Алматы, 2000. – 290 б.

4 Ланда Л.Н. Алгоритмизация в обучении. – М., «Просвещение», 1966. – 523 с.

5 Ақпаева Ә.Б., Лебедева Л.А., Мыңжасарова М.Ж., Лихобабенко Т.И. Математика. 3-бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 4-сынып оқушыларына арналған оқулық. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2019. – 160 б.

МРНТИ 20.01.45
УДК 371.214.14

Р. Берікқызы[1], Л.Б. Рахимжанова[1], Д.Н. Исабаева[2]

[1]әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан
[2]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ –МАТЕМАТИКАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа

Мақалада жаратылыстану-математикалық бағыттағы Информатика пәнін жаңартылған мазмұн бойынша оқыту әдістемесін талдау, өзекті мәселелерді шешу, оқушы дағдыларын қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер қарастырылады. Жаңартылған білім бағдарламасының мәні – баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі болып отырған 10-11 сынып оқушыларының кәсіби құзыреттілігі, өзін-өзі анықтауға арналған қалыптастыру және іс жүзінде кәсіби қызметінің бағытын саналы түрде жетілдіруге қажетті ресурстармен қамтамасыз ету. Бүгінгі күнгі мектеп тәжірибесінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді бағдарлы сыныптарда оқыту бірқатар қиындықтармен қабаттаса өтіп келеді, бұл әртүрлі бағдардағы оқушылардың оқу-танымдық ерекшеліктерінің ескерілмеуінен, оқу бағдарламаларының ғылыми ақпарат ауқымының арттырылуына бағдарлануынан туындап отыр. Осыған сәйкес салыстырмалы талдау жасап, информатиканы оқытуды бір ізге салу үшін оның ғылыми - теориялық негізін жасау өте маңызды болып табылады. Нәтижесінде оқушы алған білімін өмірде пайдалана алуы керек деп есептейміз. Информатика пәні бойынша оқытылатын тақырыптар оқушыға түсінікті, анық және нақты болған жағдайда ғана оқыту мен оқудағы нәтижеге қол жеткізе аламыз.

Түйін сөздер: инновациялық әдіс-тәсілдер, білім берудің жаңартылған мазмұны, ақпараттық технологиялар, функционалды сауаттылық.

Аннотация

Р. Берікқызы[1], Л.Б. Рахимжанова[1], Д.Н. Исабаева[2]
[1]Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан
[2] Казахский национальный педагогический университет им. Абая, г. Алматы, Казахстан

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ КУРСА ИНФОРМАТИКИ ЕСТЕСТВЕННО-МАТЕМАТИЧЕСКОГО НАПРАВЛЕНИЯ ПО ОБНОВЛЕННОМУ СОДЕРЖАНИЮ

В данной статье рассматривается анализ методики преподавания информатики естественно-математического направления по обновленному содержанию, решение актуальных проблем, методы и приемы, направленные на формирование навыков учащихся. Суть обновленной образовательной программы-формирование функциональной грамотности ребенка. Одной из актуальных проблем в современном мире является формирование профессиональной компетентности учащихся 10-11 классов, формирование и обеспечение необходимыми ресурсами для осознанного совершенствования практической профессиональной деятельности. На сегодняшний день в школьной практике обучение предметов естественно-математического направления в профильных классах сопровождается рядом трудностей, что обусловлено не учетом учебно-познавательных особенностей учащихся различных профилей, ориентацией учебных программ на увеличение объема научной информации. В соответствии с этим очень важно провести сравнительный анализ и создать научно - теоретическую основу для унификации обучения информатике. В результате считаем, что ученик должен использовать полученные знания в жизни. Результаты обучения могут быть достигнуты только в том случае, если изучаемые темы по информатике понятны, ясны и конкретны ученику.

Ключевые слова: инновационные методы и приёмы, обновлённое содержание образования, информационные технологии, функциональная грамотность.

Abstract

METHODS OF TEACHING THE COURSE OF INFORMATICS OF THE NATURAL-MATHEMATICAL DIRECTION ON THE UPDATED CONTENT

Berikkyzy R.[1], Rahimzhanova L.B.[2], Issabaeva D.N.[3]
[1]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
[2]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

This article is devoted to the analysis of methods of teaching computer science of natural and mathematical direction on the updated content, the solution of actual problems, methods and techniques aimed at the formation of students ' skills. The essence of the updated educational program is the formation of functional literacy of the child. One of the current problems is the formation of professional competence of students in grades 10-11, the formation and provision of the necessary resources for conscious improvement of the course of professional activity in practice. Today in the school learning of science and mathematics in profile classes accompanied by a number of difficulties, due to the breach of the educational-cognitive characteristics of students of different profiles, orientation of training programs to increase scientific information. In accordance with this, it is very important to conduct a comparative analysis and create a scientific and theoretical basis for the unification of computer science education. As a result, we believe that the student should use this knowledge in life. The results of teaching and learning can only be achieved if the topics studied in computer science are understandable, clear and specific to the student.

Keywords: innovative methods and techniques, updated content of education, information technology, functional literacy.

Бүгінгі таңда білім алушылардың компьютерлік сауаттылықтарын қалыптастыру – басты мәселе болып отыр. Білім саласының дамуы көшінен қалмай ілгерілеп дамып келеді. Министрліктің Білім және ғылымды дамытуға арналған 2016-2020 бағдарламасында айтылғандай жаңартылған білім мазмұнына сыныптарды кезеңмен көшу жұмыстары 2016 жылдан бастау алды. Алғашқы жылы 1-ші сыныптар, 2017 жылы 2-ші, 5-ші, 7-ші сыныптар көшсе, 2018 жылы 3-ші, 6-шы, 8-ші сыныптар енгізілді. Ал биылғы оқу жылында 4-ші, 9-шы, 10-шы сыныптар жаңартылған мазмұн бойынша оқуын бастап кетті. Жоспарлағандай келесі оқу жылында, яғни, 2020 жылы 12 жылдық құрылыммен барлық сыныптар аяқталады [1].

Осыған байланысты Қазақстандағы жаңартылған мазмұнда білім беру үдерісі заманауи тенденцияларға негізделіп отыр. Себебі, білім беру жаңаша мазмұнға еніп, оқытудың дамуға негізделген парадигмасы өзгеруде. Білім беру бағдарламасының мақсаты мен мазмұны – заманауи ағымымен қатар жас ұрпақты біліммен сусындату. Сонымен қатар білім алушылардың белсенді қызметтерін бағалайтын критериалды жүйені енгізу және оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін қолданудың тиімділігін арттыру басты қағидатымыз. Бұл тұрғыда, оқушы жетістігін нақты бағалау – білім берудегі ең басты мәселелердің бірі болып табылады.

«Ақпараттық Қазақстан - 2020» Мемлекеттік бағдарламасында «Білім беру саласында АКТ дамудың барлық жаңа үрдістерін ескеру және оларды білім беру процесінде қолдану еліміздегі білім беру деңгейін жаңа деңгейге шығаруға көмек береді» делінген [2]. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жылдам дамуы білім мен ілімді бағалау және қолдану жүйесінде қарқынды өзгертіліп келеді. Осыған байланысты оқыту мен оқуда жаңаша әдіс-тәсілдер, әдестемелер, технологиялар жаңартылып отырады. Қазіргі таңда мектеп оқушыларының функионалдық сауаттылығын дамытып, сапалы білім беруде, әрбір ұстаз алдында «тәжірибиемде өз бетімен білім ала алатын және алған білімін өмірде пайдалана алатын жеке тұлғаны қалыптастыруда оқытудың қандай инновациялық әдіс-тәсілдер мен технологияларын қолдансам?» деген сыни көзқарас, мақсат, міндеттер тұр. Бұл міндеттерді шешуде ақпараттық ресурстарды және техникалық жабдықтарды қолдана білу – үздіксіз сапалы білім берудің негізгі шарты деп санаймын.

Білім беру жүйесінің басты талабы болашақ ұрпаққа сапалы білім беруді үздіксіз дамыту. Бұл әлемдік білім берудің үздік тәжірибелерін алуға негізделеді. Біздің болашағымыз табысты, білімді, бәсекеге қабілетті, сапалы балалардың болуын талап етеді [3]. Сондықтан да оқыту мен оқу ісіне тиімді әдіс-тәсілдерді енгізіп, оқытудың сапасын арттыру керек. Қазіргі таңда білім беру ісі қарқынды ілгерілеу ырғағына қарай дамыту жолында атқарылып жатқан жұмыстар Республика көлемінде жүргізілуде. Оқу бағдарламасы бойынша оқу мақсаттарына берілетін критериалды бағалау, құзырлығын қалыптастырудағы жетістіктер, кері байланыстар мектеп оқушыларының танымдық үлгерімін арттыруға, жаңаша инновация мен көшбасшылықты қалыптастыруға қатысты дағдыларды, білім алудағы нақты мүмкіндіктерді пайдаланумен қатар, жаһандық мәдениет пен халықаралық тәжірибені көздейді. Жаңартылған оқу бағдарламасы мен бағалау жүйесін енгізу осы аталған мақсат-міндеттерді шешу жолындағы тиімді шаралар болып отыр.

Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту, «Информатика» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын әзірлеу осы үдерістің құрамдас бөлшегі болып табылады. Инфоратика саласы бойынша оқушылардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыру негізгі орта және жалпы орта білім беретін мектеп бағдарламасында жетекші орын алады, бұл информатиканың практикалық маңызымен, адамның қалыптасуы мен ойлауындағы мүмкіндіктермен, қоршаған әлемді танудағы ғылыми әдістер турлы түсінікті қалыптастырумен айқындалады.

Қазіргі заман ағымына қарай барлық салаларда еркін қолданысқа енген ақпараттық коммуникациялық технологиялар біздің өміріміздің құрамдас бөлігі болып саналады. Соның ішінде компьютерлік технологияларды қажетті қолдану заманауи сандық үлгіде көрсетілген әртүрлі ақпараттың түрлерімен жұмыс істеу барысын тездетеді әрі жеңілдетеді. Білім берудің басым бағыттарының бірі - білім алушылардың компьютерлік сауаттылық жоғарылату. Білім алушылардың компьютерлік дағдылары меңгеруі уақыт талабы болса, ондағы ақпараттық технологиялар кез-келген пәндерді оқытуда тиімді құралы ретінде қолданылуы тиіс және әртүрлі білім беру салаларымен байланыстыруға арналған ресурстар мен техникалық құрал-жабдықтар ұсынуынан туындап отыр [4]. Информатика саласын дамыту құзырлы ұстаздың белгілі бер деңгейінің кәсіби шеберлігіне, оқу үдерісіндегі нәтижелерге басым көңіл бөлуіне байланысты деп ойлаймын. Зерттеу барысында қарастырылатын жаратылыстану-математикалық бағыттағы Информатика пәнін жаңартылған мазмұн бойынша оқыту әдістемесі қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. 10-11 сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауға арналған құзыреттілігін қалыптастыру және іс жүзінде кәсіби қызметінің бағытын саналы түрде жетілдіруге қажетті ресурстармен қамтамасыз ету, соған сәйкес өзге мемлекеттердің білім беру жүйесімен салыстырмалы талдау жасай келе, информатиканы оқытуды бір ізге салу үшін оның ғылыми - теориялық негізін жасау өте маңызды деп есептеймін.

«Информатика» оқу бойынша информатиканы оқыту жаңа функционалдық міндеттерге ие. Ол оқушыларды ақпараттық құзыреттілікке, қоғамда ақпараттық технологиялардың алатын орнын білуге, ақпараттық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған. «Информатика» ақпараттық процестерді, сондай-ақ ақпаратты түрлендіру, сақтау, қолдану, тасымалдау әдістерін зерттейтін ақпараттық технологияларды қолданумен байланысты адамның тәжірибелік іс-әрекетінің дамып келе жатқан ғылым салаларының бірі болып табылады.

Қорыта айтқанда, жаңартылған білім бағдарламасының мәні – білім алушының функционалды сауаттылығын дағдыландыру. Білім алушының өзінің мектепте алған білімін сыныптан тыс жерде, яғни, өмірде қолдана білуге баулу. Осы міндет – мұғалімдерге білім беруде үлкен жауапкершілікті жүктейді.

Жаратылыстану –математикалық бағыттағы жаңартылған мазмұны бойынша информатиканы оқыту әдістемесін талдау тақырыбында магистранттармен семинар өткізілді. Ондағы мақсат: Информатиканы жаңартылған мазмұн бойынша оқыту әдістемесін талдау, өзекті мәселелерді шешу, оқушы дағдыларын қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдермен танысу.

Бүгінгі күнгі мектеп тәжірибесінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді бағдарлы сыныптарда оқыту бірқатар қиындықтармен қабаттаса өтіп келеді, бұл әртүрлі бағдардағы оқушылардың оқу-танымдық ерекшеліктерінің ескерілмеуінен, оқу бағдарламаларының ғылыми ақпарат ауқымының арттырылуына бағдарлануынан туындап отыр.

Ең алдымен 2019 жылы жаңартылған мазмұн бойынша жасалған 10 сыныптардың оқулығындағы тақырыптарды 9 сынып оқушыларына таныстырылды. Ақпарат беру барысында дамыған мемлекеттердің білім беру жүйесіндегі тақырыптарға салыстырмалы түрде талдау жасалынды.



Сурет 1. Салыстырмалы талдау. Информатика оқулығының мазмұны

Сонымен қатар 9-шы сынып оқушыларынан «Мектепте информатиканы қалай оқытқанды қалайсыңдар?» деген сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша «Компьютердің архитектурасына»-36%, «Логикалық тапсырмалар (ойлау қабілеттерін дамыту)»-24%, «Офистік бағдарламалар»-21%, «Бағдарламалау негіздері»-15%, «ОЖ мобильді негіздері»-3%, «Күрделі программалар»-1% пайыздық көрсеткіштер анықталды.

Сурет 2. Салыстырмалы диаграмма

Келесі оқушылардан және олардың ата-аналарынан критериалды бағалаудың қалай жүріп жатқаны туралы сұрақ-жауап алынып, зерттеу жүргізілді. Оқушы жетістігін нақты бағалау – білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Оқушылардың басым көпшілігі төмендегідей жауаптар ұсынды.

сұрақ	жауап
БЖБ және ТЖБ тапсырмалары	Сәйкес келеді 40%
	Сәйкес келмейді 60%
	Тапсырма нақты және түсінікті түрде берілсе
Кітап мазмұны	Өз бетінше ізденуге бағыттайды
	Мазмұны жеңіл берілген, бірақ кейбір қазақша сөздер түсініксіз
	Тапсырмалар қызықты құрастырылған
	Тест сұрақтары орташа деңгейде
Информатика сабағы	Аптасына көбірек оқытса, өйткені XXI ғасыр техника заманы
	Информатика сабағы ұнайды
	Өмірге керекті ақпарат қана берілсе

Сурет 3. Сауалнама нәтижесі

Информатиканың оқыту әдістемесін талдай келе, мұғалімдердің де пікірін білу маңызды болды. «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы «10-11 сыныпқа информатика пәнін оқыту қаншалықты тиімді?» деген сұрақ берілді.

1. *Пікір.* Өзіндік пікіріңізді бір сөйлеммен жазыңыз.
2. *Дәлел.* Өз пікіріңізді бір сөйлеммен дәлелдеңіз.
3. *Мысал.* Пікіріңізді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңіз.
4. *Қорытынды.* Тақырып бойынша қорытынды шығарыңыз.

Мұғалімдер 10-11 сыныпқа информатика пәнін оқытқан тиімді деп пікірін қалдырды. Оған дәлелі қазіргі заманда сұранысқа ие техникалық мамандыққа қажетті тақырыптар қамтылғанын атап өтті. Әсіресе IT саласында қолданылатын программалардың негізін алуы, заман талабына сай әрбір жаңа жабдықтамаға бейімделу мен техниканы пайдалана алуды жетілдіру керек деп қорытындылады.

Келесі әдіс-тәсілдің бірі – STEEPLE талдауы. Бұл талдауда «Қазақстанның болашағы үшін функционалдық сауаттылықтың қажеттілігі...» деген мәселе төңірегінде ой –пікірлерін ортаға салып, ұсыныстар қабылданды. STEEPLE S – әлеуметтік, T – технологиялық, E – экономикалық, E – қоршаған орта, P – саяси, L – құқықтық, E – этникалық факторлар.

Қатысушылардың пікірінше:

Әлеуметтік - халықтан сұраныс, одан күтілетін нәтиже және айлық мәселесін көтеріп, халықты сауаттандыру, сонда ғана Қазақстанның әлеуметтік жағдайы көтеріледі;

Технологиялық – жаңашыл даму жолындағы бейімделудің жеңілдігі, яғни жаңа технологияларды енгізіп соған сәйкес маман дайындау;

Экономикалық – экономикалық жағынан елге, халыққа пайдалы жағы;
Қоршаған орта – табиғатты қорғау немесе зиян келтірмеу жақтарына үлес қосу;
Саяси – дамыған мемлекеттердің қатарына қосылып, беделімізді, саяси мүмкіндігімізді арттыру;
Құқықтық – заңдағы жаңашылдықтарды, құқықтар мен міндеттерді білу;
Этникалық – ұлттық құндылықтарды жаңғырту деген ойлар туындады [5].

Кейстер әдісі

1. Проблеманы анықтау
2. Шешудің жолдарын іздестіру
3. Шешу жолдары бойынша салдарын болжау
4. Ең тиімді жолын таңдап алу

Бұл әдіс арқылы мұғалімдер мен ғалымдар туындаған мәселенің шешу жолдары мен проблемаларын анықтап, ортақ пікірге келді.

Қорытындылай келе, жаратылыстану бағыты бойынша 10-11 сыныптарда информатика пәнін оқыту жаңартылған мазмұндағы жаңа әдіс-тәсілдерді қамти отырып өткізілуі тиіс. Нәтижесінде оқушы алған білімін өмірде пайдалана алуы керек деп есептеймін. Информатика пәні бойынша оқытылатын тақырыптар оқушыға түсінікті, анық және нақты болған жағдайда ғана оқыту мен оқудағы нәтижеге қол жеткізе аламыз. Оқудың табыстылығы пәннің ерекшелігіне сәйкес жүйелі түрде тиімді әдістерді таңдай білетін ұстаздың шеберлігі мен құзіреттілігіне байланысты болатыны анық.

Сөзімнің соңында Махатма Гандидің мына сөзімен аяқтағым келіп тұр: «Егер сен болашақты өзгерткің келсе – ол өзгерісті өз уақытында жаса» деген екен. Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі оқыту мен оқудағы білім мазмұнын жаңарту жағдайында болып жатқан үлкен өзгерістер еліміздің болашағына, оны жүзеге асыруда еңбек етіп жүрген Біз бен Сіздерге толағай табыстар әкелетініне сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы.- Астана, 2000.*
2 *Қ.Р. Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010 – 6 б.*
3 *Абдуллина Г. Интерактивті оқыту таным белсенділігінің қазіргі бағыты // Ұлт тағылымы. - №2 - 2009 - 36-39б.*
4 *«Жаратылыстану пәндерін оқытудағы интербелсенді әдістер» Әдістемелік құрал / Құраст. Картабаева Д.А., Каракушекова Ф.Н. – Алматы, 2017. -104 б.*
5 *Сындарлы оқыту-сапалы білім бастауы: (деңгейлік курс білім алушыларының іс тәжірибесінен) - Алматы, 2013 – 170 б.*

МРНТИ 50.41
УДК 004.054

Ф.Р. Гусманова[1], *Г.А. Абдулкаримова*[2]

[1]*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан*
[2] *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

БЛОКТЫҚ ШИФРЛАУДЫҢ ДАМУЫНА ШОЛУ

Аңдатпа

Жаппай ақпараттандыру жағдайында ақпараттық қауіпсіздік пен ақпаратты қорғау проблемасы өзекті болып тұр. Жұмыста блоктық шифрлаудың дамуына шолу жасалған. Блоктық шифр - симметриялы шифрдың бір түрі. Блок шифрінің ерекшелігі - бірнеше байттан тұратын блокты бір итерацияда өңдеу. Блок криптожүйелері хабарлама мәтінін бөлек блоктарға бөліп, кілтті қолдана отырып, осы блоктарды түрлендіреді. Блоктық шифрлауға қатысты базалық ақпарат келтірілген, талдаудың негізгі нұсқалары көрсетілген. Осы тақырып бойынша білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысуға мүмкіндік бар екені негізделген. Блоктық шифрларды зерттеу бойынша халықаралық конкурстарға шолу жасалынған.

Электроникада қолдануға болатын сұлба келтірілген, ал программалау үшін да генерациялайтын алмастыру кестесі генерацияланды және ашылып жазылды. Осы екі тәсіл де эквивалент болып табылғандықтан, компьютерде шифрланған файлдың электрондық құрылғыда шифрын ашуға болады және керісінше.

Түйін сөздер: ақпараттық қауіпсіздік, криптожүйе, криптографиялық алгоритм, кілт, қорғау.

Аннотация

Ф.Р. Гусманова[1]*, Г.А. Абдулкаримова*[2]
[1] *Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан*
[2] *Казахский национальный педагогический университет им. Абая, г. Алматы, Казахстан*

ОБЗОР РАЗВИТИЯ БЛОЧНОГО ШИФРОВАНИЯ

В условиях всеобщей информатизации, существенно обострилась проблема информационной безопасности и защиты информации. В работе дан обзор развития блочного шифрования. Блочный шифр является разновидностью симметричного шифра. Его особенностью является обработка за одну итерацию блока нескольких байт. Блочные криптосистемы разбивают текст сообщения на отдельные блоки и затем осуществляют преобразование этих блоков с использованием ключа. Представлена базовая информация, касающаяся блочного шифрования, показаны основные варианты анализа. Отмечена возможность научно-исследовательской работы студентов по данной тематике, выполнен обзор международных конкурсов по исследованию блочных шифров. Приведена схема, которую можно применить в электронике, а для программирования генерирована и расписана таблица замены. В данном случае оба этих подхода являются эквивалентными, это означает, что зашифрованный файл на компьютере, расшифровывается на электронном устройстве и наоборот.

Ключевые слова: информационная безопасность, криптосистема, криптографический алгоритм, ключ, защита.

Abstract

OVERVIEW OF THE BLOCK ENCRYPTION DEVELOPMENT

Gusmanova F.R. [1]*, Abdulkarimova G.A.* [2]
[1] *Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*
[2]*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

In the conditions of universal Informatization, the problem of information security and information protection has significantly worsened. This work provides an overview of the block encryption development. Block cipher - a kind of symmetric cipher. A feature of the block cipher is the processing of a block of several bytes in one iteration. Block cryptosystems break the message text into separate blocks and then convert these blocks using a key. Basic information related to block encryption is presented, and the main analysis options are shown. The possibility of students' research work on this topic was noted, and the review of international competitions on block ciphers research was performed.

A diagram is shown that can be applied in electronics, and a replacement table is generated and painted for programming. In this case, both of these approaches are equivalent, meaning that an encrypted file on a computer is decrypted on an electronic device and vice versa.

Keywords: information security, cryptosystem, cryptographic algorithm, key, protection.

Кіріспе

Ғаламтордың кеңінен тарауымен байланысты ақпаратты жіберу мәселесі едәуір жеңілдеді, әйтсе де, жіберушіден алушыға жету жолында оны қорғау мәселелерінің қажеттілігі артуда. Блоктық шифрлар бекітілген ұзындықтағы биттер тізбегі (нөлдер мен бірлерден тұратын) түрінде берілген ашық мәтінді блок бойынша түрлендіреді [1].

1971 жылы Хорест Фейстель шифрлаудың әр түрлі алгоритмдерін жүзеге асыратын екі құрылғыны патенттеді, кейіннен ол «Люцифер» (ағылш. *Lucifer*) деп аталды [2]. Осы құрылғылардың бірі кейіннен «Фейстель» желісі (ағылшл. *Feistel cipher, Feistel network*) деп аталған құрылғыны пайдаланды. Сол кезде Хорест Фейстель Дон Копперсмитпен бірге IBM-де жаңа криптожүйелерді құрумен айналысты. «Люцифер» жобасы тәжірибелік болды, бірақ содан кейін DES (ағылш. *Data encryption standard*) алгоритмі үшін негізі болды. 1973 жылы «Scientific American» журналында Фейстельдің «Криптография және желілік қауіпсіздік» мақаласы жарияланды. Мақалада шифрлаудың кейбір маңызды аспектілері ашылды және «Люцифер» жобасының бірінші нұсқасының сипаттауы келтірілді. «Люцифер» жобасының бірінші нұсқасында Фейстель жүйесі пайдаланылған жоқ.

Уитфилд Диффи мен Мартин Хеллманның «Криптографиядағы жаңа бағыттар» (1976 ж.) мақаласы криптографиялық жүйелерде революция туғызды және ашық кілтті криптографияның негізін салды. Кейіннен әзірленген Диффи-Хеллман алгоритмі екі жаққа да ортақ қауіпсіз байланыс каналы бойынша құпия кілтті алуға мүмкіндік жасады. Әйтсе де, бұл алгоритм аутентификациялау проблемасын шеше алмады. Пайдаланушылар қосымша ресурстарсыз ортақ құпия кілтті кіммен генерациялайтынына сенімді бола алмайды. Осы мақаланы толығымен талдағаннан кейін Массачусет технологиялық институтының оқымыстылары Рональд Ривест, Ади Шамир және Леонард Адлеман ашық кілті бар криптографиялық жүйелер моделін жүзеге асыру мүмкіндігі бар математикалық функцияны іздеуге кірісті. 40 мүмкін нұсқаларды қарастырып, олар үлкен жай сандарды табу қарапайымдылығы мен екі үлкен жай сандардың көбейтіндісін көбейткіштеріне жіктеу күрделілігінің арасындағы айырмашылыққа негізделген, кейіннен RSA деп аталған алгоритмді тапты. Жүйе осы алгоритмді құрушылардың аттарының бірінші әріптерінен құралған аббревиатурамен аталды [3].

DES 56-биттік кілтті қабылдады, дегенмен есептеу техникасының дамуымен 2^{56} өлшемінен асып кетті және DES қабылдаушы ны таңдау үшін RSA компаниясымен жоба қарастырылды. Сонымен қатар, DES архитектурасы аппараттық жүзеге асырылуға бағытталған, ал шектеулі ресурстармен берілген платформаларда алгоритмдерді жүзеге асыру қажетті өнімділікті қамти алмайды. Rijndael шифры – блоктарды шифрлаудың симметриялы алгоритмі (блок өлшемі – 128 бит, кілт 128/192/256 бит) конкурста жеңіске жетті. Конкурстың атымен байланысты оны көбінесе AES (Advanced Encryption Standard) деп атайды.

Заманауи блоктық криптожүйелер программалық және программалық-аппараттық жүзеге асыру әдістеріне бағытталған. Блоктық криптожүйелер блоктық (топтық) шифртүрлендірулерді береді. Блоктық шифрлар биттермен үлкен көлемдегі манипуляциялардан алыстауға мүмкіндік беретіндіктен және компьютерге ыңғайлы мәліметтер блоктарымен амалдар орындауға болатындықтан олар ағындық шифрларға қарағанда жеңіл жүзеге асырылады.

Блоктық шифрлар ақпараттың бүтін блоктарын (4-тен 32 байтқа дейін) бір тұтас ретінде шифрлайды – бұл толық іріктелетін шабуылға түрлендіру беріктігін едәуір арттырады және әр түрлі математикалық және алгоритмдік түрлендірулерді пайдалануға мүмкіндік береді.

Блоктық криптожүйе М ашық мәтінді M_1, $. M_2$, ... блоктар тізбегіне бөледі және әрбір блокты K кілтінің көмегімен бір қайтымды E_k түрлендіруінің көмегімен шифрлайды: $E_k(M) = E_k(M_1), E_k(M_2)$. Олардың кез келгенін кілт элементтерімен және ашық мәтінмен, сонымен қатар олардың шамаларының туындыларымен жүргізілетін операциялар тізбегі ретінде қарастыруға болады.

Шифрлау алгоритм элементтерін таңдау жеткілікті түрде көп, әйтсе де, «элементар» операциялар жақсы криптографиялық қасиеттерді меңгерулері керек және ыңғайлы техникалық және программалық жүзеге асыруға мүмкіндік беруі керек. Негізінен келесі операциялар пайдаланылады:

- екілік векторларға модуль 2 бойынша биттік қосу (операцияның белгіленуі – $\oplus$; XOR)
- белгілі бір модуль бойынша бүтін сандарды қосу: мысалы, 2^{32} модулі бойынша қосу, операцияның белгіленуі – $\boxplus$

егер $a + b < 2^{32}$ болса, онда $a \boxplus b = a + b$;
егер $a + b \geq 2^{32}$ болса, онда $a \boxplus b = a + b - 2^{32}$,
мұндағы + бүтін сандарды қосу;

- белгілі бір модуль бойынша бүтін сандарды көбейту:

$ab(modn) = res\left(\frac{ab}{n}\right)$ – бүтін сандардың көбейтіндісін (ab) n санына бөлгендегі қалдық;

- екілік векторлардың биттерінің орын ауыстырып қою;
- екілік векторлардың элементтерін кестелік алмастыру.

Шифрлау алгоритмдерінің практикалық беріктігі операцияларды тізбектерге біріктіру ерекшеліктерінен де тәуелді болады. АҚШ пен Ресейдегі сәйкес DES–алгоритмі мен ГОСТ-28147-89 шифрлау стандарттары ретінде қабылданған шифрлаудың блоктық алгоритмдері блоктық жүйелерге мысалдар болып табылады.

Тікелей криптографиялық түрлендіру (шифрлау) ашық мәтін блогын сол ұзындықтағы шифрмәтінге аударады. Кері криптографиялық түрлендіру (шифрды ашу) шифрмәтін блогын ашық мәтіннің бастапқы блогына аударады. Құпия кілттің бар болуы - тікелей криптографиялық түрлендірудің орындалуының да, кері криптографиялық түрлендіруінің орныдалуының да қажетті шарты болып табылады. Көптеген блоктық шифрлардың блок разрядтылығы 64 битті құрады.

Тікелей криптографиялық түрлендіру келесі қасиетті қамтиды: ашық мәтіннің әртүрлі блоктары шифрмәтіннің әртүрлі блоктарында орналасады. Кері түрлендіруде сәйкестік сақталады. Тікелей түрлендіруді блоктың бекітілген өлшемімен хабарлар жиынындағы орын ауыстыру ретінде қарастыруға болады. Орын ауыстыру нәтижесі құпиялы сипатта болады, ол құпия компонентпен – кілтпен қамтамасыз етіледі.

Фейстель желісінің негізінде DES алгоритмі жобаланған болатын 1977 жылы АҚШ үкіметі DES стандартын берілгендерді шифрлаудың стандартты әдісі деп мақұлдайтын FIPS 46-3 стандартын қабылдады. Алгоритмнің итеративті құрылымы қарапайым программалық және аппараттық жүзеге асыруды құруға мүмкіндік берді.

Кейбір мәліметтерге сәйкес ССРО-да 1970 жылдары МҚК (КГБ) Фейстель желісін пайдаланатын блоктық шифрды дайындады және осы шифр 1990 жылы ГОСТ 28147-89 ретінде қабылданды.

1987 жылы FEAL және RC2 алгоритмдері дайындалды. Blowfish (1993), TEA (1994), RC5 (1994), CAST-128 (1996), XTEA (1997), XXTEA (1998), RC6 (1998) және т.б. сияқты алгоритмдер пайда болған 1990 жылдары Фейстель желілері кеңінен пайдаланылды.

1997 жылы 2 қаңтарда NIST институты DES-ті алмастыратындай, берілгендерді шифрлаудың жаңа алгоритмін дайындау бойынша конкурс жариялады. Жаңа блоктық шифр AES (ағылш. *Advanced Encryption Standard*) деп аталды және 2002 жылы 26 мамырда бекітілді. AES-те Фейстель желісінің орынына алмастыру-орын ауыстыру желісі пайдаланылды.

Фейстель желісі немесе Фейстель конструкциясы блоктық шифрларды құру әдістерінің бірі болып табылды. Желі Фейстель ұяшықтары деп аталатын ұяшықтардан тұрады. Әрбір ұяшықтың кірісіне берілгендер мен кілт түседі. Әрбір ұяшықтың шығысында өзгертілген берілгендер мен өзгертілген кілт алынады. Барлық ұяшықтар бір типті және желі көп рет қайталанылатын құрылымды береді деп айтады. Кілт шифрлау / шифрды ашу алгоритмдеріне байланысты таңдалынады және бір ұяшықтан екіншісіне өткен кезде өзгеріп отырады. Шифрлау және шифрды ашу барысында бір операциялар орындалады; тек кілт реті ғана ерекшеленеді. Операциялардың қарапайымдылығынан Фейстель желісі программалық сияқты, аппараттық та жеңіл жүзеге асырылады. Көптеген заманауи блоктық шифрлар (DES, RC2, RC5, RC6, Blowfish, FEAL, CAST-128, TEA, XTEA, XXTEA және т.б.) Фейстель желісін негізі ретінде пайдаланады. Алмастыру-орын ауыстыру желісі (AES және т.б.) Фейстель желісіне балама болып табылады.

Фейстель конструкциясы мәтінді мәтіннің бөліктерінің бірінен есептелген мән басқа бөліктеріне салынатын қайтарымды түрлендіру әдісі деп аталады. Желі құрылымы көбінесе келесі түрде орындалады: шифрлау және шифрды ашу үшін бір алгоритм пайдаланылады – айырмашылығы тек кілт материалын пайдалануда.

Екілік түрде (нөлдер мен бірлер тізбектері түрінде) және компьютер жадысында немесе басқа да құрылғыда (мысалы, файлда) берілген қандай да бір ақпаратты шифрлау талап етілсін.

Шифрлау алгоритмі:

Ақпарат бірдей (бекітілген) ұзындықтағы блоктарға бөлінеді. алынған блоктар алгоритм кірісіне түсетіндіктен *кіріс блоктары* деп аталады. Кіріс блогының ұзындығы бір мезгілде шифрлауға қабілетті таңдалынған шифрлау алгоритмінің өлшемінен (блок өлшемі) кіші болса, онда блок қандай да бір тәсілмен ұзартылады. Ереже бойынша блок ұзындығы екінің дәрежесі болып табылады, мысалы, 64 битті немесе 128 битті құрайды.

Блоктық шифрлау алгоритмінде берілгендерді өңдеудің тізбектелген қадамдарының бірі криптографияда раунд деп аталады. Фейстель шифрларында және шифрлар архитектурасы бойынша оған жақын – берілгендердің шифрланатын блогының бір немесе бірнеше бөлігі берілген функцияны қолдану жолымен жетілдірілетін шифрлаудың бір қадамы.

Таңдалынған блок бір өлшемдегі екі– «сол жақ» (L_0) және «оң жақ» (R_0) ішкі блокқа бөлінеді.

«Оң жақ» R_0 ішкі блок K_0 раундтық кілтті пайдалана отырып F функциясымен өзгеріледі:

$$x = F(R_0, K_0).$$

Нәтиже модуль 2 бойынша «сол жақ» L_0 ішкі блокпен қосылады:

$$x = x \oplus K_0.$$

Нәтижесі келесі раундта «оң жақ» R_1 ішкі блок рөлінде пайдаланылады:

$$R_1 = x.$$

Ағымдық раундтың «оң жақ» R_0 ішкі блогы келесі раундта (раудтың бастапқы мезетінде өзінің өзгерілмеген түрінде) «сол жақ» L_1 ішкі блок рөлінде пайдаланылады:

$$L_1 = R_0.$$

Қандай да бір математикалық ереже бойынша K_1 раундтық кілт – келесі раундта пайдаланылатын кілт есептеледі.

Аталған операциялар $N - 1$ рет орындалады, мұндағы N – таңдалынған шифрлау алгоритміндегі раундтар саны. Бұл жерде бір раундтан (кезең) басқасына өту арасында кілттер өзгереді: K_0 кілті K_1 кілтімен, K_1 кілті K_2 кілтімен және т.с.с алмастырылады.

Шифрды ашу

Ақпарат шифрын ашу шифрлау сияқты орындалады, бұл жерде тек кілттер кері ретпен орналасады, яғни біріншіден N-ге емес, керісінше N-шіден біріншіге қарай жүзеге асырылады.

Алгоритмдік сипатталуы

Ашық мәтін бірдей екі бөлікке бөлінеді: (L_0, R_0)

Әрбір раундта

$$L_i = R_{i-1} \oplus f(L_{i-1}, K_{i-1})$$

$$R_i = L_{i-1}$$

есептеледі, мұндағы, i – раунд нөмірі, $i = 1, \dots, N$; N – шифрлаудың таңдалынған алгоритміндегі раунд саны; f – қандай да бір функция; K_{i-1} – $i - 1$-ші раундтағы кілт (раундтық кілт).

(L_N, R_N) – N раундтың орындалу нәтижесі болып табылады. N раундта, шифрды ашу үшін де сол процедураны пайдалану мүмкін болу үшін L_N мен R_N ішкі блоктарының орындары ауыспайды. Кілттерді пайдалану реттері ауыстырылады ($K_0, \dots, K_{N-1}, K_N$ орнына $K_N, K_{N-1}, \dots, K_0$):

$$L_{i-1} = R_i \oplus f(L_i, K_{i-1})$$

$$R_{i-1} = L_i$$

Аздаған өзгерістің көмегімен шифрлау және шифрды ашу процедураларын орындауға болады.

Артықшылығы:

- пайдаланылатын f функциясынан тәуелсіз алгоритмнің қайтымдылығында;
- қаншалықты күрделі болса да f функциясын таңдау мүмкіндігінде.

Математикалық сипаттау

Мысалы, кіріске түсетін берілгендер блогы (кіріс блогы); A – қандай да бір инволютивті түрлендіру (немесе инволюция) – өзіне өзі кері болып табылатын өзара бірмәнді түрлендіру, яғни әрбір $(\forall)X$ үшін келесі өрнек ақиқат болсын:

$$AAX = A^2X = X, (\forall)X$$

Y – шығысында (нәтиже) алынатын берілгендер блогы.

A түрлендіруін X кіріс блогына түрленліруді бір реттік қолданғанда Y шығыс блогы алынады:

$$Y = AX$$

A түрлендіруін алдыңғы Y түрлендіру нәтижесіне қолдану кезінде келесі қатынасты аламыз:

$$AY = AAX = X, (\forall)X$$

X кіру блогы бірдей ұзындықтағы L және R ішкі блоктарынан тұрсын:

$$X = (L, R)$$

Екі түрлендіруді анықтаймыз:

$G(X, K)$ – X берілгендерін K кілтпен шифрлау:

$$G(X, K) = (G(L, R), K) = (L \oplus F(K, R), R)'$$

$T(L, R)$ – L және R ішкі блоктарының орындарын ауыстыру:

$$T(L, R) = (R, L)$$

Келесі белгілеулерді енгіземіз:

G түрлендіруін бір реттік қолдану:

$$\tilde{X} = (\tilde{L}, \tilde{R}) = GX$$

G түрлендіруін екі реттік қолдану:

$$\tilde{\tilde{X}} = \left(\tilde{\tilde{L}}, \tilde{\tilde{R}}\right) = G^2X$$

Шифрды ашу барлық түрлендірулерді кері ретпен қолдану арқылы жүргізіледі. Түрлендірудің әр қайсысының инволюнтивтілігінен к нәтижесінде кері рет бастапқы нәтижені береді:

$$X = G_1TG_2T \dots G_{m-1}TG_mT(Y_m) = G_1TG_2T \dots G_{m-1}T(Y_{m-1}) = \dots = G_1T(Y_1) = X$$

Фейстель желілерінде пайдаланылатын функциялар.

Түрлендірудің екі блогы бар ($f(L_i, K_i)$ функциясы)

- алмастыру блогы (s-блок, ағылш. s -*box*);
- орын ауыстыру блогы (p-блок, ағылш. p -*box*).

Бекітілген ұзындықтағы берілгендер блогын кез келген екілік түрлендіру s-блогы түрінде жүзеге асырылады. N үлкен болған жағдайда N-разрядты s-блокты құрудың күрделілігіне бпйланысты практикада қарапайымдау болып келетін конструкция қолданылады.

Блок термині түпнұсқада «функция» терминінің орнына пайдаланылады, осыған байланысты блоктық шифр жайында қарастырылады да, s және p блоктар цифрлық микросұлбалар (цифрлық блоктар) болады деп ұсынылады.

S-блок.

Алмастыру блогы келесі бөліктерден тұрады:

- дешифратор – n-разрядты екілік сигналды 2^n негізі бойынша бірразрядты сигналға түрлендіргіш;
- коммутатор жүйесі – ішкі қосу (мүмкін болатын барлық қосулар саны $2^n!$);
- шифратор – бірразрядты 2^n-реттік сигналды n-разрядты екілік сигналға түрлендіргіш.

n өте үлкен болған жағдайда n-разрядты s-блокты талдау қиынға соғады, қосу мүмкіндіктер саны (2^n) көп болғандықтан осындай блоктарды практикада жүзеге асыру да қиын болады. Практикада алмастыру блогы күрделірек жүйелердің бөлігі ретінде пайдаланылады.

Жалпы жағдайда s-блоктың кіріс / шығыс сандары беттеспеуі мүмкін, бұл жағдайда коммутация жүйесінде дешифратордың әрбір шығысынан бір ғана қосылудың шығуы міндетті емес, бұл жерде екі немесе одан да көп, немесе мүлдем шықпауы да мүмкін. Осындай мәселе шифратор кірісі үшін де ақиқат болады.

Электроникада төменде келтірілген сұлбаны тікелей қолдануға болады. Программалауда алмастыру кестесін генерациялайды. Осы екі тәсіл де эквивалент болып табылады, яғни компьютерде шифрланған файлдың электрондық құрылғыда шифрын ашуға болады және керісінше.

S-блок сұлбасы



Келтірілген 3-разрядты s-блок үшін алмастыру кестесі

Комбинация	*0*	*1*	*2*	*3*	*4*	*5*	*6*	*7*
Кіріс	*000*	*001*	*010*	*011*	*100*	*101*	*110*	*111*
Шығыс	*010*	*110*	*101*	*100*	*111*	*000*	*011*	*001*

Артықшылықтары:

- функцияның едәуір бөлігі заманауи компьютерлердің аппараттық деңгейімен қолдауына байланысты программалық жүзеге асыруының қарапайымдылығы (мысалы, 2 модулі бойынша қосу («xor»), 2^n модулі бойынша қосу, 2^n модулі бойынша көбейту және т.б.);
- Фейстель желісінде тұрғызылған алгоритмнің жақсы меңгерілуі.

Кемшілігі:

Бір раундта тек қана кіріс блогының жартысы шифрланады.

Қорытынды.

Ақпаратты шифрлаудың қажеттілігі мен ұсынылған шифрлар санының жеткілікті түрде үлкен болуынан блоктық шифрларды стандарттауға немесе қолдануға ұсыныс білдіретіндей бағытта бірнеше ірі конкурстар жарияланды. Мұның нәтижесінде АҚШ-тағы және барлық әлемдегі шифрлау стандарты сияқты DES қабылдаушысын іздеуге бағытталған AES жобасы болды. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар қарапайым болды: 128-биттік блок, 128-, 192- және 256-биттік құпия кілт, шифр 3- DES-тен кем болмауы керек, бірақ жылдамдығы оған қарағанда артығырақ болуы керек. Конкурсқа 20-ға жуық өтініш түсті, оның 15 шифры конкурсқа толығымен сәйкес келді. Бірінші кезеңнен кейін әр түрлі платформаларда тиімді жұмыс істейтінін және жақсы сенімділік көрсеткен бес шифр іріктеліп алынды. Олар толығымен зерттелініп, ешқандай кемшілігі жоқ деп мақұлданды. Әйтсе де, конкурс шарты бойынша бір ғана шифр таңдалыну керек болғандықтан, шешімнің айқындығымен және элеганттылығымен ерекшеленген бельгиялық Rijndael жұмысы таңдалынып алынды.

Осыдан кейін тағы екі конкурс - европада NESSIE (2000 ж.) және Жапонияда CRYPTREC ұйымдастырылды, бұл конкурстарда блоктық шифрлар ғана емес, сонымен қатар басқа да алгоритмдер зерттелінді [3].

42 өтініш түскен NESSIE (англ. New European Schemes for Signatures, Integrity, and Encryptions, электрондық қолтаңба, тұтастылық және шифрлауға арналған жаңа европалық алгоритмдер) жобасының негізгі мәселелері – мықты криптографиялық алгоритмдерді анықтау болды. Конкурсқа жіберілген алгоритмдердің ішінде конкурсқа ең көп қатысушылар Жапониядан болды. NESSIE конкурсының AES конкурсынан айырмашылықтарының бірі – шифрланатын мәліметтер блогының өлшеміне қандай да бір шектеу қойылмайды, сондықтан да конкурста 64-, 128-, 160- және 256-биттік блоктық шифрлар қарастырылды. NESSIE конкурсындағы алгоритмдер бағаланатын басты критерийлер ол – мәліметтердің құпиялылығы, тұтастылығы және аутентификациясы. NESSIE жобасы зерттеушілер, дайындаушылар және алгоритмдерді стандарттауға дейін тексеретін және салыстыратық серіктестер арасында көпір болды.

CRYPTREC (ағылш. Cryptography Research and Evaluation Committees) жобасы 2000 жылы өкіметтік және индустриалдық пайдалану үшін шифрлау әдістерін бағалау және ұсыну мақсатында жапон өкіметімен ұсынылды. Жоба мақсаты – электрондық мемлекеттің қауіпсіздігін бағалау және мониторинг жүргізу, шифрларды ұсыну, сонымен қатар, криптографиялық модульдерді бағалау критерийлерін орнатады. Жыл сайын наурыз айында CRYPTREC қызметі бойынша жылдық есеп беріліп, жарияланып отырады.

Блоктық шифрлаудың даму тарихымен танысу криптографияны меңгеру барысындағы – мәліметтерді құпиялылығының (ақпаратты басқа тұлғалардың оқу мүмкіндіктерінің болмауы, тұтастығының (ақпараттың байқаусыз өзгертілуінің мүмкін еместігі) және аутентификациялаудың (авторлықтың немесе объектінің қандай да бір қасиеттерінің түпнұсқасын тексеру)) әдістері туралы ғылым, сонымен қатар, авторлықтан бас тарту мүмкін еместігінде.

Криптография дамуының тарихи аспектілерімен студенттердің танысуы арқылы өзінің ой-өрісін кеңейту, ғылымның жүйелік байланысын орнату және математикалық пәндерді меңгеруге кәсіби бағытталған және осы салада мамандықты игеру сияқты мәселелер жүзеге асырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Конструкцияның массасы мен өлшемін азайту үшін саусақтар санын азайту, сонымен қатар, беріктіктері ұқсас, бірақ қолжетімді әрі жеңіл металлдар мен металлдар қорытпаларын, көміртекті-пластиктерді, т.б. қолдану қажет. Конструкция элементтерінің функционалдық конфигурациясына шектеу жасамайтындай етіп буындар саны мен олардың еркіндік дәрежелерін азайту – жобалау барысында аз санды жетекші буындарды қалдыруға мүмкіндік береді. Ал бұл өз кезегінде қозғалтуға арналған электромеханикалық құрылғыларды аз пайдалануға мүмкіндік бере отырып, ақырлы өнімнің өзіндік бағасын төмендетеді. Ал конструкция өлшемін кішірейту және массасын азайту жоғарыда аталған электрмеханикалық құрылғылардың жұмыс қуаттылығын азайта отырып, қолжетімді арзан аналогтарды қолдануға жол ашады.

Қорытынды. Қармаушы құрылғыны жобалау үшін бірнеше факторлар мен талаптарды ескеру қажет. Түзілуі тиіс күш пен айналу моментінің шамасы негізгі факторлардың бірі болып табылады. Сонымен қатар, нысанын геометриясы, материалы, қаттылығы және салмағы жайлы ақпарат болуы қажет, олар қармау түрін жобалау және таңдау кезінде маңызды сипаттамалар болып табылады. Қармау тақырыбы бойынша шетелдік және отандық ғылыми жұмыстар мен зерттеу жұмыстарына әдеби шолу жасалды. Қармау тәсілдеріне қарай мейлінше оңтайландырылған әдістердің артықшылықтары мен кемшіліктері талданды. Конструкция беріктігін арттыру және өлшемдері мен массасын, сондай-ақ, ақырлы өнімнің өздік бағасын төмендетуге арналған ұсыныстар ұсынылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Накано Э. Введение в робототехнику: пер. с япон. –М.: Мир, 1988. -334 с., ил.

2 Causey G.C., Элементы ловкости на производстве, 1999.-201 с.

3 Kurfess T.R. Руководство по робототехнике и автоматизации, CRCPress. 2004.-97 с.

4 Чжан М.Т. , Голдберг К. Проектирование роботизированных захватов: оптимальные краевые контакты для выравнивания деталей. Robotica , 25, 2007. С. 341.

5 Веласко Дж., В.Б., Ньюман В.С. Компьютерная настройка захвата и крепления с использованием технологии быстрого прототипирования. 1998 IEEE Международная конференция по робототехнике и автоматизации, 1998. Труды. 1998. Proceedings, vol. 4. С. 3658 – 3664.

6 Нгуен В.-Д.Построение захватов с принудительным закрытием. 1986 IEEE Международная конференция по робототехнике и автоматизации. Труды. 1986. С. 1368 – 1373.

7 Reuleaux F. Кинематика машин: основы теории машин, Макмиллан и компания. 1976.-155 с.

8 Солсбери Дж. К., Кинематический и силовой анализ суставных кистей, 1985.-105 с.

9 Бикки А.О замыкательных свойствах роботизированного захвата. Int. J. Robot. Местожительство, 1995. С. 319 – 334.

10 Лю С. , Карпин С.Глобальное планирование с использованием треугольных сеток. IEEE Международная конференция по робототехнике и автоматизации, ICRA. 2015. С. 4904 – 4910.

МРНТИ 49.38.49
УДК 002.6:004.65

Ж.Н. Оразбеков[1], А.Қ. Мошкалов[1], Қ.Ж. Сабраев[1]

[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

КОРПОРАТИВТІК ПОРТАЛ ОРТАСЫНДА ӨНДІРІС ДЕРЕКТЕРІН ӨҢДЕУ МЕН АЛМАСУ ПРОЦЕССІНДЕ КЕЗЕКТІ БАСҚАРУ АЛГОРИТМІН ОҢТАЙЛАНДЫРУ

Аңдатпа

Қазіргі таңда ұсақ кәсіпорындардың бірлестіктерге бірігу процесстері белсенді өтіп жатыр. Бірлестіктердің ақпараттық жүйесі дұрысында бірнеше аумақтық бөлінген бөлімдердің жұмысын қамтамасыз етуі керек.

Автоматтандыру процесі болашақ ақпараттық жүйеге кәсіпорын қызметін және негізгі ұсыныстарды әзірлеуді талдаудан басталады. Осыдан кейін ғана сол әлде басқа дайын жүйені таңдау немесе жеке істеп шығару мәселесі шешіледі. Бұл жағдайда базалық бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз ету, ақпараттық жүйенің функционалдық құрылымын жобалау, бөлінген деректер қорын жобалау және оның жұмыс істеу параметрлерін есептеу секілді бірқатар мәселелерді шешу керек. Бұл мақалада бірнеше бөлімшелері бар кәсіпорындарға арналған мамандандырылған корпоративті мәліметтер сақтайтын орынды басқарудың топологиялық моделін құру, модельде негізгі топологиялық объекттер түрінде өндірістік мәліметтерді жіберу арналары мен орта компоненттері, корпоративті мәліметтерді өңдеу мен алмасу процесінде кезектерді тиімді басқару алгоритмі мен математикалық моделі туралы баяндалған. Аталған модель корпоративті портал мәліметтермен ауысу және оларды өңдеу процесіндегі қосымша функция нәтижесі сипаталған.

Түйін сөздер: деректер ағыны, топология, имитация, модель, портал.

Аннотация

Ж.Н. Оразбеков[1], *А.Қ. Мошкалов*[1], *Қ.Ж. Сабраев*[1]
[1]*Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан*

ОПТИМИЗАЦИЯ ОЧЕРЕДНОГО АЛГОРИТМА УПРАВЛЕНИЯ В ПРОЦЕССЕ ОБРАБОТКИ И ОБМЕНА ПРОИЗВОДСТВЕННЫМИ ДАННЫМИ В СРЕДЕ КОРПОРАТИВНОГО ПОРТАЛА

Процесс автоматизации начинается с анализа деятельности предприятия и выработки основных рекомендаций к будущей информационной системе. Только после этого решается вопрос выбора той или иной готовой системы или разработки собственной. В этом случае, приходится решать целый ряд проблем таких как, выбор базового программного и аппаратного обеспечения, проектирование функциональной структуры информационной системы, проектирование распределенной базы данных и расчет параметров ее функционирования. В данной статье описывается топологическая модель управления специализированным предприятием управления корпоративным хранилищем данных, средства и компоненты передачи производственных данных в виде ключевых топологических объектов, алгоритм и математическая модель эффективного управления очередями в процессе обмена и обмена корпоративными данными. Эта модель описывает результат выполнения дополнительной функции в процессе передачи и обработки данных корпоративного портала.

Ключевые слова: поток данных, топология, имитация, модель, портал.

Abstract

OPTIMIZATION OF ANOTHER MANAGEMENT ALGORITHM IN THE PROCESS OF PROCESSING AND EXCHANGE OF PRODUCTION DATA IN THE ENVIRONMENT OF THE CORPORATE PORTAL

Orazbekov Zh.N. [1], *Moshkalov A.K.* [1], *Sabraev K.Zh.* [1]
[1]*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

Now actively there are processes of integration of small enterprises into corporations. Information system of the Corporation usually needs to provide work of several geographically dispersed units. The automation process begins with an analysis of th company's activities and formulate basic recommendations for a future information system. Only then the question of choosing a ready-made system or develop their own. In this case, it is necessary to solve a number of problems such as the choice of base software and hardware, design of the functional structure of the information system, designing distributed databases, and calculation of parameters of its functioning. This article describes the topological model of managing a specialized enterprise for managing a corporate data warehouse, tools and components for transmitting production data in the form of key topological objects, an algorithm and a mathematical model for efficient queue management in the process of exchanging and exchanging corporate data. This model describes the result of performing an additional function in the process of transferring and processing corporate portal data.

Keywords: Data flow, topology, simulation, model, portal.

Бастапқы кезеңдерде өндірістік деректердің ағынының түрлерін сипаттайтын параметрлер анықталады. Олар коммуникациялық жүктеменің тобын құрайды. Бірлескен порталдың коммуникациялық ортасы арқылы өткен деректердің агрегаттық ағынының іс-әрекетін сипаттауға AQM (Active Queue Management) механизмі бар жалпылама модель қолданылады [1].

Берілген математикалық модель бірлескен порталдың коммуникациялық ортасының деректер ағынының алмасу және өңдеу процесстерін қарастыруға сәйкес келеді. Деректер ағыны бейімделмеген UDP-трафик ретінде көрсетіледі. Ол бірлескен портал элементімен жасалады, ал жұмыс процессі ON/OFF Марков кездейсоқ процессімен түсіндіріледі. *x(t)* процессіндегі Марковтық ON/OFF процесстері ON/OFF уақыт периодтарымен экспоненциалды бөлінген Пуассондық стохастикалық дифференциалдық теңдеуінің қолданылуымен қалыптасуы мүмкін:

$$dx(t)=(1-x(t))dN_1(t)-x(t)dN_2(t),x(0)\in\{0,1\} \tag{1}$$

мұндағы $N_1(t)$ және $N_2(t)$ интенсивтілігі λ және μ білдіретін Пуассондық есептеуіштер. N өндірістік деректердің алмасу және өңдеу процесстерінің Пуассондық есептеуіштері пакеттер ағыны үшін тең:

$$dN=\left\{\frac{1,\text{пакет тускен жагдайда}}{0,\text{кері жагдайда}}\right. \tag{2}$$

$$E[dN]=|dt, \tag{3}$$

Мұндағы λ– Пуассондық процесстің пакеттерінің ағынының инсивтілігі. Математикалық күтімді дифференциалдық теңдеудің екі жағынан алсақ нәтижесінде пайда болады:

$$\frac{d}{dt}E[x(t)] = (1 - E[x(t)]\lambda - E[x(t)]\mu) \tag{4}$$

Орнықты күйде:

$$x_0 = E[x] = \lambda/(\lambda + \mu) \tag{5}$$

Корреляцияны анықтау үшін қарасытырылады:

$$dx(t)x(0) = (1 - x(t))x(0)dN_1(t) - x(t)x(0)dN_2(t) \tag{6}$$

Математикалық күтімді екі жағынан алғанда нәтижесінде болады:

$$\frac{d}{dt}E[x(0)x(t)] = -(\lambda + \mu)E[x(0)x(t)] + \lambda E[x(0)] \tag{7}$$

Бастапқы шарт бойынша $E[x(0)x(0)] = E[x(0)] = \lambda/(\lambda + \mu)$

Теңдеудің шешімі болады:

$$E[x(0)x(t)] = \frac{\lambda}{(\lambda + \mu)^2}\left(\mu e^{-(\lambda+\mu)|t\ |} + \lambda\right), t > 0 \tag{8}$$

Бұл математикалық модель тек деректер ағынынының іс-әрекетін сипаттайды. Бірлескен портал ортасындағы деректердің ағынының алмасу және өңдеу процесстерін терең зерттеу үшін имитациялық модель құрастыру қажет. Бірлескен портал ортасындағы өндірістік деректер ағынының екінші компоненті болып өндірістік деректердің TCP-ағынының алмасу және өңдеу моделі есептеледі. Сонымен қатар қолданушы бұл параметрлерді өзгерте алады. Өндірістік деректердің TCP-ағынының іс-әрекетін түсіндіру үшін бірлескен порталдың коммуникациялық ортасының компоненттері арқылы өткенде TCP хаттамасының динамикалық ағындық моделі қолданылады [2]. Бірлескен порталдағы коммутациондық ортаның өндірістік деректерінің TCP-ағынының өңдеу және алмасу процесстерінің берілген моделін екі сызықсыз дифференциалдық теңдеумен түсіндіруге болады(модель жеңілдетілген түрде болады және тайм-ауттар саналмайды).

$$W'(t) = \frac{W(t)W(t - R(t))}{2R(t - R(t))}p(t - R(t)) \tag{9}$$

Бірінші теңдеу $W_i(t)$ айнымалы терезесінің көлем күйінің динамикасын көрсетеді.

$$q'(t) = \frac{W(t)}{R(t)}N(t) - C \tag{10}$$

Екінші теңдеу q(t) кезегінің күйін көрсетеді.

$$\begin{aligned} &q'(t \to 0)\ \ R(t) \geq 0 \\ &\qquad q'(t) \to \max R(t) < 0 \end{aligned} \tag{11}$$

Мұндағы $x'(t)$– x уақыт бойынша туындысы.Қалған айнымалы теңдеулер хаттаманың төменде көрсетілген параметрлерін білдіреді:

W – TCP терезесінің мөлшері, өндірістік деректердің пакеттерінде өлшенеді;
q – кезектің ұзындығы, өндірістік деректердің пакеттерінде өлшенеді;
R – round-trip time $(RTT) = \frac{q}{c} + T_p$ секундпен өлшенеді;
C – дерек жіберу каналының өткізу жалпақтығы, пакет/сек өлшенеді;
TP – өндірістік дерек пакеттерінің таралуының тоқтатылуы, сек;
N – TCP сеанстарының саны;
P – өндірістік деректер пакеттерінің маршрутизатордағы кезегінен түсу ықтималдығы.

W терезесінің мөлшері мен qкезегінің ұзындығы келесі интервалдарда оң мағына қабылдайды:

$q \in [0, q]$, q – кезектің максималды өлшемі,

$W \in [0, W]$, W – терезенің максималы өлшемі.

Өндірістік деректердің пакеттерінің түсу ықтималдығының мағына интервалы құрайды [0,1]. Көрсетіліп отырған модельдің негізгі ерекшелігі оның деректері бойынша кезек ұзындығының өзгеру динамигін анықтауға болатындығы. Бірақ, бірлескен порталдың коммутациондық ортасының деректерінің әртүрлі ағынының санының көп болуына байланысты дұрыс нәтиже алуға кедергі жасайтын қиын процесстер пайда болады [3], бұл жағдайда имитациялық моделді қолдану дұрыс шешім болып табылады.

Ең алдымен имитациялық моделдің топологиялық және конфигурациялық параметрлерін анықтау керек. Бірлескен порталдың коммуникациялық ортасының өндірістік деректер ағынының алмасу және өңдеу процесстеріне тығыз әсер ететін,бірлескен портал коммуникациялық ортаның компоненттері арасындағы топологиялық байланысты екі түрге ажыратады. Бірлескен порталының коммуникациялық ортасының топологиясының бірінші түрі – "тар алқым" деп аталады (сурет 1). Берілген моделдің құралдары арқылы өндірістік деректер ағынын түрлі дереккөздермен араластыру кезінде бірлескен порталдың коммуникациялық ортасының нақты бір компоненттерінде қайта жүктеуді имитациялауға болады.



Сурет 1. Имитациялық моделдің топологиялық сұлбасы

Коммуникациялық ортаның әрбір компонентінде қайта жүктеудің алгоритмдерінің біреуі жұмыс жасайды: RED, CBQ, DropTail. Бірлескен порталдың коммуникациялық ортасының өндірістік деректерінің пакеттерінің кезегімен белсенді басқару параметрлері сонымен қатар осы параметрлер тобында да орнатылады. Бірлескен порталдың коммуникациялық ортасының өндірістік деректерінің алмасу және өңдеу процесстерінің имитациялық моделі деректер пакетінің тоқтатылуы, деректер пакетінің жоғалту пайызы бойынша дұрыстығына тексеріледі. Ал біздің КП деректерін өңдеу мен алмасу процессін оңтайландыру алгоритмі RED алгоритмінің жетілдірілген түрі ретінде пайдаланылады. Осы құрылған алгоритм деректер пакетінің кезегін басқаруға арналған, ал оны пайдаланған кезде, мынадай сипаттамларды қарастырған жөн: каналды пайдалану және бірлескен порталдың коммуникациялық ортасының компонентіндегі кезектің орташа ұзындығының іс-әрекеті. Порталдың коммуникациялық ортасының аралық компоненттерінде топологиялық моделін TCP деректер ағынында қолданылады. Ағын қарқындылығының кезегін басқаратын алгоитрмдер арқылы реттеу деректерді тасымалдау процесстерінің модельдерін құру және талдау үшін көптеген тәсілдер мен амалдар қолданылады. Мысалы, модель дискретті уақытты бірінші реттіліктегі екпінді динамикалық модель болып табылады және көптеген теңдеулердің жиынтығы арқылы анықталады [4].

Стандартты (Tail drop немесе RED) алгоритмдерінде маршрутизатор немесе басқа желілік жабдықтарта өтетін деректер пакетінің максималды саны артқан кезде деректер пакетінің кезектегі жүктелмеген деректер пакеті тасталады. Ол Tail drop алгоритміне тән. Ал RED алгоритмі FIFO (First In, First Out —«бірінші келді – бірінші кетті») принципімен жұмыс жасайды. Міне осындан кейін деректер ағыны өтетін буферлерде деректер саны үнемі артатын болса, желі шамадан тыс жүктеліп деректер өтуі қиындайды. Нәтижесінде, Tail drop немесе RED алгоритмдері маршрутизаторлардың жады кеңістігін тиімсіз пайдаланады. Сондай-ақ, бірнеше TCP сеанстарында желі шамадан тыс жүктеледі (маршрутизаторға пакеттерді инициализациялаудың үлкен саны келгенде). Осындай тым көп жүктеулерден қорғауды қамтамасыз етпейтін TCP бағдарламалары желіде тежеуді тудырады.

Осындай жетіспеу салдарын жетілдіруге құрылған алгоритм кезектің өлшемін қадағалайды және статистикалық ықтималдық негізінде пакеттерді жібереді. Мұнда, деректер ағынының қызыл түсі өлшемі жоғары ағындарды көрсетеді, және ол кезекке бірінші жіберіледі. Ал деректер ағынының сары түсі өлшемі орташа деректер ағын, ол кезекке екінші қойылады, ал деректер ағынының көк түсі өлшемі кіші деректер ағынын білдіреді, ол өлшемдегі деректер ағыны соңынан жіберіледі (сурет 2). Бұл құрылған алгоритмнің негізгі қасиеті.



Сурет 2. Құрылған алгоритмнің жұмыс істеу принципі

Егер буфер іс жүзінде бос болса, онда барлық пакеттер қалыпты режимде өткізіледі. Кезекте өсу басталса, деректер ағынын шектеу ықтималдығы да өсе бастайды.

Басқаша айтқанда, маршрутизатордың аралық өлшемі белгілі бір шекті мәннен асып кеткен кезде кіретін пакетті шығару ықтималдығы осы шекті асып кету дәрежесіне байланысты болады [5,6]. Сондықтан құрылған алгоритм басқа алгоритмдерге қарағанда әлдеқайда тиімді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Константинов И.С. Моделирование процессов информационного обмена в корпоративных сетях на основе теории массового обслуживания. - 2007.с.132-137.

2 Демидов А.В. Модель подсистемы разграничения доступа системы управления информационным обменом сети корпоративных порталов - 2012. - 65с.

3 Вавилова А.А. Имитационное моделирование производственных систем - 1983. - 321 с.

4 Кемельбекова Ж.С., Ашигалиев Д.У., Сембиев О.З. Вычисления пропускной способности подсети коммутации каналов на асинхронной сети // Известия научно – технического общества «КАХАК». – Алматы, 2010. - №5 (30). - С. 10 – 14.

5 Давыдов Е.Б., Злотников Ю.С. Тенденции процессов разработки и исследования протоколов сетей связи. – 1987. - №2. - С. 79-88.

6 Naizabayeva L., Orazbekov ZH.N., Nurzhanov CH. A, Satymbekov M. N., Turken G. Distributed database for corporate information control system over enterprises network. Vestnik Kaznrtu №2 (126), 2018, pp 139 – 147

УДК 004.056.57(084.93)
МРНТИ 81.96.00

Ә.Ғ. Оспан[1], М.Е. Мансурова[1], Е.Х. Какимжанов[1]

[1]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

РАЗРАБОТКА ГИБРИДНОЙ МОДЕЛИ ДЛЯ ЭФФЕКТИВНОГО РАСПРЕДЕЛЕНИЯ ВОДНЫХ РЕСУРСОВ НА ОСНОВЕ МОДЕЛИ ПРОГНОЗИРОВАНИЯ

Аннотация

Разработка модели для эффективного применения водных ресурсов является одной из приоритетных задач Казахстана. Около половины поверхностных вод республики (44,9 куб км.) поступает с территории сопредельных государств. По прогнозам специалистов, увеличивающийся водозабор соседними странами и ухудшение качества воды в реках страны может привести к экологической катастрофе. В связи с этим актуальным решением будет анализ и обсуждения моделей для эффективного распределения водных ресурсов на трансграничных речных бассейнах, которые уже успешно применяются в мире.

В статье рассмотрены эффективные модели и пути решения проблем водных ресурсов в трансграничных реках, которые уже применялись к трансграничным рекам, также на основе этих моделей построена гибридная модель, которую возможно будет применять к трансгрнаичным рекам страны.

Ключевые слова: трансграничные реки, модель прогнозирования, оптимизация «серый волк», гибридная модель.

Аңдатпа

Ә.Ғ. Оспан[1], М.Е. Мансурова[1], Е.Х. Какимжанов[1]
[1]Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы

БОЛЖАУ ӘДІСІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН СУ ҚОРЫНЫҢ ТИІМДІ ҮЛЕСТІРІЛУІНІҢ ГИБРИДТІ ҮЛГІСІН ҚҰРУ

Су ресурстарын тиімді пайдалану моделін құру Қазақстан үшін маңызды тапсырма болып табылады. Республиканың жер үсті суларының жартысына жуығы (44,9 текше км) көрші елдердің аумағынан келіп түседі. Сарапшылардың пікірінше, көрші елдердің су алуы мен ел өзендеріндегі су сапасының нашарлауы экологиялық апатқа әкелуі мүмкін. Осыған байланысты әлемде сәтті пайдаланылатын трансшекаралық өзен бассейндерінде су ресурстарын тиімді бөлу модельдерін талдау және талқылау өзекті шешім болады.

Бұл мақалада трансшекаралық өзендерге қолданылған трансшекаралық өзендердің су ресурстары проблемаларын шешудің тиімді модельдері мен жолдары қарастырылады, және осы модельдердің негізінде елдің трансшекаралық өзендеріне қолданылуы мүмкін гибридті модель құрылған.

Түйін сөздер: трансшекаралық өзендер, болжау моделі, «сұр қасқыр» тиімділігі, гибридті модель.

Abstract

DEVELOPMENT OF A HYBRID MODEL FOR THE EFFECTIVE DISTRIBUTION OF WATER RESOURCES BASED ON A PREDICTION MODEL

Ospan A.G. [1], Mansurova M.E. [1], Kakimzhanov Y.Kh. [1]
[1]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty

The development of a model for the effective use of water resources is one of the priorities of Kazakhstan. About half of the Republic's surface water (44.9 cubic km) comes from the territory of neighboring countries. According to experts, the increasing water intake by neighboring countries and the deterioration of water quality in the country's rivers can lead to an environmental disaster. In this regard, the analysis and discussion of models for the efficient allocation of water resources in transboundary river basins, which are already successfully used in the world, will be an urgent solution.

This article discusses effective models and ways to solve water resources problems in transboundary rivers that have already been applied to transboundary rivers, and based on these models, a hybrid model is built that can be applied to transboundary rivers of the country.

Keywords: transboundary rivers, projection pursuit model, prediction model, gray wolf optimization, hybrid model.

Введение

Проблема нехватки пресной питьевой воды с 20 века рассматривается как глобальная проблема современности. Население планеты стремительно растёт и при этом возрастает потребность в чистой питьевой воде [1]. Почти все крупные реки на Земле являются *трансграничными*, то есть протекает хотя бы через две страны [2]. Для Казахстана использование водных ресурсов трансграничных рек - это особая и достаточно серьезная тема. За последние 15 лет наблюдается тенденция сокращения естественных ресурсов поверхностных вод Казахстана [3]. По оценкам экспертов, увеличивающийся водозабор соседними странами приведет к нарушению сложившегося режима водоснабжения и сильно ударит по промышленности и сельскому хозяйству северо-восточных и центральных областей РК [4]. В связи с этим *цель* данной статьи – это анализ и обсуждения моделей, которые реализовывают эффективное распределение водных ресурсов на водосборных бассейнах, задача – на основе этих моделей построить гибридную модель, которую возможно будет применять для водосборых бассейнов Казахстана. В этой статье мы рассмотрим следующие модели:

1) региональная климатическая модель в сочетании с физической гидрологической моделью (WEHY-Watershed Environmental Hydrology Model);
2) интегрированная модель распределения водных ресурсов на основе модели прогнозирования и модели оптимизации «серый волк» (PPMGWO - Projection Pursuit Model and Gray Wolf Optimization).

На основе этих вышеуказанных моделей в данной статье построена гибридная модель, состоящая из моделей WEHY и PPMGWO.

Методы исследования

2.1 Региональная климатическая модель в сочетании с физической гидрологической моделью (WEHY-Watershed Environmental Hydrology Model).

Первый метод это - модель гидрологии водосбора окружающей среды (WEHY), которая была применена для водосборной реки Тао. По полученным результатам можно увидеть что эта модель успешно применяется на сегодняшний день для оценки и анализа распределения водных ресурсов на реке Тао [5]. Модель WEHY была реализована на основе информации о топографии, которая была получена из глобальных спутниковых данных (*Рисунок 1*).

Рисунок 1. Схематическое описание модели WEHY

Входной информацией для модели гидроклимата являются глобальные данные повторного анализа (ERA-20C) [6], которые затем динамически уменьшаются с помощью региональной климатической модели [7], а затем вводятся в гидрологическую модель для реконструкции гидрологических данных [8]. Атмосферные данные [9] состоят из данных ERA-20C [10] повторного анализа в уменьшенном масштабе с восемью различными переменными: *1) осадки, 2) температура воздуха, 3) скорость ветра, 4) коротковолновое излучение, 5) длинноволновое излучение, 6) давление, 7) коэффициент смешения, 8) высота геопотенциала* [11].

Используя модель WEHY, можно восстановить гидрологические данные по водоразделу, основываясь на их входных данных, полученных в результате построения модели исследования и прогнозирования погоды (WRF-Weather Research and Forecasting Model). Откалиброванная и проверенная модель WEHY может быть использована для прогнозирования будущего водоснабжения из водосбора под атмосферными входами из будущих климатических прогнозов глобальных климатических моделей. Наряду с реконструкцией данных этот подход позволяет моделировать соответствующие атмосферные и гидрологические переменные, поэтому анализ этих переменных может выявить причины сообщаемых результатов, хотя определение причинно-следственной связи может осложняться нелинейностью атмосферных и гидрологических процессов. Наконец, что не менее важно, результаты этого исследования имеют точное временное разрешение (ежечасно), приложение может быть использовано для оценки гидрологических рисков, таких как наводнения и засухи.

2.2. Интегрированная модель распределения водных ресурсов на основе модели прогнозирования и оптимизации «серый волк» (PPMGWO- Projection Pursuit Model and Gray Wolf Optimization).

Второй метод – инновационная интегрированная модель PPMGWO для оптимизации использования водных ресурсов в трансграничном речном бассейне, которая интегрирована с помощью модели прогнозирования (PPM) [12] и модели оптимизации «Серый волк» (GWO) (*Рисунок 2*).

Рисунок 2. Схематическое описание модели PPMGWO

Модель PPMGWO предназначена для оптимизации распределения водных ресурсов в трансграничных речных бассейнах. Это исследование применялся к бассейну реки Сунхуа и 25 блоков управления в качестве примеров, принимая модель PPMGWO, предложенную в этом исследовании, для распределения количества воды. В этом исследовании выбираются 15 показателей распределения водных ресурсов в трансграничных речных бассейнах и регионах, что согласуется с реальностью [13].

Основной принцип модели PPM - проецировать высокоразмерные данные в низкоразмерное подпространство через определенную комбинацию, отражать структуру или характеристики исходных высокоразмерных данных путем минимизации индекса проекции и анализировать структуру данных в низкоразмерном пространстве, чтобы реализовать цель изучения и анализа данных больших размеров. PPM может использоваться при распределении количества воды, а процедура его алгоритма состоит из 5 шагов.

Оптимизатор «Серый волк» (GWO) – это новейший интеллектуальный алгоритм оптимизации стаи, который реализует объективную оптимизацию, имитируя такие действия серого волка в стае, как: 1) *кластерное лидерство; 2) окружение жертвы; 3) охотничье поведение.* Этот алгоритм имеет такие преимущества, как быстрая скорость слияния, широкие возможности глобальной оптимизации и т.д. Интегрированный алгоритм модели PPMGWO разработан путем анализа атрибутов многоцелевой модели PPM и алгоритма GWO. Процедура реализации водораспределения модели PPMGWO состоит из 5 шагов. Очевидно, что модель PPMGWO учитывает как экологическую справедливость промышленно развитых городов, так и устойчивое развитие сельскохозяйственных городов. Результаты моделирования показывают, что количество воды, которое может быть распределено во всех контролях, демонстрируют общую тенденцию к увеличению при разумной и равной эксплуатации и использовании водных ресурсов [14].

2. 3 Гибридная модель на основе моделей WEHY и PPMGWO.

Проанализировав две эффективные модели для решения проблем водосборных бассейнов, мы можем построить модель, которая будет применена для водных ресурсов трансграничных рек Казахстана (*Рисунок 3*).

Рисунок 3. Схематическое описание гибридной модели на основе моделей WEHY-WRF и PPMGWO

Особенностью этой модели является то, что здесь рассматриваются как глобальные климатические влияния на бассейн реки, так и использование водных ресурсов для разных целей (сельскохозяйственная деятельность, урбанизация и т.д.). В первой части гибридной модели (WEHY-WRF) мы используем атмосферные, гидрологические и климатические данные с 1970 г., с помощью которых мы можем увидеть статистику осадков, таяние ледников, изменение климатических данных, что напрямую влияет на объем воды в речном бассейне, также откалиброванные данные гидрологической модели могут быть использованы для прогнозирования будущего водоснабжения из водосбора под атмосферными входами из будущих климатических прогнозов глобальных климатических моделей. После построения гидрологической модели для трансграничных рек, по полученным результатам будем реализовывать вторую часть гибридной модели (PPMGWO).

Во второй части модели мы видим, что здесь выбираются показатели, касающиеся человеческих факторов, таких как экологическое состояния исследуемой области, площадь сельскохозяйственной промышленности, число населения, объем потребления воды и т.д., что позволяет получить более точный результат с минимальным отклонением от данных больших размеров, также контролирует разумную эксплуатацию водных ресурсов, эффективное повышение коэффициента полезного использования водных ресурсов и увеличение коэффициента повторного использования промышленной воды в будущем.

Так как ресурсы воды бассейнов трансграничных рек напрямую зависит и от природных явлений, и от действий человека, разумным будет использование двух моделей, применяя только те их данные и процессы реализации, что будут максимально эффективные для решения проблем трансграничных рек страны.

Обсуждения. В исследовательской работе имеются ряд слабых мест, один из них - абстрактное представление создаваемой модели, т.е. на практике еще не применялась данная гибридная модель. Также здесь будут проблемы по восстановлению данных рек Казахстана. По этой причине сделать вывод, что модель будет успешна применена для трансграничных рек Казахстана будет неверно. В дальнейшем будет разработана программа для гибридной модели, которая сможет показать ее применимость для рек страны. По данной статье цель достигнута, сделан анализ моделей, и на основе них создана гибридная модель. Перспективы дальнейших исследований будут связаны теперь с реализацией этой гибридной модели.

Выводы. По полученным результатам сделан вывод, что построенная гибридная модель в будущем будет успешна применяться для решения проблем дефицита вод страны. Так как модель WEHY-WRF успешно применяется для водосборной реки Тао с 2018 г., а модель PPMGWO для реки Сунхуа и ее 25 блоков с 2015 г., есть предположение что, эти модели объединившись, покажут наилучший результат. В дальнейшем наша задача реализовать приведенную выше гибридную модель в программе Python, используя актуальные данные трансграничных рек Казахстана. Глобальные данные будут восстановлены с помощью программы Google Earth Engine, который имеет набор данных Data Set с 1970-х гг. При завершении этой исследовательской работы гибридная модель в будущем позволит показывать изменения объема воды рек, прогнозировать и управлять неблагоприятными явлениями, как засуха, загрязнения и т.д., также демонстрировать разумную и эффективную эксплуатацию использования водных ресурсов.

Список использованной литературы:

1 *Александра Кушнаренко. Дефицит пресной воды: проблемы и способы решения// The wall [Электрон.ресурс] .– 2015. – URL: http://thewallmagazine.ru/lack-of-fresh-water (дата обращения: 12.03.2020).*

2 *Елемесов Р. Водные ресурсы Земли и глобализация водных проблем// Вестник КазНУ [Электрон.ресурс]. – 2016. - URL: https://articlekz.com/article/16304 (дата обращения: 07.01.2020).*

3 *Есполов Т.И., Тлеулесова А.И., Жексембаева Г.К. Иле-Балкашский трансграничный бассейн: проблемная ситуация и пути ее решения// Ізденістер, нәтижелер. Исследования, результаты. [Электрон.ресурс] . – 2012. – URL: https://articlekz.com/article/12802 (дата обращения: 11.12.2019).*

4 *Зубаиров Б. Проблемы водной безопасности на примере бассейна Реки иле в контексте сокращения площади оледенения// Доклады молодых ученых. – 2014. –С. 185-191.*

5 *Ho C., Trinh T., Nguyen A., Nguyen Q., Ercan A., Kavvas M.L.. Reconstruction and evaluation of changes in hydrologic conditions over a transboundary region by a regional climate model coupled with a physically-based hydrology model: Application to Thao river watershed// Science of the Total Environment. – 2019. –P .– 668, 768–779.*

6 *Ho, C., Nguyen, A., Ercan, A., Kavvas, M.L., Nguyen, V., Nguyen, T., Assessment of atmospheric conditions over the Hong Thai Binh river watershed by means of dynamically-downscaled ERA-20C reanalysis data. J. Water Clim. Chang [Электрон.ресурс]. - 2018. – URL:https://doi.org/10.2166/wcc.2018.291. (дата обращения: 13.12.2019).*

7 *Kavvas, M.L., Chen, Z.Q., Dogrul, C., Yoon, J.Y., Ohara, N., Liang, L., Aksoy, H., Anderson, M.L., Yoshitani, J., Fukami, K., Matsuura. Watershed environmental hydrology (WEHY) model based on upscaled conservation equations: hydrologic module. J. Hydrol. Eng. 9 (6), 2004. –C.450–464.*

8 *Brower, M.C., Barton, M.S., Lledó, L., Dubois, J. A Study of Wind Speed Variability Using Global Reanalysis Data (AWS Truepower) [Электрон.ресурс]. - 2013.-URL: https://link.springer.com/article/10.1007/s00382-017-3913-5 (дата обращения: 11.11.2019).*

9 *Compo, G.P., Whitaker, J.S., Sardeshmukh, P.D. Feasibility of a 100-year reanalysis using only surface pressure data. Bull. Am. Meteorol. Soc. 87 (2), 2006.– P .175–190.*

10 *Fuka, D.R., Walter, M.T., MacAlister, C., Degaetano, A.T., Steenhuis, T.S., Easton, Z.M. Using the climate forecast system reanalysis as weather input data for watershed models. Hydrol. Process. 28 (22), 2014. –P. 5613–5623.*

11 *Jaw, T., Li, J., Hsu, K.L., Sorooshian, S., Driouech, F. Evaluation for Moroccan dynamically downscaled precipitation from GCM CHAM5 and its regional hydrologic response. J. Hydrol. 3, 2015. –P.359–378.*

12 *Boé, J., Terray, L., Habets, F., Martin, E. Statistical and dynamical downscaling of the Seine basin climate for hydrometeorological studies. Int. J. Climatol. 27 (12), 2007. – P. 1643–1655.*

13 *Kavvas,M. Watershed environmental hydrology model: environmental module and its application to a California watershed. J. Hydrol. Eng. 3 (261), 2006. –P. 261–272.*

14 SenYu, HongweiLu. *An integrated model of water resources optimization allocation based on projection pursuit model – Grey wolf optimization method in a transboundary river basin// Journal of Hydrology. – 2018. – №559. –P. 156–165.*

МРНТИ 20.01.45
УДК 378

Г.И. Салғараева[1]*, Г.Е. Асан*[1]

[1]*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ. Қазақстан*

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕ ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Мақала педагогикалық зерттеулерде цифрлық білім беру технологияларын қолдану мәселелеріне, атап айтқанда қазіргі цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін зерттеуге, оларды қолданудың мақсаттылығын және әзірлеу мен пайдалану бағыттарын сипаттауға арналған. Зерттеу қызметінде цифрлық технологияларды пайдалану электронды оқытудың түрлі нысандары арқылы жүзеге асырылады. Цифрлық білім беру технологияларын пайдалана отырып зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізуде түрлі ақпараттық технологиялар қолданылады. Қоғам өмірінің барлық салаларында цифрландырудың қарқынды дамуы педагогика саласындағы зерттеу жұмысының ұйымдастырылуы мен оның сапасын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Цифрлық технологияларды білім беру қызметінің құралы ретінде қолдану педагогикалық жағдайларды ғылыми-зерттеу мен олардың маңызды болып саналады. Аталған мәселені зерттеу оның мақсатты бағыттарын іске асыру кезінде барынша ықпал ететін жағдайларды анықтау қажеттілігінен туындап отыр.

Түйін сөздер: педагогикалық зерттеулер, цифрлық білім беру, цифрлық технологиялар, цифрлық ақпараттық орта.

Аннотация

Г.И. Салгараева[1]*, Г.Е. Асан*[1]

Казахский национальный женский педагогический университет, г.Алматы, Казахстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦИФРОВЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЯХ

Статья посвящена вопросам применения цифровых образовательных технологий в педагогических исследованиях, в частности, изучению возможностей современных цифровых технологий, описанию целесообразности их применения и направлений разработки и использования. Использование цифровых технологий в исследовательской деятельности осуществляется посредством различных форм электронного обучения. В организации и проведении исследовательских работ используются различные информационные технологии. Интенсивное развитие цифровизации во всех сферах жизни общества позволит поднять организацию и качество исследовательской работы в области педагогики на новый уровень.

Использование цифровых технологий как средства образовательной деятельности является научно-исследовательской и важнейшей задачей педагогических ситуаций. Исследование данного вопроса вызвано необходимостью выявления условий, максимально влияющих на реализацию его целевых направлений.

Ключевые слова: педагогические исследования, цифровое образование, цифровые технологии, цифровая информационная среда.

Abstract

USING DIGITAL EDUCATIONAL TECHNOLOGIES IN PEDAGOGICAL RESEARCH

Salgarayeva G.I.[1]*, Asan G.E.*[1]

[1]*Kazakh national women's teacher training university, Almaty s., Kazakhstan*

The article is devoted to the application of digital educational technologies in pedagogical research, in particular, the study of the possibilities of modern digital technologies, the description of the feasibility of their application and directions of development and use. The use of digital technologies in research activities is carried out through various forms of e-learning. Various information technologies are used in organizing and conducting research using digital educational technologies. The intensive development of digitalization in all spheres of society will raise the organization and quality of research work in the field of pedagogy to a new level.

The use of digital technologies as a means of educational activity is a research and most important task of pedagogical situations. The study of this issue is caused by the need to identify the conditions that most affect the implementation of its target areas.

Keywords: pedagogical research, digital education, digital technologies, digital information environment.

Цифрлық технологияның қарқынды дамуы педагогика саласындағы зерттеу жұмысының ұйымдастырылуы мен оның сапасын жаңа деңгейге көтеруге үлкен мүмкіндік беріп отыр. Цифрлық технологияларды білім беру қызметінің құралы ретінде қолдану – педагогикалық ғылыми-зерттеулер жүргізу мен олардың маңызды болып саналатын мақсатты бағыттарын іске асыру кезінде барынша ықпал ететін жағдайларды анықтау қажеттілігінен туындап отыр. Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, жеке тұлғаны қалыптастыруды қамтамасыз ететін педагогикалық зерттеулерді мақсатты білім беру үдерісін құрудағы өзіне қажетті және өзара байланысты әрекеттермен сабақтастыруға болады [1].

Цифрлық технологияны пайдаланып педагогикалық зерттеу жүргізуге келесілерді жатқызуға болады:

- болашақ педагогтардың өз бетінше цифрлық білім беру ресурстарын пайдалануы мен зерттеу жұмыстарын жүргізу дайындығы;
- білім алушылардың эксперименттік жұмыстарын жүргізуде цифрлық білім беру ресурстарын қолдану дайындығы;
- педагогикалық зерттеулер үшін цифрлық технолгияларды қолдануға рефлексивті дайындығы;
- ЖОО түлектерінің цифрландырылған ортада жұмыс істеуге дайындығы;
- цифрландыру саласында болашақ педагогтардың кәсіби деңгейін арттыру үшін жағдай жасау;
- білім беруді цифрландыру үдерісін ғылыми, оқу және әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету.

Болашақ педагог маманның зерттеу қызметінде цифрландыруды пайдалануға педагогикалық жағдайлардан басқа психологиялық, физиологиялық және функционалдық жағдайлар да елеулі әсер етеді. Психологиялық жағдайлар болашақ педагогтардың цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, өздігінен білім алуға және зерттеу қызметіне қажеттілігін қалыптастыру, тұлғаның психикалық үдерістерін, қасиеттері мен жағдайларын ескере отырып, білім алушы тұлғасының өзін-өзі реттеуін, белсенділігін, танымдық қызығушылығын қамтамасыз ету тұрғысынан қарастырылады.

Физиологиялық жағдайлар цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану кезінде болатын ағзадағы өзгерістерді тану заңдылықтарын зерделеуді қамтиды. Функционалдық жағдайлар цифрлық білім беру құралдарын өздігінен білім алу және зерттеу қызметіне енгізу жағдайларын қамтамасыз ету мәселелерін, сондай-ақ оларды пайдаланудың педагогикалық артықшылығын (маңыздылығын, орындылығын және тиімділігін) кезең-кезеңмен бағалау үшін критерийлерді таңдауды қарастырады.

Цифрлық қоғам жағдайында педагогикалық зерттеулер жүргізу үшін әрбір болашақ педагог маман төмендегі критерийлерге сәйкес болуы керек:

- қажетті деректер қоры мен цифрлық қызмет көрсету құралдарына қол жеткізе алу мүмкіндігінің болуы;
- ауызша, графикалық, сандық және басқа да әр түрлі формада деректерді ұсынудың әдістері мен тәсілдерін түсіну;
- жалпы қолжетімді цифрлық технология көздері туралы білу және оларды пайдалана алу;
- әр түрлі көзқараспен өзіндегі деректерді бағалау және өңдеу білу;
- статистикалық цифрландыруды талдау және өңдей білу;
- зерттеушінің алдында тұрған міндеттерді шешу кезінде әртүрлі деректерді пайдалана білу [2,3].

Жоғарыда сипатталған критерийлерге сәйкес келетін болашақ педагог маманды қалыптастыру міндетін шешу педагогикалық үдеріс субъектілерінің жадыны, ойлауды дамытуға көмектесетін, дұрыс шешім қабылдауға ықпал ететін цифрлық технологияны пайдалана отырып, бірлескен зияткерлік жұмыс үдерісінде мүмкін болады. Педагогикалық зерттеулерде цифрлық білім беру ресурстарын қолдану мәселелері әлі де болса аз зерттелген тақырыптардың бірі және бүгінде кеңінен зерттеуді талап етеді. Кез келген педагогикалық зерттеу белгілі бір кезеңдерден немесе бөліктерден тұрады. Ю.З. Кушнердің тәсіліне сәйкес педагогикалық зерттеу логикасын құрастыруды шартты түрде 5 кезеңге бөліп қарастыруға болады (1-сурет).

Бұл кезеңдердің әрқайсысының логикасы вариативті және өзіндік болып келеді [4]. Педагогикалық зерттеудің әртүрлі кезеңдерінде цифрлық технологияларды қолдану мүмкіндігін қарастырайық. Компьютер түрлі салалардағы ғылыми жетістіктерді зерттеу, сонымен қатар зерттеу мәселелерінің теориясымен, тарихымен танысу кезіндегі басты зерттеу құралына айналады. Қазіргі таңда интернет арқылы қазақ тілді ресурстардан тәрбие және білім беру мәселелеріне арналған көптеген газеттер мен журналдардың электрондық нұсқалары, ғылыми зерттеу жұмыстарының авторефераттары, диссертациялар, энциклопедиялар, электрондық түсіндірме сөздіктер, виртуалды оқулықтар, оқу және әдістемелік құралдар, педагогикалық ғылым мен білім беру саласындағы кейбір маңызды оқиғалар мен іс-шаралар туралы ақпарат қолжетімді.

Алайда, педагогикалық жұмыстардың көпшілігі қағазға басып шығарылады және виртуалды кітапханаларда емес, қарапайым ашық және мамандандырылған кітапханаларда сақталады, бұл педагогикалық зерттеу жұмыстарына деген қолжетімділікті шектейді, ақпаратты іздеу мен өңдеуді күрделендіреді. Қазақстанда бірыңғай білім беру ақпараттық ортасын дамыту, әртүрлі жоғары оқу орындарының ақпараттық ресурстарына компьютерлік желі арқылы қол жеткізуді едәуір жеңілдетеді.

Компьютерлік технологиялар библиография, авторефераттар, зерттеу жұмыстарының қысқаша мазмұнын, аннотация және дәйексөз жасау барысында әдебиеттермен жұмыс істеуде қолданылуы мүмкін. Компьютер зерттеу ақпаратын жинақтаушы және сақтаушы ретінде зерттеушіге қызмет етеді және түрлі компьютерлік операцияларды жүзеге асыруға көмектеседі, алайда ақпараттың көпшілігі қағаз бетінде ұсынылғандықтан уақыттың едәуір бөлігі ақпаратты компьютер жадына енгізуге жұмсалады.

Әдетте ақпаратты енгізуде мәтіндік редакторларды, сканерді және мәтінді автоматты тану жүйелерін пайдаланылады. Егер қажетті әдебиет сандық нұсқада көрсетілсе, барлық осы компьютерлік операциялар қатарын (өңдеу, қайта құру және редакциялау) мәтіндік редакторларды және оның кейбір кіріктірілген функцияларын ішінара немесе толық автоматты түрде қолдана отырып орындауға болады.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс кезеңінде компьютер алынған ақпаратты математикалық өңдеу үшін қолданылады. Педагогикалық зерттеудің мәліметтері тәжірибелік-эксперименттік сатыда зерттеушінің жұмыс күнделігі, бақылау хаттамалары, фотосуреттер, бейнеқұжаттар, фонограммалар (әңгімелесу, сұхбат және т.б. жазбалары) нысанында жүзеге асырылады. Мультимедиа технологиялардың дамуының арқасында компьютер бүгінде тек мәтіндік ғана емес, графикалық және дыбыстық, бейне ақпараттарды жинау мен сақтауды жүзеге асырады. Ол үшін сандық фото және бейнекамералар, микрофондар, сондай-ақ графика мен дыбысты өңдеуге және жаңғыртуға арналған тиісті қолданбалы бағдарламалық құралдар қолданылады.



Сурет 1. Педагогикалық зерттеу логикасын құрастыру кезеңдері

Фотоқұжаттарды сандық нұсқада сақтау оларды мерзімді басылымдарда мақалаларға немесе ғылыми, ғылыми-практикалық конференцияларда, симпозиумдарда баяндамаларға иллюстрация ретінде ешбір қиындықсыз пайдалануға мүмкіндік береді [5]. Мәтіндік, дыбыстық және графикалық ақпаратты тіркеуден басқа, эксперименттік деректерді жинақтау үдерісінде цифрлық технологиялар қолданылуы мүмкін.

Педагогикалық зерттеуде пәнаралық бағыт ретінде компьютерлік психодиагностикалық зерттеу саласы, психологиялық-педагогикалық диагностикалық сала қалыптасқан. Психологиялық-педагогикалық зерттеулерді жоспарлау, ұйымдастыру және жүргізу үшін интернет желісінің мүмкіндіктерін пайдалану компьютерлік психодиагностика саласындағы өзекті мәселеге айналды. Интернет желісі – психологиялық-педагогикалық зерттеудің өте тиімді құралы және кейбір жағдайларда оны интернет арқылы дәстүрлі әдістермен салыстырғанда анағұрлым ыңғайлы. Пайдаланушылық аппараттық-бағдарламалық қордың ерекшелігіне байланысты стимулдық жағдайдың бұзылуы және оның салдарынан тестілеу нәтижелерінің бұрмалануы – диагностикалық әдістемелердің компьютерлік нұсқаларын құру және интернет желісінде зерттеулер жүргізу кезіндегі негізгі мәселе екенін атап өткен жөн.

Интернет сауалнама технологиясы педагогикалық зерттеулер деңгейін айтарлықтай арттыруға, бір немесе әртүрлі аудандарда бірнеше білім беру мекемелерінің респонденттерін көбірек қамтуға, сондай-ақ деректерді өңдеу бойынша еңбек шығындарын азайтуға мүмкіндік береді. Сауалнама немесе тест интернетте, сондай-ақ білім беру мекемесінің жергілікті желісінің серверінде орналасуы мүмкін.

Тест кезінде респондент сауалнаманың сұрақтарына жауап кодтарын енгізетін деректерді енгізудің кіріктірме жүйесі болуы мүмкін. Жүйе қандай да бір қателерді болдырмау үшін деректерді енгізуді, оларды бақылауды жүзеге асырады. Әрбір сауалнаманың бастапқы деректерін енгізу аяқталғаннан кейін деректер арнайы файлға қосылып, статистикалық өңдеу үшін қолжетімді болады.

Содан кейін сауалнама немесе тестілеу нәтижелерін жіберу үшін бағдарлама бастапқы компьютерде орнатылған пошта бағдарламасын белсенді етеді. Сауалнаманың нәтижелерін алуға мүдделі тұлғаның электрондық мекенжайына хат автоматты түрде жөнелтіледі. Бағдарлама автоматты түрде арнайы формада сауалнаманы толтыру нәтижесі бар мәтіндік файлды құрады және интернетке белсенді қосылған жағдайда деректерді электрондық пошта мекен-жайына тез арада жіберу және тасымалдау жүзеге асырылады. Алынған деректерді өңдеу автоматты режимде жүргізіледі, сауалнама нәтижелерінің маңыздылығы мен сенімділігін анықтау үшін стандартты статистикалық критерийлер қолданылады. Диссертациялық зерттеу жұмыстарын жазу шеңберінде Интернет желісі арқылы психологиялық-педагогикалық зерттеулер, кәсіби сауалнамалар, сауалнамалар мен тестілер жасау, олардың негізінде әртүрлі зерттеулер виртуалды зерттеулер үшін аппараттық-бағдарламалық ортаны білдіретін серверлерді пайдалана отырып жүргізілуі мүмкін. Мұндай жағдайда барлық зерттеулерге нақты уақытта тиісті бағдарламалық қамтамасыз етумен қызмет көрсетіледі. Сауалнама, тестілеу, саралау, тіркеу, социометрия, сұхбат, әңгімелесу, бақылау және педагогикалық эксперимент барысында алынған сандық деректерді өңдеу үшін компьютерді қолдану арқылы зерттеудің математикалық әдістері жиі қолданылады.

Педагогикалық зерттеулер нәтижелерін талдауда математикалық немесе статистикалық өңдеу әдістерін қолдану бастапқы деректердің көп санына қарапайым арифметикалық операцияларды жүргізуді талап етеді. Есептеулердің еңбек сыйымдылығын қысқартуға және қателер санын азайтуға дербес компьютерлерді пайдалану көмектеседі. Статистикалық есептерді жүргізу үшін әдетте дайын есептеуіш бағдарламалар пайдаланылады, оларды компьютерлік технологиялар саласының мамандары оңай игереді. Күрделі статистикалық есептеулер статистикалық есептеулерге арналған арнайы бағдарламалардың көмегімен жүргізіледі.

The article discusses some theoretical and methodological problems of using the digital educational resources of a future teacher. The study determines that the integrated use of the capabilities of information and telecommunication technologies in education can be achieved through the development and use of multifunctional digital educational resources that meet the current needs of the educational process, the features of the content, teaching methods and forms. The authors in the article, analyzing the scientific and pedagogical literature, the authors strive to show the direction of the introduction of digital educational resources in the educational process and the psychological principles of development necessary for their description and use, as well as the basic requirements of the educational system in digital educational resources.

Keywords: education, digital educational resources, information technology, principles, self-development.

Бүгінгі таңда елімізде әлемдік ақпараттық-білім кеңістігіне кіруді көздеген білім берудің жаңартылған жүйесі қалыптасуда. Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында цифрлы технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіс екеніміз айтылған. Сондай-ақ, 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлы қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керектігі назарға алынған [1].

Қазақстан Республикасында жаңа технологияны жетік меңгере түсу үшін «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы қабылданып, ол 4 бағыт бойынша жүзеге асырылуда. Бірінші бағыт – ауыл-аймақты кең жолақты интернетпен қамтамасыз етіп, Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыру. Екінші бағыт – көлік және логистика, денсаулық сақтау, білім беру, ауыл шаруашылығы және электронды сауда экономиканың салаларына цифрлы технологияны ендіру. Үшіншісі – мемлекеттік органдар жұмысының сапасын арттыру және төртінші бағыт – IT-мамандарды даярлау [2].

Білім беруді ақпараттандырудың заманауи үдерісі – электрондық анықтамалар, энциклопедиялар, оқыту бағдарламалары, білім алушылардың білімін автоматтандырылған бақылау құралдары, компьютерлік оқулықтар және т.б. сияқты түрлі сандық білім беру ресурстарын әзірлеу мен пайдалануға бірыңғай педагогикалық тәсілдерді әзірлеуге ұмтылу болып табылады. Мұндай біркелкілікті қамтамасыз ету әрекеттері білім беру жүйесінде одан әрі тиімді пайдалану үшін сандық білім беру ресурстарын назарға ала отырып, біріктіруге ұмтылуда анық көрінеді. Сонымен қатар сандық білім беру ресурстарын әзірлеу, сараптау және пайдалану қазіргі заманғы білім беру жүйесінің қажеттілігінен туындайтын талаптар жүйесіне қатаң сәйкестікте жүзеге асырылуы тиіс.

Жоғарыда айтылғандардан, білім берудегі ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар құралдарының мүмкіндіктерін кешенді пайдалану оқу процесінің өзекті қажеттіліктеріне, оқытудың мазмұнының ерекшеліктеріне, әдістері мен нысандарына сәйкес келетін көпфункционалды сандық білім беру ресурстарын әзірлеу және пайдалану есебінен қол жеткізілуі мүмкін.

Оқытуда сандық білім беру ресурстарын пайдаланудың негізгі дидактикалық мақсаты – мәліметтерді хабарлау, білімді бекіту, білік пен дағдыны қалыптастыру және жетілдіру, оқуға мотивацияны арттыру, меңгеруді бақылау және т.б. болып табылады [3].

Қазіргі уақытта білім беру жүйесі сапалы сандық білім беру ресурстарын қажет етеді, себебі ол тәжірибеде келесілерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- өз бетінше білім алу және білім беру бойынша білім алушылардың әртүрлі қызмет түрлерін ұйымдастыру;
- оқу іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін, соның ішінде тіркеу, жинау, сақтау, ақпаратты өңдеу, интерактивті диалог, нысандарды, құбылыстарды, процестерді моделдеу, зертханалардың жұмыс істеуі (виртуалды, нақты жабдыққа қашықтықтан қол жеткізу) және т.б. орындау процесінде қазіргі заманғы ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың барлық мүмкіндіктерін қолдану;
- оқу үдерісіне мультимедиа, виртуалды шындық, гипермәтіндік және гипермедиа жүйелерінің мүмкіндіктерін пайдалану арқылы ақпаратты тасымалдау;
- білім алушылардың зияткерлік мүмкіндіктерін, сондай-ақ олардың білім, білік, дағды деңгейін, жалпы білім беретін дайындық пәндері бойынша нақты сабаққа дайындық деңгейін объективті диагностикалау және бағалау, мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес материалды меңгеру нәтижелерін өлшеу;
- білім алушылардың оқу іс-әрекетін нақты білім алушының интеллектуалдық деңгейіне, оның білім, білік, дағды деңгейіне, іске асырылатын әдістер мен қолданылатын оқыту құралдарын ескере отырып, оның мотивациясының ерекшеліктеріне сәйкес басқару;
- білім алушылардың жеке дербес оқу қызметін жүзеге асыру үшін жағдай жасау, өз бетімен оқу, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, өздігінен білім алу, өзін-өзі іске асыру дағдыларын қалыптастыру;
- педагогтарды, білім алушылар мен ата-аналарды білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес уақытылы өзекті ақпаратпен қамтамасыз ету;
- оқыту тиімділігін арттыруға бағытталған педагогтардың, білім алушылар мен ата-аналардың тұрақты және жедел қарым-қатынасын құру.

Сандық білім беру ресурстарын жасау және оларды оқу процесіне енгізу екі негізгі бағытқа сәйкес жүргізілетіндігін ескеру керек [4]. Бірінші бағытқа сәйкес енгізілетін сандық білім беру ресурстары оқу процесіне тарихи қалыптасқан білім беру жүйесінің дәстүрлі әдістері шеңберінде қосалқы құралдар ретінде енгізіледі. Бұл жағдайда ақпараттық ресурстар оқу процесін қарқындату, оқытуды дараландыру және білім алушылардың білімін есепке алумен, бақылаумен және бағалаумен байланысты педагогтардың ретті жұмысын ішінара автоматтандыру құралы ретінде әрекет етеді.

Сандық білім беру ресурстарын енгізудің екінші бағыты білім беру мазмұнын өзгертуге, оқу процесін ұйымдастырудың әдістері мен нысандарын қайта қарауға, жекелеген оқу пәндерінде осындай ресурстарды мазмұнды толықтыруды пайдалануға негізделген тұтас курстарды құруға әкелетін неғұрлым күрделі процесс болып табылады.

Аталған әрбір бағыт бойыншасандық білім беру ресурстарын құру, сипаттау және қолдану үшін білімді дамытудың психологиялық қағидалары негіз болуы тиіс.

Бірінші қағидаға сәйкес, білім алушының дамуы оқытушының көмегімен қызметтің қоғамдық-тарихи тәсілдерін немесе қарым-қатынас құралдарын белсенді түрде қабылдауына негізделеді. Осы қағиданы іске асыру барысында бірінші және екінші бағыт бойынша сандық білім беру ресурстарын енгізуге болады.

Екінші қағидаға сәйкес педагогикалық ықпал етудің екі жақты сипаты танылады. Бір жағынан, әлеуметтік тапсырысты іске асыра отырып, педагог жеке тұлғаның қалыптасуын басқарады, екінші жағынан, басқарубілім алушылардың жеке қасиеттерін педагогпен саналы түрде есепке алу негізінде жүзеге асырылады. Білім алушының жеке тұлғасын дамыту оның өзін-өзі айқындауын ұйымдастыру жағдайында, игерілетін қызметтің сипатын барынша ұғыну кезінде жүзеге асырылады. Білім алушының өзгеруі тұтастай алғанда субъективті өзін-өзі өзгерту болып есептелгенде, педагог онымен қарым-қатынас арқылы "табиғи жағдай"жасай отырып, қалаған өзгеріске ықпал ете алады. Бұл ретте білім алушыға алдыңғы игерілген білімдер қарым-қатынас процесінде қалыптасқан қажеттілік негізінде беріледі. Осы қағиданы іске асыру барысында сандық білім беру ресурстарын енгізу жоғарыда көрсетілген екінші бағыт бойынша жүзеге асырылады.

Аталған қағидалардың мақсаты – білім алушының жеке тұлға ретінде дамуына ықпал ету, оның жеке жауапкершілігін сезіне отырып, оқу және өмірлік жағдайларда өздігінен білім алу және өзін-өзі анықтау қажеттілігін қалыптастыру. Бұл модельдегі білім, білік және дағды мақсат ретінде емес, білім алушының тұлғасын дамыту құралы ретінде қарастырылады,бұл ақпараттық көздерде білім беру жүйесінің ерекше қажеттіліктерін туындатады.

Сонымен қатар, жоғарыда аталған бағыттар мен тәсілдерге қарамастан, сандық білім беру ресурстары тиісті ғылыми-практикалық білім саласы бойынша жүйелендірілген материалды қамтуы, білім алушылардың осы саладағы білімді, іскерлікті және дағдыларды шығармашылық және белсенді меңгеруін қамтамасыз етуі тиіс. Сандық білім беру ресурстары білім беру қызметінің қажеттіліктерін және психологиялық-педагогикалық талаптарды қанағаттандыруды, орындау мен көркемдік безендірудің жоғары деңгейімен, ақпараттың толықтығымен, техникалық орындалу сапасымен, көрнекілігімен, қисындылығымен және мазмұндаудың дәйектілігімен ерекшеленуі тиіс.

Білім беру қажеттілігі тұрғысынан, көптеген сандық білім беру ресурстарының ерекшелігіне олардың интерактивтілігін және кері байланыстың болуын айтсақ болады.

Кері байланысты "педагог – білім беру ресурсы – білім алушы" үштағанында екі негізгі түрге бөлуге болады: сыртқы және ішкі.

Ішкі кері байланыс білім беру ресурсынан білім алушыға жаттығуларды орындау кезінде оның әрекетіне жауап беретін ақпаратты білдіреді. Мұндай байланыс білім алушылардың оқу іс-әрекетін өздігінен түзетуге арналған. Ішкі кері байланыс білім алушыға оқу қызметінің табыстылығы немесе қателігі туралы саналы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Ол білім алушыларды рефлексия жасауға итермелейді, одан әрі іс-әрекетке ынталандыру болып табылады, оқу қызметінің нәтижелерін бағалауға және түзетуге көмектеседі. Ішкі кері байланыс кеңес беруші және нәтижелі болуы мүмкін.

Сыртқы кері байланыс ақпараты сандық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, оқытуды жүзеге асыратын педагогке келіп түседі және білім алушының қызметін ұйымдастыру және сандық білім ресурстары жұмыс істеу тәртібі бойынша әдістемелік тәсілдерді түзету үшін педагогпен есепке алынады.

Біз зерттеуіміздің аясында білім беру жүйесінің сандық білім беру ресурстарына қажеттілігінің негізгі талаптарын қарастыруды жөн көрдік:

Біріншісіне білім алушылардың белгілі бір білім жүйесін қалыптастыру қажеттілігіне байланысты қажеттіліктерді жатқызуға болады. Сандық білім беру ресурстарын пайдалану қажеттілігі бір мезгілде білім алушыларды математика, физика, химия, биология және т.б. пәндер әлемін игеруге көмектесетін интегралды сипаттағы циклдармен танысу кезінде туындайды.

Екіншісіне білім алушылардың репродуктивті іскерліктерін (ерекше пәндік, сондай-ақ жалпы оқу сипатындағы) меңгеру қажеттілігіне байланысты қажеттіліктерді жатқызуға болады. Пәндік репродуктивті іскерлікті меңгеру кезінде сандық білім беру ресурстарына қажеттілік есептеумен байланысты жағдайларда туындайды. Бұл жағдайда сандық білім беру ресурстарын пайдаланудабілім алушыларбілім игеруді жүзеге асыруға, оларды тексеруге және нәтижелерді өңдеуге жұмсаған уақытын қысқартуға ұмтылады.

Үшінші топқа білім алушылардың шығармашылық түрдегі іскерлігін қалыптастыруға байланысты қажеттіліктер жатады,оларды меңгере отырып, білім алушылар дербес іздеу жолымен субъективті жаңа білім алады. Шығармашылық көрінісінің басты белгісі алынған өнімнің жаңалығы болып табылады(оқу үрдісінде білім алушының шығармашылық қызметінің нәтижесі субъективті жаңа өнім болып табылады).

Төртінші топ білім алушының жеке қасиеттерін қалыптастыру қажеттілігінен тұрады. Жеке тұлғаға бағытталған оқыту білім алушының өзіндіктану қабілетін дамытады, өсіп келе жатқан адамның адамгершілігін дамытуға ықпал етеді. Бұл жағдайда сандық білім беру ресурстары әлеуметтік, экологиялық және басқа да проблемаларды шешу арқылы білім алушыларға адамгершілік тәрбие беру мүмкіндігін жасайтын модельдеуді ұйымдастыру үшін талап етіледі. Төртінші топтың қажеттіліктеріне жауап беретін сандық білім беру ресурстарын пайдалану қандай да бір келеңсіздіктердің ықтимал салдарын, түрлі технологияларды қолдану салдарын талдауға мүмкіндік береді.

Осындай сандық білім беру ресурстарымен дұрыс ұйымдастырылған жұмыс және оқытудың тиісті әдістемесі білім алушыларды болашақта осындай қауіптерден аулақ болуға үйретіп қана қоймай, сонымен қатар қазіргі әлемде олардың пайда болуының адамгершілік тұрғыда бағалауға тәрбиелеуге мүмкіндік береді [5].

Оқытудың әр түрлі әдістерін жүзеге асыру ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру жүйесінденегізгі ретінде сандық білім беру ресурстарын қолданып оқыту әдістемесі болады. Мұндай әдістеме білім беру жүйесіндеқолданылатын сандық білім беру ресурстарының төмендегі тізбесін анықтауға мүмкіндік береді:

1. Оқу немесе практикалық қызметтің білімін, іскерлігін, дағдыларын қалыптастыруға, оқу материалын меңгерудің қажетті деңгейін қамтамасыз етуге ықпал ететін сандық білім беру ресурстарына (СБР) қажеттілік (оқытушы СБР).

2. Әр түрлі дағдылар мен біліктерді пысықтауға, өткен материалды қайталауға немесе бекітуге ықпал ететін сандық білім беру ресурстарына қажеттілік(жаттықтырушы).

3. Оқу материалын меңгеру деңгейін бақылау, өлшеу немесе өзін-өзі бақылау тиімділігін арттыратын сандық білім беру ресурстарына қажеттілік (бақылаушы СБР).

4. Ақпаратты жүйелендіру дағдылары мен іскерлігін қалыптастыруға ықпал ететін мәліметтерді хабарлайтын сандық білім беру ресурстарына қажеттілік (ақпараттық-іздестіруші және ақпараттық-анықтамалық СБР).

5. Іздеу мақсатында зерттелетін объектілерді, құбылыстарды, процестерді визуализациялауды қамтамасыз ететін сандық білім беру ресурстарына қажеттілік (демонстрациялық СБР).

6. Нақты зертханалық жабдықта қашықтан эксперименттер жүргізу мүмкіндігін беретін сандық білім беру ресурстарына қажеттілік (зертханалық СБР).

7. Зерттеу және іздеу мақсатында объектілерді, құбылыстарды немесе процестерді модельдейтін сандық білім беру ресурстарына қажеттілік (модельдеуші СБР).

8. Әр түрлі есептерді және басқа да операцияларды автоматтандыратын сандық білім беру ресурстарына қажеттілік (есептеуші СБР).

9. Білім алушылардың қызметі ойын түрінде іске асырылатын оқу жағдайларын жасауға ықпал ететін сандық білім беру ресурстарына қажеттілік(оқу-ойын түріндегі СБР).

10. Білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыруға, олардың жадысын, реакциясын, зейінін және басқа да қасиеттерін дамытуға ықпал ететін сандық білім беру ресурстарына қажеттілік (ойын түріндегі СБР).

11. Педагогтердің, әкімшіліктің, білім алушылардың, ата-аналардың, мамандардың, жұртшылықтың тұлғааралық қарым-қатынасын ұйымдастыруға, педагогтар мен білім алушылардың талап етілетін ақпараттық ресурстарға қол жеткізуіне ықпал ететін сандық білім беру ресурстарына қажеттілік (коммуникациялық СБР) [6].

Сандық білім беру ресурстары жалпы және бастауыш кәсіптік білім беру жүйесінің сапасын дамыту қажеттілігін қанағаттандыруы тиіс. Білімді ақпараттандыру білім беру орталарының тұрақты түрде өзгеруіне, сондай-ақ білім беру үдерісінің барлық қатысушыларына іс-әрекеттің (ақпараттық) жаңа түрлерін әрқашан игеріп отыру қажеттілігіне алып келеді [7].

Сол себептен болашақ мұғалімдерді дайындауға арналған талаптар өзгеріп отырады, ал мұғалімнің біліктілігін арттыру кәсіптің үздіксіз қажет ететін элементі болып табылады. Қорыта келгенде, болашақ мұғалім болашақ азаматтарды қоғамда шешуші ролді атқаратын ақпарат, ғылыми білім және инновацияда өмір сүру жағдайларына дайындай алуы қажет деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауы.Астана,2017.

2. "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы. ҚР үкіметі бекіткен №827, 12.12.2017.

3. Григорьев С.Г., Гриншкун В.В., Макаров С.И. Методико-технологические основы создания электронных средств обучения. Самара: Изд. Самарской государственной экономической академии, 2002. – С. 95-97.

4. Сандық білім беру ресурстарын оқу үдерісінде қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар. –Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – Б. 32.

5. Григорьев С.Г., Гриншкун В.В., Краснова Г.А., Роберт И.В., Щенников С.А. и др. Теоретические основы создания образовательных электронных изданий. - Томск: Изд-во Томского университета, 2002. – С. 56-63.

6. Филатова Л.О. Развитие преемственности школьного и вузовского образования в условиях введения профессионального обучения в старшем звене средней школы.– М.: Бином, Лаборатория Базовых Знаний, 2005. – С. 124-127.

7. Сыдыхов Б.Д., Ыдырысбаев Д.У., Мошқалов А.Қ. Білімді ақпараттандыру жағдайында болашақ мұғалімдерді цифрлық технологияларды қолдануға дайындаудың теориялық ерекшеліктері //Хабаршы. «Физика-математика ғылымдары» сериясы. -№1(65), Абай атындағы ҚазҰПУ. Алматы, 2019. –Б.317-321.

МРНТИ 14.35.07
УДК 378:37.016

Б.Д. Сыдыхов[1], *Г. Қойшыман*[1], *З.Ә. Батырхан*[1]

[1]*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

ОҚУШЫЛАРҒА РОБОТОТЕХНИКА НЕГІЗДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Қазіргі заманауи білім берудің үш тағандық міндеті: оқыту, тәрбиелеу және дамыту болып табылады. Мұғалім өзінің кәсіби іс-әрекетінде осы үдерістердің ажырамай жүзеге асырылуына, олардың гармониялық тұрғыда үйлесуіне кепіл болады және білім беру үдерісінің тиімділігін қамтамасыз етуге бейім болады. Жалпы орта білім берудегі құзыреттілік ыңғай білім беру саласындағы әлеуметтік үміттерге және білім беру процесіне қатысушылардың мүдделеріне объективті сәйкес келеді. Құзыреттілік ыңғай - бұл білім беру нәтижелерін назарға алатын тәсіл, сондықтан білім беру нәтижесі ретінде игерілген ақпараттың жиынтығы емес, түрлі проблемалық жағдайларда оқушылардың әрекет ету қабілеті қарастырылады.

Сондықтан орта білім беру жүйесінде робототехника негіздері бойынша ұсынылатын тапсырмалар жинағы мұғалімдерге білім беру мақсаттарына жету үшін қажетті әдістемелік құралдар ретінде қолданылады.

Түйін сөздер: заманауи білім беру, оқыту, тәрбиелеу, дамыту, оқу процесінің міндеттері, робототехника негіздері, жобалау әдісі, Лего-жобасы, әдістемелік құралдар.

Аннотация

Б.Д. Сыдыхов[1], *Г. Койшыман*[1], *З.А. Батырхан*[1]
[1] *Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан*

МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ ШКОЛЬНИКАМ ОСНОВ РОБОТОТЕХНИКИ

Основные задачи современного образования являются: обучение, воспитание и развитие. В своей профессиональной деятельности учитель гарантирует неразрывную реализацию этих процессов, их гармоничное сочетание и стремится обеспечить эффективность образовательного процесса. Подход к компетенции в общем среднем образовании объективно соответствует социальным ожиданиям в сфере образования и интересам участников образовательного процесса. Компетентностный подход - это подход, который учитывает результаты обучения, поэтому результатом обучения является не набор полученной информации, а способность учащихся реагировать на различные проблемные ситуации.

Поэтому в системе среднего образования комплекс задач по основам робототехники используется в качестве инструмента для учителей для достижения образовательных целей.

Ключевые слова: современное образования, обучение, воспитание, развитие, задачи образовательного процесса, основы робототехники, проектый метод, Лего-проект, методическое средства.

Abstract

METHODOLOGICAL FEATURES OF TEACHING STUDENTS THE BASICS OF ROBOTICS

Sydykhov[1] *B.D., Koishyman*[1] *G., Batyrkhan*[1] *Z.A.*
[1]*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

The main tasks of modern education are: training, education and development. In their professional activities, the teacher guarantees the continuous implementation of these processes, their harmonious combination and strives to ensure the effectiveness of the educational process. The approach to competence in General secondary education objectively corresponds to social expectations in the field of education and the interests of participants in the educational process. The competence approach is an approach that takes into account learning outcomes, so the result of learning is not a set of information received, but the ability of students to respond to various problem situations. Therefore, in the secondary education system, a set of tasks on the basics of robotics is used as a tool for teachers to achieve educational goals.

Keywords: modern education, training, education, development, educational process tasks, basics of robotics, project method, LEGO project, methodological tools.

Бүгінгі таңда болып жатқан ауқымды экономикалық өзгерістер мен түпкілікті әлеуметтік қайта құрулар отандық білім беруді жаңарту қажеттілігін анықтап берді. Сондықтан білім беруді әрі қарай дамыту қоршаған ортаның терең мәнді, жүйе құрушы негіздері мен әртүрлі үдерістері арасындағы байланыстарды ұғыну мен қолдануға бағытталған оқыту болып табылатын білім берудің іргелілігі мен жүйелілігін нығайту қажеттілігінен туындайды [1]. Жалпы білім беретін орта мектептің оқыту үдерісінде робототехниканы қолдану бойынша әдістемелік ұсыныстарға тоқталамыз.

Сонымен мектептегі оқытылатын сабақта және қосымша білім беруде Лего робототехникалық кешендері келесі бағыттарда қолданылуы мүмкін [2]:

- Демонстрациялауда;

- Фронтальды зертханалық жұмыстар мен тәжірибелерде;
- Зерттеушілік жобалау іс-әрекетінде.
- Робототехника негіздеріне оқытудың тиімділігі келесі әдістерді қолданып өткізілетін сабақтарды ұйымдастырудан тәуелді болады:
- Түсіндірмелі- иллюстративті –ақпаратты әртүрлі тәсілдермен ұсыну (түсіндіру, әңгімелесу, инструктаж, демонстрация, технологиялық карталармен жұмыс және т.б.);
- Эвристикалық–шығармашылық іс-әрекет әдісі (жасампаз модельдер құру және т.б.);
- Проблемалық–проблема қою және оның шешімін білім алушылардың өздігінен іздеуі;
- Программалап оқыту–практикалық жұмыстарды атқару барысында орындалатын амалдар жиынтығы (формасы: компьютерлік практикум, жобалау іс-әрекеті);
- Репродуктивті– іс-әрекеттің тәсілдерін және білімді жаңғырту (формасы: үлгі бойынша модельдерді және конструкцияларды жинау, әңгімелесу, баламалы жаттығулар);
- Жартылай ізденіс–педагог көмегімен проблемалық есептерді шешу;
- Ізденіс – проблеманы өздігінен шешу;
- Проблемалық баяндау әдісі–проблеманы педагог қояды, оны өзі шешеді, оны шешуге оқушыларды қатыстырады.

Робототехниканы оқып-үйренуде қолданылатын негізгі әдіс – бұл жобалар әдісі. Жобалар әдісі ретінде оқушылар шартын өздері құрастырып, өздері шешетін білімдік жағдайларды ұйымдастыру технологиясын және оқушылардың жеке өзіндік жұмыстарын сүйемелдеу технологиясын қолданады. Жобалық-бағдарлы оқыту – бұл нақты мәселелерге және мұқият пысықталған тапсырмаларға негізделген кең зерттеу іс-әрекетінің көмегімен оқушыларды білім және біліктерді алу процесіне тартатын жүйелі оқу әдісі.

Лего-жобаны жасаудың негізгі кезеңдері: жоба тақырыбын белгілеу; ұсынылатын жобаның мақсаты және міндеттері. Болжам; конструктор негізінде механизмін жасау; Лего ортада механизмнің жұмыс жасауы үшін программасын құру; модельді тестілеу, ақауларды жоюдан тұрады. Жобаларды құру және тексеру кезінде оқушылар бір-бірімен тәжірибелерімен бөліседі, бұл танымдық, шығармашылық қабілеттердің дамуына, сонымен қатар оқушылардың өзіндік жұмыстарына оң әсер етеді. Осылайша, Lego-ның информатика курсын оқу кезінде қосымша құрал бола отырып, оқушылардың жеке-дара ерекшеліктері мен көмекші материалдардың қол жетімділігін ескере отырып, оларға осы жағдайға қатысты өздігінен шешім қабылдауға мүмкіндік беретініне көз жеткізе аламыз. Ең бастысы олар, өз әрекеттерін басқалармен үйлестіру, яғни, ұжымда жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болады.

Робототехниканы оқып-үйренудің қосымша артықшылығы ұжым құру және болашақта робототехника бойынша қалалық, өңірлік, жалпы қазақстандық және халықаралық олимпиадаларға қатысу болып табылады, бұл оқушылардың білім алуға құлшынысын күшейтеді. Робототехниканы пайдаланудың негізгі мақсаты-қоғамның әлеуметтік тапсырысы: оқу мақсаттарын өз бетінше қоюға, оларды іске асыру жолдарын жобалауға, өз жетістіктерін бақылауға және бағалауға, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуге, оларды бағалауға және осының негізінде өз пікірін, пайымдауын, өзін-өзі бағлауға қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Яғни, оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру. Заманауи білім беру үдерісінің негізі – белсенді субъект, «тұлғалық білім» формасында білім алатын, өзіндік ой-өрісін қалыптастыратын, өзін-өзі дамыту қажеттілігін игерген білімгер тұр. Жеке тұлғаның іргелі, мәнді білімдерді игеруі үшін әртүрлі мүмкіндіктерді жасау және бұл білімдерді өз іс-әрекеттерінде қолдануға даярлығын қалыптастыру отандық білім беру заманауи жүйесінің басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Зaмануи білім берудің үш тағандық міндеті: оқыту, тәрбиелеу және дамыту болып табылады. Мұғалім өзінің кәсіби іс-әрекетінде осы үдерістердің ажырамай жүзеге асырылуына, олардың гармониялық тұрғыда үйлесуіне кепіл болады және білім беру үдерісінің тиімділігін қамтамасыз етуге бейім болады. Жалпы және орта білім берудегі құзыреттілік ыңғай білім беру саласындағы әлеуметтік үміттерге және білім беру процесіне қатысушылардың мүдделеріне объективті сәйкес келеді. Құзыреттілік ыңғай - бұл білім беру нәтижелерін назарға алатын тәсіл, сондықтан білім беру нәтижесі ретінде игерілген ақпараттың жиынтығы емес, түрлі проблемалық жағдайларда оқушылардың әрекет ету қабілеті қарастырылады [3].

Қазіргі кезеңде қоғамда болып жатқан, қайта құрулар, өзгерістер экономиканы дамытуға жаңа стратегиялық бағыттар мен ондағы қарқынды алға жылжу, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы ұрпақ тәлім-тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп қана қоймай оны түбегейлі өзгертуді талап етеді. Өйткені Қазақстанның биік еңселі ел болуы, жас ұрпақтың жан-жақты оқыған, іскер белсенді жеке-дара тұлға болып қалыптасуына байланысты болмақ.

Оқыту мұғалім мен оқушы арасындағы тығыз шығармашылықты байланыстағы әрекетті талап етеді. Мұғалімнің жетекшелік қызметі мен оқушының сол білімді меңгеру үдерісіндегі өзінің танымдық белсендік әрекет ұштастырылып жүйелік сипат алғанда ғана нәтиже болады. Баланың бойындағы туа біткен табиғи ерекшеліктерді даралап ашуға алғы шарт қаланады.

Баланың ішкі қозғаушы күштеріне әсер ету, оны жарыққа шығару оқу үдерісінде саналы-сапалы білімге ұмтылуға жағдай жасау болып табылады. Оқушының мінез – құлқы, психологиясы ескерілмеген жағдайда, сабақ бос дүниеге айналады. Осы жағдайды ескере отырып робототехника пәнін оқыту барысында күнделікті сабақты саралап, талдап, баланы жалпы бақылап, сабаққа жаңа әдіс-тәсіл қолданып, оны түрлендіріп отырғанда, оқушының сабаққа қызығушылығы артады. Қызығушылық мотивтері баланың күнделікті іс-әрекетінен байқалады. Оқу үдерісінде оқуға итермелейтін күш, екі түрлі мотивтерден тұрады. Олар сыртқы және ішкі мотивтер. Сыртқы мотивтер оқушылар мен ата-аналар тарапынан тікелей әсер етуіне, олардың мадақтау, жазалау тағы да басқа оқушының сабақ оқуына қатысты әрекеттерінен туындайды. Ал ішкі мотивтер – ол оқушының ынтасы, ықыласы, қызығушылығы және тағы да басқа ішкі әрекеттерімен жүзеге асырылады. Осы жағдайды ескеру балалардың сәби кезінен – ақ, үлкендерге еліктеп, әртүрлі іске талпынысын бастауы тек мадақтаумен ғана шектелмей, істеген ісін, жеткен жетістіктерін талдауды ынталандырып қолдау көрсетуді қажетсінеді. Бала талпыныстарын әрмен қарай дамыту және дамытуға жағдай жасау көптеген жетістіктерге жетудің басты педагогикалық шарты.

Жас буын өзін қоршаған ортаны, жан жақты танып білуге ұмтылып, оқу үдерісінде, күнделікті жаңа білім меңгеруде өзінің білмегенінің көп екенін және соны білуге ұмтылу керек екенін түсінеді және сол әрекетке түрткі болатын ішкі мотив күшінде қозғаушы, оқушының оқу әрекетін жүзеге асыру барысында, мотивтерді қалыптастыруға әрекет етеді. Мотивтерді қалыптастыруға негіз болатын себептерді, әр пәнді оқытқанда сол пәннің оқыту әдістемесінен іздейді. Мұғалім сабақта оқу материалдарын жалаң баяндамай, берілген тапсырма, міндеттермен ғана шектелмей робототехника негіздерінен білімдерін өз бетінше оқу іс-әрекеттеріндегі, тапсырмаларды шешудің әр-түрлі жолдарын табуға, кездескен кедергілерді жеңе білуге, бағыт-бағдар беруге жетекшілік жасайды.

Робототехника бойынша тапсырмалар жинағы мұғалімдерге білім беру мақсаттарына жету үшін мынадай әдістемелік құралдар ұсынады [4]:

-Жұмыс істеп тұрған модельдерді жасау кезінде шығармашылық ойлау.

-Модель жұмысын түсіндіруде сөздік қорын және қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

-Себеп-салдар байланысын анықтау.

-Нәтижелерді талдау және жаңа шешімдерді іздеу.

-Идеяларды ұжыммен жүзеге асыру, олардың кейбірін іске асыру кезіндегі табандылық.

-Эксперименталды зерттеу, жеке факторлардың әсерін бағалау (өлшеу).

-Жүйелі бақылау және өлшеу жүргізу.

-Деректерді ұсыну және талдау үшін кестелерді пайдалану.

-Екі өлшемді сызбалар бойынша үш өлшемді модельдерді құру.

-Модельдің берілген сипаттамасын логикалық тұрғыда ойлау және бағдарламалау.

-Көрнекілік моделін пайдалана отырып сценарийді жазу және ойнату әсерін бағалау.

Сондықтан орта білім беру жүйесінде робототехника негіздері бойынша ұсынылатын тапсырмалар жинағы мұғалімдерге білім беру мақсаттарына жету үшін қажетті әдістемелік құралдар ретінде қолданылады [5]. Ал, робототехника негіздеріне оқытудың білім беру – дамытушылық мақсаты – оқушылардың шығармашылық қабілетін, жеке тұлғалық қасиетін қалыптастыруға, ақыл-ойлау өрісінің, ынтамен дамытуға, яғни қызмет субъектісі ретінде қалыптастыруға бағытталған.

Сондай ақ, робототехника негіздеріне оқытудың практикалық мақсаты – оқушылардың практикалық қызметке, еңбекке баулауға, бейіндік пәндерді оқыту үдерісінде практикалық есептер шешуге және тұлға даярлауға бағытталған.

Робототехника негіздерінен оқушыға білім берудің практикалық міндеті – дайын тапсырмаларды, бағдарламаларды пайдалануға ұмтылмай, қажетті бағдарламаларды жасау, сонымен бірге дайын бағдарламалық құралдарды пайдалана отырып, мәселені тиімді шеше білу іскерлігін қалыптастыру болып табылады. Робототехника негіздерінен теориялық білім берудің мақсаты – ЭЕМ-нің мүмкіндіктері жайлы білімді кеңейту, әсіресе оқушының іс-әрекетіндегі ақпараттық-логикалық модельдеудің жүзеге асырылуы. Робототехника негіздерінеоқытудағы дамытушылық мақсат – оқушының іс-әрекетінде тиімді ақпараттық-логикалық модельдеу әдісі қалыптасуы және оның ойлау үдерісінде көрініс табуы болып табылады. Робототехника негіздеріне оқытудағы тәрбиелік мақсат – оқытудың ақпараттың технологиялары арқылы модельдеуге оқыту жағдайында оқушылардың қызығушылықтарын арттыру. Робототехника негіздеріне оқытудың әдістері – оқытушы мен оқушылардың оқу-тәрбие жұмысының міндеттерін ойдағыдай шешуге бағытталған өзара байланысты іс-әрекетінің тәсілдері. Оқыту әдістері оқушылардың танымдық қабілеттерінің дамуына мүмкіндік туғызуы тиіс, яғни, ойын дамытады, өз бетінше ізденіп білімді игеруге ықпал жасайды.

Оқыту әдістері: түсіндірмелі-иллюстративті әдіс, репродуктивті әдіс, проблемалы баяндау әдісі, шығармашылық немесе эвристикалық әдіс, зерттеу әдісі болып бөлінеді. «Робототехника негіздеріне» оқыту барысында негізгі ұғымдардың мәні анықталады [6]. Енді дидактикалық ұстанымдардың жеке түрлерін робототехника негіздерін оқыту үдерісінде басшылыққа алу мәселесін қарастырайық.

Дидактикалық ұстанымдардың бірі – оқу материалының ғылымилығы. Арнайы кәсіби пәндерді оқытуда дидактиканың ғылымилық ұстанымын жүзеге асыру үшін, үйретуге тиісті оқулық материал ақпараттық технологиялардың соңғы жетістіктеріне негізделуге тиісті. Сонымен бірге, ол материал жариялылық жағынан да әбден тексерілген, анықталған оқулық материал болуы керек. Ғылыми білімдерді терең меңгеру ісі нақты нәрселер мен заттарды талдау мен синтездеу арқылы болатын ғылыми ұғымдар мен ғылыми заңдарды меңгерудің нәтижесінде пайда болады. Оқушыларға объектінің, құбылыстың қасиеттерін модельдеуді үйрету үшін тек қана бағдарламалаушылық, анықтамалық ережелерді түсіндіріп қана қоймай, оларға өз мамандықтарына сәйкес түрлі жаңа ақпараттарға, ғылыми мәліметтерге толы іріктелген мәліметтер қорын жобалауды түсіндіру осы принципке негізделеді. Модельдеуге оқыту психология, педагогика, информатика, робототехниканы оқыту сияқты ғылымдардың соңғы жетістіктеріне, жаңалықтарына негізделеді. Оқушылардың таным қабілетінің дамуына, дүниеге көзқарасының, жоғары адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына әсер етеді. Оқулық материал оқушыға әдістеме тұрғысынан дәлелденген ғылыми жүйеде беріледі.

Жүйелілік ұстанымы – жаңа материалды түсіндіруде, білім мен дағдыларды бекітуде, біріккен сабақ құрылымында, білім мен дағдыларды тексеруде пысықтау мен қайталауда, үй тапсырмасын беруде және оны тексеріп, еске түсіндіруде іске асырылады. Теорияны тәжірибемен байланыстыру ұстанымы – бөлуге келмейтін біртұтас үдеріс ретінде қарастырылады. Теория дегеніміз – білім немесе құзырет, ал тәжірибе деп сол білімді болашақ қызметінде қолдануды айтамыз. Саналық ұстанымы – білімді сапалылықпен қабылдап, оның өмір және практикамен байланысын тереңдету, оқылатын фактілер мен құбылыстардың мәнін түсіндіру. Жекелік және ұжымдық біртұтастығы ұстанымы мұғалім өзінің әрбір жеке оқушымен және топпен жұмысының бағытын қарастырады. Оқушылар өз бетімен ізденіп, әрекеттенуге дағдыланады. Нақтылық пен абстрактылық бірлігі (ұстанымы) немесе көрнекілік ұстанымы, көрнекіліктің сабақтың мақсатына және мазмұнына және жауап беруіне, айқын мазмұнды болуына, ұғымды әрі түсінікті болып, шығармашылық және әдістемелік жағынан дұрыс қолданылуы керек. Робототехника негіздеріне оқытуда ақпараттық технология құралдары нақты бір сабақтың мақсаттары мен міндеттеріне қатаң түрде сәйкестікпен қолданылуы керек.

Түсініктілік ұстанымы бойынша оқыту білімгерлердің ақыл-ойына жасына, қабілетіне, дара ерекшеліктеріне сәйкес, қолайлы болуы керек (оқу материалын қарапайымнан күрделіге қарай оқу керек). Сонымен қатар оқушыларға тапсырма «ең таяу даму аймағына» сәйкес берілуі тиіс, яғни тапсырманы мұғалімнің басшылығымен терең ойлап орындауды оқушылардан талап ету керек.

Түсініктілік ұстанымынан оқыту ережелері туады. Мысалы:

1) Жеңілден қиынға көшу. Мұнда оқушыларды таным іс-әрекетіне бірте-бірте үйрету, яғни нақты фактілерден жалпы қорытындыға көшу ұғымы туады. Дара фактілерді жинақтау негізінде жеке нәрседен жалпы қорытындыға көшуді индуктивті жол деп атайды.

2) Қарапайымнан күрделіге көшу.

3) Белгіліден белгісізге көшу деп оқушылардың өткен сабақтан алған біліміне сәйкес жаңа сабақ материалын меңгеруін, яғни сабақ үстінде білімді терең түсініп, игеруін түсінеміз.

Білімнің біліктігі ұстанымы оқушыларға оқылып отырған оқу материалдарының олардың тәжірибелік іс-әрекеттері үшін маңыздылығын түсіндіруді, оқытылатын материалды және ең бірінші оның негізгі мазмұнын берік, әрі ұзақ уақытқа дейін еске сақтауға деген мақсатын қалыптастыру болып табылады.

Атап айтқанда робототехника негіздеріне оқыту үдерісінде мұғалімнің басшылығымен жүзеге асырылатын қызметтерді атап көрсетуге болады, олар:

- дамытушылық функция оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың бірлігін сақтай отырып, оқушылардың іс-әрекетінің перцептивті, ойлау, эмоционалдық, ерік және басқа да құраушыларын басқаруды қамтамасыз етеді. Мұғалім біртіндеп дамытушылық функциясын жүзеге асыра отырып, оқушыларды фактілерді талдауға, қорытуға, жіктеуге және жүйелеуге, себеп-салдар байланыстарын орнатуға, ұғымдарды, заңдылықтарды меңгеруге және оларды саналы түрде пайдалана білуге үйретеді, тұлғаның идеялық-адамгершілік қалыптасуына ықпал етеді.

- бағдарлаушылық функция оқушыларда өзін қоршаған дүние процестері мен құбылыстарына белсенді қатынас көзқарасын, идеялар мен идеалдарды, тәртіп нормалары мен әлеуметтік іс-қимыл қалыптастырады.

- жұмылдырушы функция мұғалімнің оқушылардың танымдық ізденімпаздығын және қоғамдық-саяси белсенділігін қалыптастыру үшін олардың білімі мен өмір тәжірибесін анықтауға бағытталған іс-әрекетінде көрініс табады. Мұғалім оқушыларды оқу-еңбек міндеттерін атқаруға деген сезімдерін оята отырып, теория мен практиканың бірлігі, оқыту мен тәрбиелеуді өмірмен байланыстыру принциптерін жүзеге асыруға ықпал етеді.

- зерттеушілік функция мұғаліммен педагогикалық құбылыстарға ғылыми көзқараспен қарауда, болжам қоя білуін, шағын педагогикалық эксперимент жобалап оны жүргізе білуді, өзінің және басқа мұғалімдердің тәжірибесін талдай білуді талап етеді, анықтамалық және ғылыми әдебиетпен жұмыс істеу дағдысын меңгеруді қарастырады. Зерттеушілік функциясын жүзеге асыру мұғалімнің жұмысына шығармашылық, зерттеушілік сипат береді. Жоғарыда аталған функциялар мұғалім тұлғасының біртұтас құрылымында бір-бірімен тығыз байланысты және оның кәсіби іс-әрекетінің негізі болып табылады.

Білімді ақпараттандыру жағдайында модельдердің түрлерін оқып-үйрену арқылы, оқушы оларды практикада қолдануды үйренеді. Алған білімдері негізінде оқушы лабораториялық жұмысты, өзіндік жұмысты орындай алады. Бұл кезде оқыту үдерісінде оқушыларда ақыл-ой қабілеті, білімді өз бетімен меңгеру белсенділігі, біліктілігі қалыптасады. Сонымен қатар білімді тереңдетіп оқуға және жаңа білімдерді игеруге мүмкіндік береді [7]. Білім, білік және дағдыны бекіту оқушылардың танымдық іс-әрекетінің әртүрлі деңгейінде анықталады. Олар: репродуктивті және шығармашылық іс-әрекеттер. Репродуктивті деңгейге оқушы оқу тапсырмасын мұғалімнің көрсетуімен алгоритмге сүйеніп, яғни мұғалімнің сабақ үстінде жасаған іс-әрекетіне сәйкес орындауы қажет. Шығармашылық бұл эвристикалық іс-әрекеті, оның мәні, негізгі идеялары тез түсініп ұғыну істің кенеттен шешілу жолдарын табу болып табылады. Робототехника негіздеріне оқыту робот жинау, оны басқару және бағдарлама құрумен байланысты теориялық және практикалық іс-әрекет, сонымен қатар, робот құрудың әдістері мен құралдарын ұсыну және қолдануға, зерттеуге бағытталған пәндер кешеніне жатқызылады. Робототехника негіздерін оқытуға арналған бағдарламалау формальды грамматикамен анықталатын бағдарламалау тілдерінің көмегімен жүзеге асырылады.

Ал робототехника негіздеріне оқытудың мақсаты қазіргі заманғы робототехниканың теориялық негіздерін, бағдарламасы мен жобалар жасау және олармен жұмыс істеу принциптерін үйрену, оқушыларды әртүрлі робот жасау ортасында жұмыс істеуге қажетті біліммен қаруландырып, дағдыларын қалыптастыру. Сонымен қатар робототехникада қолданылатын бағдарлама құру методологиясы, бағдарламалау технологиясы туралы түсінікті қалыптастыру және машықтандыру.

Сондықтан робототехника негіздерінен білім беру жүйесінің басты міндеті- тұлғаның ақпараттық құзыреттілігінің негізін қалау, яғни білім алушыға ақпаратты жинау және жинақтау әдістерін, сондай-ақ оны ұғыну, өңдеу және практикалық тұрғыда қолдану технологияларын меңгеруге көмектесу болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Нургалиева Г.К. Ценностные ориентации личности: методология, теория, практика, формирования. – Алматы: Казахстан, 1992. -343 с.*
2. *Краснобаев Е.А. Лабораторные работы по курсу «Теоретические основы робототехники» : методические рекомендации - Витебск : ВГУ имени П.М. Машерова, 2013. - 22 с.*
3. *Ваграменко Я.А. Применение программируемых устройств с робототехническими функциями в учебном процессе / Я.А. Ваграменко, О.А. Шестопалова, Г.Ю. Яламов // Педагогическая информатика . 2015 №2. С. 9- 16.*
4. *Образовательная робототехника. Методическое пособие. / Составитель Бояркина Ю.А.- Тюмень: ТОГИРРО, 2013. -62 с.*
5. *Нурбекова Ж.К., Джарасова Г.С., Мухамедиева К.М. Принципы проектирования образовательных технологий по робототехнике // Вестник №1–ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Серия «Гуманитарные науки». Астана, 2016. С. 313-317.–(110).*
6. *Нурбекова Ж.К., Мухамедиева К.М. Методическая система обучения образовательной робототехнике // Материалы международной научно-практической конференции «Интеллектуальные информационные и коммуникационные технологии – средство осуществления третьей-индустриальной революции в свете Стратегии «Казахстан-2050»». Астана, 2017.– С. 34 –2017.*
7. ***7.** Сыдықов Б.Д., Ыдырысбаев Д.У., Мошқалов А.Қ. Білімді ақпараттандыру жағдайында болашақ мұғалімдерді цифрлық технологияларды қолдануға дайындаудың теориялық ерекшеліктері. Хабаршы. «Физика-математика ғылымдары» сериясы. -№1(65), Абай атындағы ҚазҰПУ. Алматы, 2019. –Б.317-321.*

МРНТИ 20.53.21, 20.47.23
УДК 004:85;004.89;004.93

APPLICATION OF THE REGRESSION ANALYSIS METHOD FOR MODELLING THE PROCESSING OF LARGE AMOUNTS OF DATA

Toleugazy R.T. [1], *Balakayeva G.T.* [1]

[1]*AL-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

Abstract

In the modern world, there is often a time when the relevance of actions is not necessary, in addition, there is a need to predict further stages of activity.

All this is possible thanks to the use of regression analysis, which is used in many areas of activity. This article describes the application of this analysis to Bank risk, namely credit risk. Computational and theoretical studies on the processing of big data of banking institutions based on regression analysis, namely the method of multiple regression, have been carried out. In addition, this article provides a forecast based on various economic changes. This is very important for the banking sector, primarily because these studies reflect trends in credit risk.

Keywords: big data, modeling, Bank risk, multiple regression.

Аннотация

Р.Т. Төлеуғазы[1], *Г.Т. Балакаева*[1]

ПРИМЕНЕНИЕ РЕГРЕССИОННОГО АНАЛИЗА ДЛЯ МОДЕЛИРОВАНИЯ ОБРАБОТКИ БОЛЬШИХ ДАННЫХ

[1]*Казахский Национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан*

Современном мире часто возникает момент, когда небходима актуальность действий, кроме того возникает необходимость предсказывать дальнейшие этапы деятельности. Все это возможно и благодаря применению регрессионного анализа, который применяется во многих сферах деятельности. В этой статье описывается применение данного анализа в банковском риске, а именно в кредитном риске. Проведены расчетно-теоретические исследования по обработке больших данных банковских учреждений на основе регрессионного анализа, а именно методом множественной регрессии. Кроме того, в данной статье проведено прогнозирование с учетом различных экономических изменений. Для банковского сектора это очень важно, в первую очередь потому, что эти исследования отражают тенденции изменения кредитного риска.

Ключевые слова: большие данные, моделирование, банковский риск, множественная регрессия.

Аңдатпа

Р.Т. Төлеуғазы[1], *Г.Т. Балакаева*[1]

ҮЛКЕН КӨЛЕМДІ ДЕРЕКТЕРДІ ӨҢДЕУДІ МОДЕЛЬДЕУ ҮШІН РЕГРЕССИЯЛЫҚ ТАЛДАУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ

[1]*аль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы қ., Қазақстан*

Қазіргі әлемде іс-әрекеттің өзектілігі, сонымен қатар қызметтің одан әрі кезеңдерін болжау қажеттілігі туындайды. Осының бәрі көптеген қызмет салаларында қолданылатын регрессиялық талдауды қолдану арқылы да мүмкін. Бұл мақалада осы талдаудың банк тәуекелінде, атап айтқанда несие тәуекелінде қолданылуы сипатталады. Регрессиялық талдау негізінде, атап айтқанда көптеген регрессия әдісімен банк мекемелерінің үлкен деректерін өңдеу бойынша есептік-теориялық зерттеулер жүргізілді. Бұдан басқа, осы бапта әртүрлі экономикалық өзгерістерді ескере отырып болжау жүргізілді. Банк секторы үшін бұл өте маңызды, себебі бұл зерттеулер кредиттік тәуекелдің өзгеру үрдісін көрсетеді.

Түйін сөздер: үлкен деректер, модельдеу, банк тәуекелі, көпше регрессия.

Introduction

The experience of developed countries underlines the need to develop portfolios of information on all bank customers and a database for information processing as a main way to strengthen the bank's position in its relations with customers, regardless of their size, and as a weapon the prevention and avoidance of credit risk [1]. Bank risk is a phenomenon that occurs during the activity of banking operations and which has a negative impact on this activity: deterioration of business activity or accounting for Bank losses that affect functionality. This maybe caused by an internal or external reasons caused by the competitive environment. Credit risk - non-fulfillment of financial obligations of legal entities (the" debtor") to the supplier of goods or the provider of these services, that is, to the Bank.

By using credit derivatives, banks keep the loan on their balance sheet. Transferring credit risks using derivatives means risks that credit risk transfers with loan sales or securitizations do not have.

Banks using these derivatives have to bear associated counterparty, operational, and legal risks [2].

Second-level factors and determination the degree of influence of each factor on the Bank's credit risk level.

1. Macroeconomic

1.1. External Economic. The situation in the financial markets. As shown in recent years, this factor has a particularly strong effect on the change in the Bank's credit risk level. A sharp deterioration in the economic situation and a sharp collapse of markets can lead to a significant increase in the credit risk index. The stabilization of the situation in international markets is gradual and does not cause such strong jumps in the indicator, i.e. this factor usually has a negative impact on the credit risk indicator.

1.2. Domestic economic. Change in the rate of inflation. Inflation causes changes in the structure of banks ' credit investments. When there is significant inflation, the terms of Deposit placement are reduced. As a result, the share of medium-and long-term loans decreases and the share of short-term loans increases [2]. This significantly worsens the solvency of enterprises and can subsequently affect the liquidity of banks (in the case of non-return or late repayment of these loans). As a result, credit risk increases significantly. An unexpected jump in inflation can result in a sharp increase in credit risk. A decrease in the rate of inflation has a positive effect on the country's economy and, in particular, on the level of credit risk of banks.

1.3. Change in the exchange rate of the national currency. The depreciation of the state's currency has a negative impact on the country's credit rating, and therefore on the credit rating of banks. A particularly strong increase in the level of credit risk occurs when the national currency is devalued. The stabilization of the national currency rate leads to a decrease in credit risk.

1.4. Regulations The change in reserve requirements. A moderate increase in this indicator causes a decrease in inflationary pressure, contributes to the stability of the national currency exchange rate and, accordingly, affects the Bank's credit risk. An increase in mandatory reserves usually leads to a decrease in credit risk, while a decrease leads to an increase.

1.5. Changes in the current tax system. A sharp increase in taxes can lead to a loss of creditworthiness of some borrowers, and therefore to an increase in credit risk. Lowering the tax rate or introducing tax incentives will improve the creditworthiness of businesses and individuals and reduce the Bank's credit risk.

1.6. State support. Increasing support for certain industries, if loans to these borrowers make up a significant percentage of the loan portfolio, leads to a reduction in credit risk. The state's refusal to Finance industries and the privatization of enterprises leads to a decrease in the reliability of borrowers and, if they make up a significant share in the loan portfolio, to an increase in credit risk.

3 [Электронный ресурс] Страница продукта 3ds Max на сайте компании Autodesk (русскоязычная версия) http://www.autodesk.ru/products/3ds-max/overview/ (дата обращения 13.10.2014 г.).

4 [Электронный ресурс] Официальный сайт компании Exlevel (русскоязычная версия) http://exlevel.ru/features/ (дата обращения 13.10.2014 г.).

5 [Электронный ресурс] Страница продукта Autodesk FBX на сайте компании Autodesk http://www.autodesk.com/products/fbx/overview (дата обращения 13.10.2014 г.).

МРНТИ 20.01.45
УДК 372.8

А.Р. Турганбаева [1], А.А. Рахымжанова[1], А.С. Черикбаева[1]

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы қ. Қазақстан

ИНФОРМАТИКА ПӘНІ БОЙЫНША ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМАМЕН ОҚЫТУМЕН БАҒАЛАУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада орта мектеп оқушыларына факультатив сабақтарды және оқушы білімін бағалауда жиынтық бағалау жұмыстарын жүргізу жолдары жан жақты қарастырылды. Қалыптастырушы бағалау, жиынтық бағалау жұмыстарын жүргізуде компьютерлік технологияның мүмкіндіктерін пайдалану арқылы оқушыларды танымдық қабілеттерін дамыту, мақсаттың нәтижелі болуын түсіндіре отырып, соған бағыттау, қамтамасыз ете отырып, өз бетімен жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру және де факультатив сабақтарды жүргізудің тиімділігі зерттелді және бүгінге дейін қолданылып келген әдіс-тәсілдер қарастырылды.

Сонымен қатар, жиынтық бағалауды әр түрлі жолмен жүргізуге болатындығы және соның ішінде электронды түрде ұйымдастырған жеңіл және ыңғайлы екендігі, оқытудың сапасын жақсарту үшін алдымен оның әдістемесін жетілдіру қажет екендігі айтылған. Қазіргі таңда әлемдегі білім көлемі тез өсіп жатқандығын ескере отырып, мектептегі оқытудың тиімділігін арттыру үшін жаңа технологияның мүмкіндіктерін дұрыс пайдалана білу қажет деген қорытынды жасалды.

Түйін сөздер: факультатив сабақ, қалыптастырушы бағалау, жиынтық бағалау, жаңа технология, әдіс-тәсілдер.

Аннотация

А.Р. Турганбаева [1], А.А. Рахымжанова[1], А.С. Черикбаева[1]
[1]Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

СПОСОБЫ ОБУЧЕНИЯ И ОЦЕНКИ ПРИ ОБНОВЛЕННОЙ ПРОГРАММЕ В ОБЛАСТИ ИНФОРМАТИКИ

В статье подробно обсуждается, как проводить факультативные уроки для учащихся средних школ и выводить итоговые оценки для учащихся. В ходе итоговой оценки были изучено развитие познавательных способностей учащихся с использованием возможностей компьютерных технологий, формирование умения работать самостоятельно, предоставление методических указаний, объяснение эффективности поставленной цели, а также эффективности элективных занятий и методов, используемых на сегодняшний день.

Было также отмечено, что итоговая оценка может проводиться различными способами, в том числе простым и удобным в электронной форме, и что для повышения качества обучения необходимо сначала улучшить его методологию. Были изучены возможности компьютерных технологий в формирующей оценке и итоговой оценке, а также эффективность факультативных курсов и современные методы их проведения. Учитывая быстро растущее глобальное образование, доступное сегодня, был сделан вывод о том, что использование новых технологий для повышения эффективности школьного обучения может быть успешно использовано.

Ключевые слова: факультативные занятия, формативное оценивание, итоговая оценка, новые технологии, методы обучения.

Abstract

METHODS OF TRAINING AND ASSESSMENT WITH AN UPDATED PROGRAM IN COMPUTER SCIENCE

Turganbayeva A.R.[1], Rakhymzhanova A.A.[1], Cherikbayeva A.S.[1]
[1]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

The article discusses in detail how to conduct elective lessons for high school students and final grades for students. In the course of the final assessment, we studied the development of cognitive abilities of students using the capabilities of computer technology, the formation of the ability to work independently, the provision of guidance, as well as the effectiveness of elective classes and methods used today.

It was also noted that the final assessment can be carried out in various ways, including simple and convenient in electronic form, and that in order to improve the quality of training, it is necessary to first improve its methodology. The effectiveness of elective courses and the methods used to date have been studied. Given the rapidly growing global education available today, it was concluded that the use of new technologies to increase the effectiveness of schooling can be successfully used.

Keywords: elective classes, formative assessment, final assessment, new technologies, teaching methods.

Бүгінгі таңда қарқынмен дамып келе жатқан қоғамда, оқушының заман талабына сай бәсекеге қабілетті, кәсіби маман болып қалыптасуына бағыт, бағдар беру, компьютерлік технологияның барлық мүмкіндіктерін еркін пайдалана білуге үйрету,білім алуды қарапайым жолмен түсіндіру, нәтижелі жұмыс жасауға бағдар беру, оқушыларға өздерінің біліктіліктерін еркін пайдалана білуге үйрету, есептеуіш техниканы жөндеу және техникалық қызмет көрсету арқылы техникалық, логикалық, шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында әр түрлі іс-шаралар жүргізілуде.

Бұл жердегі басты назарда:

- Жаңа технологияның мүмкіндіктерін пайдалану арқылы оқушыларда танымдық, біліктілік қабілеттерді дамыту;
- кәсіби бағдар бере отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру;
- Кәсіби маман болуларын ықпал ету;
- Мақсаттың нәтижелі болуын түсіндіре отырып, соған бағыттау, қамтамасыз ету;
- Өз бетімен жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру.

Нәтижесінде проблеманы өзі көре алатын және сол мәселені шеше алатын ақпараттың түрлерін меңгеріп онымен жұмыс істей алатын, алған білімін өмірде қолдана білетін тұлға қалыптасады.

Бағалау және бағалау жұмыстарының мәселесі педагогикалық теория ретінде де, педагогикалық тәжірибеде де ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Қоғамдағы өмірдің әртүрлі кезеңдерінде білім беру мен тәрбиелеу сапасын өлшеу, сондай-ақ осы өлшемдердің нәтижелерін көрсету мұғалімдердің қызығушылығын тудырды. Оқу үрдісінде репродуктивтік, эвристикалық және зерттеушілік тапсырмаларды қолдану оқушылардың белсенділігін арттыру.Бағалау және бағалау жұмыстарының мәселесі педагогикалық теория ретінде де, педагогикалық тәжірибеде де ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Қоғамдағы өмірдің әртүрлі кезеңдерінде білім беру мен тәрбиелеу сапасын өлшеу, сондай-ақ осы өлшемдердің нәтижелерін көрсету мұғалімдердің қызығушылығын тудырды [1].

Академиялық тақырыпты зерттеу барысында мұғалімдер үнемі оқушылардың оқуы туралы ақпарат жинайды. Олар кішігірім топтық пікір-таластарды бақылайды, құрылымдық және құрылымдық емес іс-шараларға қатысатын оқушыларды қадағалайды және оқушылармен жұмыс істеу барысында сұрақтар қояды. Академиялық тақырыпты зерттеуге дейінгі және оның барысында орын алған тұрақты бағалау бұл қалыптастырушы бағалау деп аталады [2]. Мұғалімдер педагогикалық процесте өзгерістер енгізу үшін және осы мақсатқа жету үшін оқушылардың назарын аудару үшін осы бағалаудың нәтижелерін пайдаланады. Егер мұғалімдер үнемі осындай ақпаратты жинауға және оқуға оқушыларды тартса, олар оқушыларға тәуелсіз болуға көмектеседі. Академиялық тақырыпты зерттеу соңында немесе жобаның соңында өткізілетін жиынтық бағалау білім алушылардың басқа топтарымен кейінгі тақырыптарды оқып-үйрену кезінде оларды тиімдірек шешу үшін негізгі білім беру проблемаларын анықтауға мүмкіндік береді. Оқушылар проблемалық мәселелерді анықтап, одан әрі оқу мақсаттарын анықтай алады [3].

Қалыптастырушы және жиынтық бағалау бірқатар мақсаттарға жету үшін пайдаланылуы мүмкін. Әрбір мақсатқа жету үшін әртүрлі бағалау стратегиясы бар. Одан кейін мұғалімдер оқушылар туралы ақпарат жинауға көмектеседі және оқушылардың өздерінің оқыту процесін түсінуін дамытады. Тиімді бағалау стратегиясының негізгі факторы мына мәселелерді түсіну болып табылады:

- Неліктен түрлі стратегияларды қолдануға болады?
- Мұндай бағалау стратегиясын қалай қолдануға болады?
- Бұл бағалау стратегиясы қалай құрылымдалған болуы мүмкін?
- Нәтижелермен не істеу керек?

Қазіргі уақытта нарықта көптеген сандық білім беру ресурстары бар және Интернетте еркін қол жетімді: демонстрациялық, анықтамалық, тренажерлер, тренингтер, модельдеу, модельдеу контроллері және т.б

Олардың кейбіреулері өте жоғары стандартқа ие. Осыған қарамастан, бұл өнімдер нақты білім беру процесінде сирек қолданылады, өйткені, біріншіден, білім беру процесінде қолданыстағы сандық білім беру ресурстарының басым көпшілігі [4].

Жиынтық бағалауды әр түрлі жолмен жүргізуге болады. Соның ішінде тест арқылы жүргізу. Тесті электронды түрде ұйымдастырған жеңіл және ыңғайлы. Оқу барысында оқушылардың білімінде, олардың дағдылары мен түсінігімен белгілі бір өзгерістер орын алады. Білім мен дағдыларды тестілеу кезінде оқушылар әр уақытта дұрыс және дұрыс емес жауаптар береді, тапсырмаға тиісті уақытты өткізеді. Тестердің мақсаты - оқушылардың жұмысының жай-күйін зерттеудің әрбір кезеңінде бағдарлама материалымен диагностикалау: ықтимал қиындықтарды, кемшіліктерді, тұжырымдарды шатастыруды, ережелерді білуді және оларды қолдану қабілетін анықтау және т.б. Тестілеу оқудың әртүрлі кезеңдерінде қолданылуы мүмкін:

а) кіріспе тестілеу - оқушылардың бастапқы білім деңгейі туралы ақпарат алу.

б) ағымдағы тестілеу - кемшіліктерді жою, дұрыс дағдылар мен білімдерді жою.

в) түпкілікті тест - жүйелеу, оқу материалын жинақтап, алынған білім мен дағдыларды тексереді.

Тестілеудің маңыздылығы: Тестілеуден өткен білімнің мазмұнын тікелей байланыстырмаған, атап айтқанда: баланың жұмысын тіркеу (жаман қолтаңба, блендер және т.б.) бағалауға сыртқы әсер ету мүмкіндігінің жоқтығы. Бұған қоса, тестілер - уақытында және еңбек шығындарында үнемді. Олардың көмегімен қысқа уақыт ішінде сыныптағы барлық оқушылардың білім деңгейін анықтауға болады, бұдан басқа артықшылығы- бұқаралық скрининг. Тесттер тек білім мен дағдылардың деңгейін ғана емес, жұмыстың сипатын, белгілі бір қиындықтарды, білімдегі кемшіліктерді және әрбір оқушының қателігін көрсетеді, өйткені әрбір дұрыс жауап үшін балаға балл беріледі және барлық нәтижелер матрицада жазылады. Мұнда оқушыларға ақылға қонымды жеке көзқарас қалыптастыру, оларды сақтаудың алдын алу және оқыту әдістерін жетілдіру үшін көптеген мүмкіндіктер бар. Дегенмен, сынақ тестінің пішінінде оқу үрдісінде пайдаланған кезде ескеретін кемшіліктер бар:

- оқушының ақылға қонымды және өз ойларын біртұтас білдіру қабілетін көрсетпеңіз.
- эмоционалды-сауық іс-әрекет саласын, оқушының талпынысын, жұмысқа деген қызығушылығын жеткіліксіз анықтайды. Сондықтан сынақтар тексерудің басқа нысандарын жоққа шығармауы керек, бірақ олармен үйлесімді түрде араласуы керек. Терминдерді меңгеруді тексеру үшін материалды қамтамасыз ету сатысында мұғалім дайын қосымшаларды және қызметтерді пайдалана отырып, өздігінен жасай алады. Мысалы, learningApps [5] (1-сурет), Kahoot, Studystek және де басқа қосымшаларды пайдалану.



1-сурет. LearningApps.org қосымшасының интерфейсі

Электронды түрде жиынтық бағалау әдістерін пайдалану Интернет арқылы оқыту мен оқытудың маңызды бөлігі болып табылады, себебі тапсырмаларды бағалау мұғалімге оқушылардың оқуын қадағалауға және оқу бағдарламаларын жетілдіруге көмектеседі. Осылайша, тапсырмалар әдетте осы құралдарды пайдалана отырып бағаланады:

- Тәуелсіз бағалау;
- Бағалау критерийлері;
- Өзін-өзі бағалау;
- Өзін-өзі сынау, өзін-өзі тексеру.

Мемлекетіміздегі білім берудегі маңызды мәселе білім беру жүйесінің болашағы үшін білім беру сапасын арттыру мақсатында қайта жаңғырту болды. Білім беруді жетілдірудің бір бөлігі - алдын-ала білім беруді енгізу болып табылады. Алдын ала білім беру оқушыға кәсіптік бағдар беру және факультатив курстарды ұйымдастыру арқылы оқушылардың сабақтарды өз бетінше анықтауларына ықпал ететін білім беру кеңістігін құру. Алдын-ала оқыту немесе факультатив сабақтар – бұл оқушы бітіргеннен кейінде дұрыс таңдау жасауына ықпал етеді. Факультатив сабақтарды құру кезінде, оқушыларға арналған білім беру мақсаттары ескеріліп, дайындалады. Бүгінгі таңда білім берудің барлық сала, деңгейлері үшін мемлекеттік білім беру стандарттары қабылданған және бұл стандарт Республика деңгейінде іске асырылуда. Мектептегі мектеп білімінің ең ұзақ кезеңі 5-9 сыныптар болып есептелінеді. Бұл кезеңде білім қорының білім беру стандарты бар адамның жалпы білім беруіне арналған [6]. Жоғары мектепте қол жеткізілген нәтижелер іріктелген білім беру профиліне байланысты шоғырландырылған, кеңейтілген және тереңдетілген. Ғылымның өзі туралы айта келе, МБС құрылымында «Информатика» пәні бастауыш мектептегі модуль ретінде және 5 сыныптан бастап орта мектепте жеке пән ретінде қарастырылғанын атап өтуге болады. Бұл пән «Математика және информатика» мамандығының білім саласына жатады. Бір тақырыптық салада пәнаралық байланыстарды ұйымдастыру оңай, ал басқа пәндер бойынша факультативтерді қолдану ұсынылады. Кейбір мұғалімдер әлі күнге дейін бейінді білім туралы, білім берудің мақсаттары мен міндеттері, оны жүзеге асырудың формалары мен әдістері туралы толық ақпарат алмайды; олар оқушылар үшін қызықты және пайдалы факультатив курс жасауды білмейді, олар үшін нормативтік құжаттар мен оқу-әдістемелік материалдар да жеткіліксіз. 10 жылдан астам уақыт бойы педагогикалық және ғылыми қоғамдарда білімге құзыреттілік көзқарастың негізгі идеялары қарастырылды. Сондықтан, қазіргі уақытта келесі тақырыптар маңызды: факультатив курстар туралы ақпаратты жүйелеу, факультатив курстарды құру ерекшеліктерін талқылау, сондай-ақ олардың әдіснамасының ерекшеліктерін анықтау. Зерттеу барысында мынадай міндеттер шешу орын алды: - жоғары мектептегі факультатив аясында информатиканы оқыту процесінде оқушылардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттеу; - факультатив курсына арналған әдіснамалық материалды әзірлеу; - дамыған факультативтер шеңберінде оқу материалдарының сапасын талдау. Факультатив курстың дамуының практикалық маңыздылығы - зерттеу нәтижелерін пайдалану мектеп информатика курсының көптеген бөлімдерінде материалды меңгеру дәрежесін жоғарылатады, оқушылардың бейінді дайындығы кезінде математика және информатика пәнаралық байланыстарын басқа мектеп пәндерімен күшейтеді. Тест тапсырмаларын оқушылардың ең қарапайым нұсқасында:

Оқушының жеке тапсырмасы ретінде мұғалім ұсынған тапсырмалардың әр тапсырманы аяқтайтын тізімнен «Тәуелсіз шешім үшін тапсырмалар» деп аталады. Оқушылардың тобымен мұғалім ұсынған тапсырмалардың үй тапсырмасы ретінде «Өзін-өзі тану бойынша тапсырмалар» секциясынан немесе басқа көздерден шешу. Дегенмен, оқушының бағалауының басқа нұсқасы артық, атап айтқанда, аралық бағалау үшін мұғалім ұсынған тақырыптар бойынша эссе жазуды ұсынады (тақырыптар әр тараудың соңында беріледі). Эсседегі жұмыс таза болуы мүмкін, бірақ шағын топ оқушыларының орындауға арналған тақырыптары алынып тасталмайды. Мұғалімнің кеңесі бойынша оқушылар эсседе жұмыс істеу үшін әр түрлі көздерге сілтеме жасауы мүмкін [7]. Эссе бойынша жұмыстың нәтижелері бойынша оқушыларға сабақта баяндама жасау немесе талқылауға немесе дауға қатысу ұсынылады. Осының бәрі мұғалімнің дұрыс бағалануы керек. Сонымен қатар, эссе осы нұсқаулықтың бір немесе бірнеше тарауына қосымша болуы мүмкін, содан кейін оқушылар «Оқулық жазу» сияқты іс-шараларға қатысады. Педагогикалық мақсаттылықты және оқу процесіне әртүрлі факультатив компьютерлік білім курстарын енгізу мүмкіндігін бағалау еңбек нарығында сәтті насихаттау, іс жүзінде маңызды міндеттерді шешу үшін қажетті дағдылар мен іс-қимылдарды дамыту, әдістерді түсіну және түсіну үшін белгілі бір білім нәтижелеріне қол жеткізу сияқты ұмытпауы керек. Таңдап алынған өмір жолын жүзеге асыру мүмкіндіктері, кәсіптік бағдар беруді жалғастыру. Бүгінгі таңда факультатив информатика курстары бойынша оқулықтар әзірленіп жатыр және оқулықтардың мысалын қолдана отырып, оқулықтың мотивациялық функциясын іске асыру үшін қажетті жағдайларды жасауға болады. Бұл академиялық пәндердің мазмұнын құрылымдаудың жаңа тәсілдерінің пайда болуына әкеледі. Егер дәстүрлі көзқарас негізгі ғылымның логикасына негізделсе, онда басқа көзқарас оқушылардың танымдық қажеттіліктеріне сәйкес келетін құбылыстарды, процестерді, проблемалық мәселелерді және проблемалық жағдайларды таңдау болып табылады [8]. Оқытудың сапасын жақсарту, оның әдістемесін түбегейлі жетілдірумен тығыз байланысты, ол өз кезегінде мұғалімнің техникалық оқу құралдарының жиынтығын кеңінен қолдануға байланысты. Қазіргі заманғы мектепте оқытушы-тәлімгерлік жұмысында күн сайын мұғалім қолданатын оқу құралдарының арсеналы айтарлықтай кеңейді [9]. Білім беруді визуализациялаудың педагогикалық принципі оқу-әдістемелік құралдарды үздіксіз жетілдіруді, мектептегі көрнекі құралдарды ғылым мен техниканың даму деңгейіне сай болуды талап етеді.

Факультатив сабақтардың өткізілу әдістері әртүрлі болғанымен, педагогика тұрғысынан ұқсастықтарды байқауға болады. Бастапқы ұқсастық оқушылардың сол сабаққа қызығушылығын арттыру, теорияда өтілгендерді практика жүзінде жүзеге асыру болып табылады. Ал практикалық жұмыстар факультатив сабағы арқылы тереңдетіліп өтіледі. Шет мемлекеттерде сабақта жаңа тақырыпты өтпес бұрын, сол тақырыптар факультатив сабағында практикалық жұмыс жасату қолға алынған [4]. Бұл жағдайда оқушылардың теорияда алған білімдерін тәжірибеде жасап көру және саналы түрде електен өткізу болып табылады. Оқушылардың жүйелі білім алуда, мақсатты нақты қоюда информатика саласындағы арнайы тапсырмаларды орындауда және де жіберген қателерін өз бетімен анықтап өзін-өзі бағалауға мүмкіндік береді. Аталған мәселелерді іске асыру бірнеше деңгейден тұруы мүмкін:

а) күтілетін нәтижелермен қойылған мақсаттарға байланысты;

- оқытуды дамыту үшін білім алу үрдістерін қарастыру;
- оқу талаптарының түрлерін зерттеп, тиімді тұстарын анықтау;
- оқу және оқыту тиімділігін арттыру үшін талапты қарастыру;

ә) Орындалуынабайланысты

- уақытты, құрылғыларды үнемдей отырып, нәтижеге қол жеткізу;
- белгілі мақсатқа жету үшін қолданылатын әдістеме құралдардың санының аз болғанына қарамастан нәтижеге қол жеткізу;
- әдістемелік құралдарды қарастыруға кеткен уақытқа қарамастан нәтиже алу;

б) субъектілердің талапты шешуге атсалысуы;

- мектеп әкімшілігімен сол мектеп ұжымы;
- мектеп ұжымы мен мектептің белсенділері, өзін-өзі басқару бөлімдері және т.с.с.
- мектеп басшылығы, педагогикалық ұжым және мектептегі талантты оқушылар, өзін-өзі басқару бөлімдері және т.б;

Сонымен қатар бұл процессте ата-аналардың да алатын орны ерекше. Оқу процесінін қарастыруда оқыту әдіс-тәсілдерімен оны оқыту түрлері оқытушыға байланысты [10]. Осы жағдайларды ескере отырып төмендегідей мәселенің шешімдерін қарастыруға болады:

- ✓ Ақпаратты өңдемес бұрын қабылдау мүмкін шешімдер (автоматты)
- ✓ ассоциалауға негізделуі мүмкін шешімдер
- ✓ Қателерге негізделген шешімдер;
- ✓ сынақты – қателіктер мен сынақтарға негізделген шешім;
- ✓ болжамға негізделген шешімдер және т.б..

Қорытындылай келе, біз қазіргі заманғы мектептегі оқыту тиімділігінің басты міндеті туралы тағы да айта аламыз. Әлемдегі білім көлемі тез өсуде. Тиісінше, оқушылардың оқуды меңгеруі тиіс оқу материалдары жыл сайын артып келеді. Шешімді тек тренингтің тиімділігін жоғарылату жолымен табуға болады: жаттығу ұзақтығын ұлғайтудың қажеті жоқ, сонымен бірге бір уақытта білім алу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *Stronge, J., Ward, T. & Grant L. (2011). What Makes Good Teachers Good? A cross-case analysis of the connection between teacher effectiveness and pupil achievement. [Үздік мұғалімдердің жақсы болуы неден? Мұғалімнің тиімділігі мен оқушының жетістігі арасындағы байланыстың көлденең талдауы]. - книга*

2 *Могилев А.В., Пак Н.И., Хеннер Е.К. Информатика. — М.: Академия, 2012. — 848 с. - книга*

3 *Shulman, L. S. (2007). «Good teaching». [«Жақсы оқыту»]. Box content in S Loeb, C Rouse & A. Shorri (Eds) «Introducing the Issue», in The Future of Children. [«Мәселені енгізу», «Балалар болашағы»]. 17 (1) 6–7. - книга*

4 *Teachers' beliefs and educational research: Cleaning up a messy construct. Review of Educational Research. [Мұғалімдердің пікірлері және білім беру зерттеулері: Ретсіз тұжырымдаманы тәртіпке келтіру]. 62(3), 307–332. - книга*

5 *LearningApps.org - interaktive und multimediale Lernbausteine [Электрон.ресурс]. – 2019. – URL: (дата обращения: 21.01.2020)*

6 *Босова Л.Л., Босова А.Ю. Информатика и ИКТ 5-7 классы. Методическое пособие. 2-е издание, дополненное. Издательство: Москва БИНОМ. Лаборатория знаний 2011, - 18 с.*

7 *Дистанционная подготовка Московские учебно-тренировочные сборы по информатике. Весна- 2019. – URL: https://informatics.mccme.ru(дата обращения: 20.01.2019) -*

8 *Компьютерное тестирование знаний MyTestXPro [Электрон.ресурс]. – 2019. – URL: www.mytest.net (дата обращения: 17.01.2020) - интернет источники*

9 *Михеева Е.В. Информационные технологии в профессиональной деятельности. — М.: Академия, 2013. — 384 с. - книга*

10 *Основы информатики: учебник / В.Ф. Ляхович, С.О. Крамаров, И.П. Шамараков. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2010. – 715 с - книга*

МРНТИ 14.25.09
УДК 373.1.02:372.8

Ш.Т. Шекербекова [1], Д.Н. Исабаева [1], М.А. Тілеубергенов [1]

[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН КОМПЬЮТЕРЛІК ОЙЫНДАРЫН ҚҰРУҒА ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа

Мақалада мектеп оқушыларын компьютерлік ойындар құруға оқыту әдістемесі қарастырылады. Алғашында ойын ұғымы сипатталады, ойын жасау кезіндегі негізгі дидактикалық талаптар келтіріледі және «компьютерлік ойын» ұғымына кеңірек сипаттама беріледі. Информатиканы оқытудағы компьютерлік ойындарды пайдалану тәсілдері, компьютерлік ойындардың жіктелуі келтіріледі. Білім беру кеңістігінде компьютерлік ойындарды пайдаланудың ерекшеліктері сипатталады. Компьютерлік ойын құру үшін ойын конструкторларын пайдалану ұсынылады және оларды құру үшін, ойын конструторларын қолдана білуге үйрету жеткілікті болады. Бірнеше ұсынылған конструкторларының ішінен 2D редакторлардың бірі Game Maker Studio конструторы қолданылады. Game Maker Studio редакторында ойын құрудың жолдары сипатталып келтіріледі. Алдымен жалпы ойында қолданылатын спрайт, объект, деңгей, оқиға, әрекет ұғымдары келтіріліп, содан соң ойын құру идеясы сипатталады. Ойын сценариі бойынша Game Maker Studio редакторында ойын құрудың мүмкіндіктері келтіріледі.

Түйін сөздер: компьютерлік ойын, ойын конструкторы, спрайт, объект, деңгей, Game Maker Studio редакторы.

Аннотация

Ш.Т. Шекербекова[1], Д.Н. Исабаева[1], М.А. Тілеубергенов[1]
[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ ШКОЛЬНИКОВ К СОЗДАНИЮ КОМПЬЮТЕРНЫХ ИГР

В статье рассматривается методика обучения школьников созданию компьютерных игр. Вначале описывается понятие игры, приводятся основные дидактические требования к созданию игры и дается более широкая характеристика понятия «компьютерная игра». Приводятся способы использования компьютерных игр в обучении информатике, а также классификация компьютерных игр. Описываются особенности использования компьютерных игр в образовательном пространстве. Для создания компьютерной игры рекомендуется использовать игровые конструкторы, и для их создания достаточно научить использовать игровые конструкторы. Из нескольких предложенных конструкторов используется один из редакторов 2D-конструктор Game Maker Studio. В Редакторе Game Maker Studio описываются способы создания игры. Вначале приводятся понятия спрайт, объект, уровень, событие, действие, используемые в общей игре, а затем описывается идея создания игры. По сценарию игры в Редакторе Game Maker Studio приводятся возможности создания игры.

Ключевые слова: компьютерная игра, конструктор игры, спрайт, объект, уровень, редактор Game Maker Studio.

Abstract

METHODS OF TEACHING STUDENTS TO CREATE COMPUTER GAMES

Shekerbekova Sh. T. [1], Izabaevad. N. [1], Til'ubergenov M. A. [1]
[1]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

The article considers the methodology of teaching schoolchildren to create computer games. Initially, the concept of a game is described, the basic didactic requirements for the creation of a game are given and a more broad characteristic of the concept of "computer game" is given. Methods of using computer games in teaching computer science, as well as the classification of computer games. Describe the features of using computer games in educational space. To create computer games it is recommended to use game designers, and for their creation it is enough to learn to use game designers. Of the several proposed constructors, only one of the editors of 2D-constructor Game Maker Studio is used. Game Maker Studio describes the methods of creating games. Initially, the concept of sprite, object, level, event, action, used in the general game, and then the idea of creating a game is described. The script of the game in the Game Maker Studio Editor is given the possibility of creating games.

Keywords: computer game, game designer, sprite, object, level, editor Game Maker Studio.

Қазіргі таңда цифрлық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты, адамзат қызметінің әр түрлі салаларына елеулі әсерін тигізуде. Бұл әрине XXI ғасырда өмір сүретін адамға бірқатар талаптар қояды, атап айтқанда цифрлық технологияның тиісті салаларына сәйкес информатикадан оқушылардың арнайы білім алу мен белгілі бір цифрлық сауаттылығын дамытуды көздейді. Информатика барлық ғылымдарға қатысы бар, ол адамның көзіне қол жетпейтін кейбір процестерді визуализациялауға, қауіпті жағдайларды модельдеуге (өмірге қауіпті) немесе оларды өмірде іске асыру үшін модельдер жасауға, машиналардың жұмысын автоматтандыруға көмектеседі. Сондықтан информатика қазіргі әлемде өте пайдалы, әрі қажетті және алдыңғы қатардағы пәндердің бірі.

Білім берудің қазіргі кезеңінде мақсаты шығармашылық, белсенді тұлғаны, өз бетінше білім алу және қолдану дағдыларын қалыптастыруға және жан-жақты дамытуға бағытталған. Қазіргі жастар ойын индустриясына, дизайнға, модельдеуге, анимацияға әуестігі жоғары деңгейде. Сондықтан оқушыларды информатиканы оқыту барысында ойын конструкторларымен жұмыс істеуге үйрету, олардың шығармашылық қабілетін, оқуға деген ынтасы мен белсенділігін арттыруға мүмкіндік жасайды. Соңғы жылдары көптеген шетелдік зерттеушілер оқушылардың цифрлық (соның ішінде компьютерлік) ойындарға деген қызығушылығын білім беру мақсатына жету үшін қалай қолдануға болатындығы зерттелуде. Компьютерлік ойындар психология, педагогика, информатика және әлеуметтану салаларында маңызды зерттеулердің объектісі болып табылады.

"Компьютерлік ойындар" ұғымын қарастырудан бұрын, ең алдымен "ойын" ұғымына назар аударамыз. Бұл ойын ұғымына әлі күнге дейін ғылыми қоғамдастықта дау тудырып келеді. Біз зерттеуге көмектесетін кейбір анықтамаларға тоқталамыз. В.И. Даль ойынды қызық, ермек, көңіл көтеру деп түсінідіреді [1]. С.И. Ожегов ойын-оның нәтижелерінде емес, үдерістің өзінде болып табылатын іс-әрекет түрі деп жазады [2]. Сонымен ойын бұл білім беру қызметінің бір түрі, оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудағы қызықты және тиімді әдіс деп айтуымызға болады.

Педагогикалық әдебиетте ойын түсінігі нақты өмірдің көрінісі ретінде екендігін К.Д. Ушинский алғаш рет айтты [3]. Сонымен қатар, К.Д. Ушинский ойын баланың тұлғасын қалыптастыруға әсер ететінін дәлелдеп көрсетті. Оқушы ойынмен жұмыс барысында бөгде бақылаушыдан оқыту барысына әсер ететін және кері байланыс әсерін сезінетін құрушыға айналады. Сондай-ақ, ойын таным қажеттілігін қанағаттандыра алады. Ол адаммен нақты әлемде орын алуы мүмкін жағдайлар мен оқиғаларды (өрт, су тасқыны, дауыл) ерекше түрде жобалауға қабілетті. Алайда, бұл жағдайлар оқушының ойыннан ұқсас сәттің пайда болуы жағдайында шын мәнінде пайдалы болатын кейбір дағдылары мен біліктілігін қалыптастыра алады.

Білім беру мәселелерін шешуде компьютерлік ойындарды қолданудың тиімділігіне әсер ететін негізгі фактор - мотивация. Мотивация - бұл адамның мінез-құлқын басқаратын және ынталандыратын факторлардың тұтас кешені. «Мотивация» термині екі құбылысты білдіруі мүмкін:

- белгілі бір адамның мотивация жүйесі;
- белгілі бір адамның ынтасын белсендіретін әрекеттер жүйесі.

Компьютерлік ойындарды құру аспектісінде Э. Десидің ішкі (ағылшынша «ішкі») мотивациясы туралы түсінігі ерекше орын алады [4]. Пиаженің даму теориясы әдебиетінде «процестен өтетін мотивация» деп атап көрсеткен. Бұл "іс-әрекет процесінде бар марапаттар үшін, өзі үшін іс-әрекеттер жасауға ұмтылу». Компьютерлік ойындарды құруда оқушылар компьютерлік ойындардың ойыншылары ретінде өзінің елеулі тәжірибесіне сүйене отырып, рефлексия жасай алады.

Қазіргі уақытта информатиканы оқытуда компьютерлік ойындарды пайдалану шартты түрде бірнеше тәсілдерін бөліп көрсетуге болады:

- кәсіпқой программистер құрған ойындарға, оның ішінде оқыту ойындарына ойындарға қосымша деңгейлер жасау;
- ішінде кіріктірілген программалау тілі бар, визуалды ойын конструкторларын пайдалану;
- қандай да бір бағдарламалау тілін оқыту курсының элементтері ретінде шағын логикалық ойындарды енгізу;

Компьютерлік ойындар мен жасау орталарын таңдау шарттары мен критерийлерін анықтау үшін әртүрлі негіздер бойынша байланысты компьютерлік ойындардың қолданыстағы жіктемесін қарастыру қажет. Ең танымал және қолданылатын жанрдағы компьютерлік және мобильді ойындарды жанр бойынша жіктеу болып табылады. «Жанр - бұл тақырыптардың немесе бейне объектілерінің біріктірілген туындылар жинағы; объектіге, тұлғаға немесе құбылысқа авторлық көзқарас: түсіну және түсіндіру тәсілі». Компьютерлік ойындар индустриясының үнемі дамуы бірнеше жанрлар мен әрекет түрлерін үйлестіретін біріктірілген түрдегі көптеген ойындардың пайда болуына әкелді. Қазіргі заманғы ойындарда ойын-симулятор, квест, логикалық ойын элементтері бар және адамның психикалық және моторлы іс-әрекетінің көптеген аспектілерін қамтиды. Компьютерлік ойын – ойын процесін, ойын бойынша серіктестермен байланысты ұйымдастыру үшін қызмет ететін немесе серіктес ретінде әрекет ететін компьютерлік бағдарлама. Компьютерлік ойындар ойындардың басқа түрлерінен айырмашылығы, балаға өз қызметінің өнімін ғана емес, сонымен қатар шығармашылық динамикасын да көруге мүмкіндік береді. Осының бәрі өз іс-әрекетінің нәтижелері мен барысын объективті бағалау қабілетіне алып келеді. Компьютерлік ойындар басқа ойындармен салыстырғанда үлкен артықшылықтарға ие. Олар өз іс-әрекетін ұғынуға жол ашады. Сондықтан компьютерлік ойындарына бірқалыпты әуестену оқушыларды оқытуға арналған пайдалы құрал болып табылады [5, 6].

Білім беру кеңістігінде компьютерлік ойындарды пайдалану:

- оқудың оң мотивациясын арттыру;
- пайдаланылатын ақпараттың көлемін кеңейту;
- ақпаратты ұсынудың жаңа формаларын пайдалану (визуалдыі-көрнекі););
- қолданылатын оқу іс-әрекеттерінің жиынтығын кеңейту;
- оқу үдерісіне оқушыларды белсенді енгізу;
- оқушылардың зияткерлік белсенділігін, шығармашылық ойлауын дамыту үшін жағдай жасайды [7].

Білім беруде компьютерлік ойындарды қолдану мәселелерімен В.П. Беспалько, В.А. Извозчиков, А.П. Илюшин В.В. Лаптев, Е.И. Машбиц, Е.С. Полат, Б.Л. Собкин, И.В. Роберт, А.Г. Шмелев, М. Эпштейн қарастырды. Ойын жасау кезінде негізгі дидактикалық талаптарға:

- баланың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі;
- гигиеналық талаптарға және жұмыстың санитарлық нормаларына сәйкестігі;
- қолжетімділік принципі.

Ойын компьютерлік бағдарламаларды жасау және қолдану кезінде келесі негізгі аспектілерді ескеру қажет:

- психологиялық (бағдарламаның оқу уәждемесіне, оқытылатын пәнге қатысты әсері);
- педагогикалық (оқылатын курстың жалпы бағыттылық бағдарламасының сәйкестігі, оның қоршаған орта туралы дұрыс түсініктерді қалыптастыруға әсері);
- әдістемелік (оқушыға ұсынылатын тапсырмаларды, қолданылатын әдістемелік тәсілдерді таңдаудың ақталуы);
- ұйымдастырушылық (компьютерлік ойындарды қолдана отырып, сабақтарды жоспарлау ұтымдылығы).

Егер бұрын қандай да бір ойынды құру үшін программалау саласында, моделдер суреттерін салуда және т.т.с. арнайы білімді игеру қажет болса, ал қазір қандай да бір редакторды үйрену жеткілікті болады. Сондай 2D редакторларға Construct2, Game Maker, Game Maker Studio**,** Unity, 3D Rad, Game Editor және т.б. жатады [8]. 2-Dimensional – ағылшын тілінен аударғанда dimension – өлшем дегенді білдіреді. *2D – деп екі өлшемді ойындарды түсінеміз, мысалға: тетрис, мысық-балықшы, пинбол, түрлі карта ойындары және т.с.с.* Қарапайым ойындар: *тетрис, пэкман, арконоид,* және т.с.с. ойындар және оларды құру аса қиын болмайды.

Біз күрделі емес 2D ойындарды құруға арналған аса танымал – Game Maker Studio редакторында ойын құрудың жолдарын қарастырамыз. GameMakerStudio программасын келесі //www.yoyogames.com/ сайтынан жүктеп, компьютерге орналастыруға болады. GameMaker бағдарламасының көмегімен ойындардың кез келген жанрын құруға болады: қуғындар, аркадалар, атыспақтар, платформерлер, логикалық, стратегиялар, симуляторлар, онлайн ойындар және т.б.

GameMaker мүмкіндіктерін тереңірек қарастырмай тұрып, алдымен жалпы ойындық идея түсінігін қарастырамыз және негізгі ұғымдарына тоқталамыз. *Объекттер.* GameMaker-де жасалған ойындар бір немесе бірнеше бөлмелерді (деңгейлерді) пайдаланады (бөлмелер жазық, үшөлшемді емес, бірақ олар 3D ұқсас графикасын қамтуы мүмкін). Бұл бөлмелерде алдын ала анықталған объектілер орналастырылады. Оған тән объектілер – бұл қабырғалар, қозғалыстағы шариктер, ойындық кейіпкерлер (персонаждар), құбыжықтар және т.б. Кейбір объектілер, қабырғалар сияқты, тек бір орында тұрады және ештеме істемейді. Ал, басқа объектілер, мысалға, басты персонаж сияқты объект, барлық ойын алаңы бойынша қозғалады және пайдаланушының әрекеттеріне (пернетақта, тышқан, джойстик арқылы) және басқа оқиғаларға кері жауап қайтара алады. Мысалға, басты персонаж құбыжыққа тап болатын болса, ол мерт болуы мүмкін, ал қабырғаға кездесетін болса, ол әрі қарай өте алмайды. Объектілер - GameMaker ойындарының ең маңызды компоненттері, сондықтан олар туралы толығырақ сөз етейік. Ең алдымен, объектілердің көпшілігі үшін оларды экранда көрінетіндей ететін бейнелер (кескіндер) қажет, бұл бейнелер *спрайттар* деп аталады.

Спрайт – бұл компьютерлік ойындарда пайдаланылатын растрлік (нүктелік) кескін. Спрайттар ойыншы, қарсылас, бонустар және т.б. сияқты нысандар үшін пайдаланылады. Спрайттарды тікелей *GameMaker* –де қондырылған бейнелер редакторында жасауға болады, немесе оларды дайын файлдардан жүктеуге болады (мысалға, PNG немесе анимацияланған GIF файлдары). Спрайттардың бірнеше түрі GameMaker-мен бірге ұсынылады. Олардан басқа, қызықты спрайттардың жинағын GameMaker сайтынан немесе интернет желісінен табуға болады, әдетте олар png немесе или анимацияланған gif файлдары формасында болады.

Оқиғалар. Объектілермен түрлі жағдайлар туындауы мүмкін. Мұндай жағдайлар - оқиғалар (events) деп аталады. Объектілер белгілі бір оқиға орын алғанда қандай да бір алдын ала анықталған әрекеттер (actions) істей алады. Объектімен болатын көптеген түрлі оқиғалар бар. Мысалға, жасау оқиғасы (*create event*) объектіні жасау кезінде орын алады. Нақтырақ айтсақ, объект экземплярын жасау кезінде; объектінің бірнеше экземпляры болуы мүмкін және олардың әрқайсысы үшін оқиға жеке-жеке өңделетін болады. Мысалға, шар объектісін жасау кезінде, сіз орын ауыстыру әрекетін анықтай аласыз. Екі объект соқтығысса, соқтығысу оқиғасы орын алады (*collision event*). Пайдаланушы пернетақтада түймені басқан кезде, пернетақта оқиғасы орын алады (*keyboard event*), әрі объект сәйкесінше әрекетті орындай алады, мысалға, көрсетілген бағыт бойынша орын ауыстыруды бастауы мүмкін. Жасаған әрбір объект үшін әртүрлі оқиғалардағы әрекеттерді көрсетуге болады, осылайша, объектінің жүріс-тұрысы анықталады.

Бөлмелер (ойын деңгейлері). Барлық қажетті объектілерді анықтаған сәттен бастап, әрекеттер орын алатын бөлмелерді жасау кезеңі туындайды. Бөлмелердің, ең алдымен, фоны болады, ол бір түсті немесе бейне (кескін) болуы мүмкін. Мұндай фондық бейнелер тікелей *GameMaker-де* жасалуы мүмкін немесе файлдан жүктелуі мүмкін. Фон көптеген мақсаттар үшін пайдаланылуы мүмкін, бірақ біз оларды бөлмелер үшін артқы сахна ретінде қарастырамыз. Сосын құрылған бөлмеде объектілерді орналастыруға болады.

Кез келген ойынды тікелей жасауға көшпес бұрын, ойынды құруды келесідей жоспарлау қажет:

1. Өз ойыныңыздың кейіпкерін ойлап табу, ол не істейді, қай жерде болады, ойыншы оны қалай басқарады және басқа да нәрселерді анықтау керек.

2. Өз кейіпкеріңіздің, ол өзара әрекеттесетін объектілердің суреттерін жасау керек. Мысалға, егер сізде аю алма жинайтын болса – онда сізге кем дегенде екі сурет: аю мен алмалардың суреттері қажет. Сонымен қатар фон да қажет болады.

3. Өз кейіпкеріңіздің үшін дыбыстар, ойын барысында ойналатын музыканы жасау немесе көшіріп әкелу керек [9].

Жоспарлаудан кейін, сценарийін құрылымдауға болады**.** Мысалы, «*Кедергілер арқылы жол*» ойынынын сахнасы (бөлмесі) мен кейіпкерлері.

1**.** *Ойын идеясы* - Ойыншы кедергілерден өтіп, кездескен қарсыласына соққы беріп жолды жүріп өтуі тиіс.

2. *Ойын сценарийі:*

Ойынға кім, не қатысады: кейіпкерлер: ойыншы, қабырға, қарсыласы.

Ойын қайда болады: Бөлме (ойын деңгейі) алаңында.

Ойыншыны пернелердің көмегімен жүргізіп отыру қажет.

3. Бөлме (ойын деңгейі) мен кейіпкерлерді сипаттау.

4. Осы ойын сценарийі бойынша ойын конструкторын пайдаланып кейіпкерлерді құрып, содан соң олардың әрекеттерін жасауға болады.

Осы сценарий бойынша ойын конструкторы арқылы спрайт пен объектілерді құрудан бастап, олардың әрекеттерін, ойыншының қозғалысын, анимациясын, объектінің көлеңкесін, артқы түсін, дыбысты құруды және де скрипттің көмегімен ойын процесін басқаруды жасауға болады. *Бірінші спрайттарды анықтап алу.* Алдын ала құрылған жобаны ашып, спрайт құру үшін *Sprites* қосымша бетін пайдаламыз. Спрайтқа атау береміз, Sprite0 атауын *player* деп өзгертеміз. Осы спрайт біздің басты ойыншымыз.

Спрайтты қолдан салуға да болады, ол үшін Edit Sprite командасын пайдаланамыз (Сурет 1).



Сурет 1. Спрайт құру терезесі

Енді ойынның белсенді құрамдас бөлігінің бірі объектілерді құрамыз, объектілер көріне алу үшін спрайттар арқылы визуалданады. Олардың әрқайсысы үшін оқиғалардан тәуелді болатын жүріс-тұрыс анықталады. Спрайттар мен объектілер арасындағы айырмашылық, спрайттар бұл жәй бейнелер (кескіндер, анимацияланған болуы да мүмкін), олардың жүріс-тұрысы анықталмаған. Объект құру үшін, *Objects* қосымшасын қолданамыз. Спрайттарды, объектілерді, бөлмелерді және т.б. өзіңізге ыңғайлы етіп атауыңызға болады, бірақ кейін шатастырмас үшін, ең жақсысы өз атауларымен атаған жөн, мысалға, spr қосымшасы бар спрайттар, obj объектілер, scr_ скрипттер және т.б. Сосын объект үшін спрайт таңдалады, объектіге ойыншының спрайтын қостық, содан кейін Sprite терезесінде біз құрған ойыншы спрайты шығады (Сурет 2).


Object: obj_player

Name: obj_player

Sprite: player

64 x 64

Collision Mask: Same As Sprite

☑ Visible ☐ Solid

☐ Persistent ☐ Uses Physics

Сурет 2. Объектіге Player спрайтын қосу

Оқиғалары мен әрекеттерімен объектілерді құрып болғаннан кейін, өзінде ойын өтетін бөлмелерді (деңгейлерді) құрудың уақыты келді. Әр ойынға ең болмағанда бір бөлмеден қажет. Бұл бөлмелерде біз объектілердің экземплярларын орналастыратын боламыз. Ойын бастала салысымен бірінші бөлме іске қосылады және экземплярлар құру оқиғасына арнап сайланған әрекеттерді жасай бастайды. Бөлме құру үшін *Create Room (Бөлмені құру)* командасы таңдалады (Сурет 3-4).



Сурет 3. Бөлме және спрайт құру



Сурет 4. Ойын іске қосылғаннан кейінгі бөлме

Біздің ойын бойынша бөлме келесі түрде болады. Параметрлерін қою мен экземплярларды қосып енгізумен қатар артқы тұсын көрсетіп, түрлерін белгілеп және файлдарды қосып енгізуге болады. Содан кейін оқиғаларды құрып және сол оқиғаларды белгілі түрдегі әрекеттермен (Actions) байланыстырып отыруға болады (Сурет 5).



Сурет 5.Ойынның нәтижесі

Ойыншы батырманы басқан кезде объект басқа объектімен соқтығысады, объектіні құрып немесе жояды, ойынды бастап немесе аяқтайды немесе ойыншы жай ғана қадам жасайды.

Компьютерлік ойындар оқушылардың іс-әрекетінің көрінісін қалыптастыруға ықпал етеді, оқушыларға өз әрекеттерінің нәтижесін көзбен көруге мүмкіндік береді. Сондықтан информатиканы қосымша факультативтік немесе үйірме сабақтарында оқытуда компьютерлік ойындарды құруға үйретуге көңіл бөлу ұсынылады. Компьютерлік ойындар оқушылардың жеке іс-әрекетін, шығармашылық потенциалын ынталандырып қана қоймайды, сонымен қатар оқушыларды қызықты топтық ойындарда біріктіретін және олардың бейресми қарым-қатынасына ықпал ететін тамаша құрал болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка / В.И. Даль. - СПб. - М.: Товарищество М.О. - Вольф, 1905.

2 Ожегов С.И. Словарь русского языка / С.И. Ожегов. - М., 1978. - 218 с.

3 Ушинский, К. Д. К. Д. Ушинский. Избранные труды. В 4 книгах. Книга 2. Русская школа / К.Д. Ушинский. - М.: Дрофа, 2005. - 448 с.

4 Дергачёва О. Е. Автономия и самодетерминация в психологии мотивации: теория Э. Деси и Р. Райана / под ред. Д. А. Леонтьева // Современная психология мотивации. - М.: Смысл, 2002. - С. 103-121.

5 Бревнова Ю.А. Компьютерные игры в современной субкультуре детства (социокультурные аспект): автореф. дис. на соиск. учен. степ. к.к.н.: 24.00.01/Бревнова Юлия Александровна. - Москва, 2012. - 23 с.

6 Днепров С.А. Педагогические возможности виртуального пространства компьютерной игры / С.А. Днепров, А.Л. Каткова // Педагогическое образование в России. – 2009. - № 3. – С. 16-24.

7 Ельмикеев О.Р. Педагогические основы применения компьютерных игр в образовательном пространстве: автореф. дис. на соиск. учен. степ. к. п. н.: 13.00.01 / Елькимеев Олег Рудольфович. – Йошкар-Ола, 2004. – 18 с.

8 Программы для создания игр без программирования. http://softobase.com/ru/article/programmy-dlya-sozdaniya-igr-bez-programmirovaniya

9 Шекербекова Ш.Т., Тілеубергенов М.А. Компьютерлік ойын құрудың жалпы идеясы. Рысқұловтың 125 жылдығына арналған "Педагогикалық білім берудің заманауи трендтері" атты Халық. ғылыми-прак.конф. еңбектері., Тараз.- 2019.- Б.15-18.